

Ерлікмің
мәнгілік алауды



Қожабай ЖАЗЫҚОВ

ЕРЛІКТІҢ
МӘҢГІЛІК АЛАУЫ

“Елорда” баспасы
Астана, 2000

ББК 84 (5 қаз)

Ж 18

**КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛЫП ОТЫР**

**Ж 18 Қ. Жазықов. Ерліктің монголік алауы. - Астана: "Елорда",
2000. - 160 б.**

ISBN 5-7667-6420-0

"Ерліктің монголік алауы" атты бұл кітап - Соғыстың сұрапыл майданына жастық шағын қыған, ессею жылдары ерлік пен орлікке толы, сінбек жолы жоғарғы қызмет орындарымен жалғасқан, қаһармандықтың қайталанбас үлғісі, сл үшін токкен тері еш кестеген Кенес Одағының Батыры - Қожабай Жазықоңтың ерлік және сінбек жолы туралы деректі оңғымслер жинағы.

Кұрастыруышы Балғали Жазықов

**Ж 4702250104
450 (05)-2000 17-2000**

ББК 84 (5 қаз)

ISBN 5-7667-6420-0

© "Елорда", 2000

Жақсының аты олмейді

**Түрікпенбай Айжарықов,
Байғанин ауданының әкімі**

КИЕЛІ ТОПЫРАҚ ПЕРЗЕНТІ

Екі мыңыншы жылдың күзінде ауданымыздың жүртшылығы кешегі алапат соғыстың қаһармандарының бірі, көрі Жем бойынан тұлсп ұшып, туған жерінің даңқын асырган хас батыр Жазықов Қожабайдың туғанына 80 жыл толуын атап өтеді. Басқыншыға қарсы котерілген көп үлтты халықтың арасында қазақ халқының да ұлы жеңіске олшеусіз үлес қосқанын біз зор мактандыш етсеміз. Қанды жорыққа қатысқан майдангерлердің қай-қайсын да жауынгер үрпақ ретіндес ұлықтайтынымыз рас. Ал, солардың ішінде ерекшіс ерлігімен танылып, батыр атағын исленген жүзге жуық қазақтың біреуі біздің жерлесіміз Қожабай Жазықов болуы ауылдастарының ғана емес, аймақтастарының да мәртебесін биіккө котерді.

Оздерінің “тектілігін” әлемге жария етіп, мардамсыған үлт окілдерімен қан майданда бетпе-бет келгенде, ауыздауына қан жалатып жіберген қазақтың қарапайым қара домалак үлдары болғанын олардың оздері дс мойындағанына дәлел жеткілікті. Ата жаумен айқаста біздің қандастарымызды жаппай батырлық пен ерліктің үлгісін көрсуге итермелеген қандай күш...? Егер оған бірден бір ықпал етуші,

кезінде екі создің бірінде айтылып жүрестін кеңестік патриотизм десек онда ерлік дәстүрінің мөнін жете түсінбенгендік, дұрыс бағамдай алмағандық болар еді.

Ол әрі-беріден соң аз санды халықтардың ғасырлар бойғы тарихи құрессі жолына шек қоюдың корінісі болып шыгар еді. Шындығында күні кешеге дейін ерлік дәстүрін әліп айтқандай түсініп жәнс түсіндіріп келгеннімізді несіне жа-сырамыз, қазақ халқының үрпактан үрпакқа жалғасқан ерлік дәстүрі туралы жалпылама әңгімелдей қалғанның озінде тарих қойнауын аралап тым әріге кетуге болады. Ал, келте қайырган жағдайда, жонғар шапқыншылығынан кейінгі үш ғасырға жуық кезеңде халқымыздың сыртқы жауларға қар-сы құрессінің бір сөтке де толастамағанын көрсіміз. Бүкіл саналы омірін сол жаулармен шайқастарда откізген батыр бабаларымызды заманалар коші уақыт откен сайын бізден алыстата түсстіні белгілі, бірақ ерлік істері, халқына сінірген сибектері ешқашан комескі тартпақ смес. Батырлар рухы осы кезге дейін үрпактарының есінде қалай сақталса, бұдан былай да тот баспайтын асылдай жарқырап, халқымызды бірлік пен ынтымаққа шақырып, Темірқазық жүлдізындағ болашаққа жол көрсетіп тұратын болады.

Уақыт астарына үніліп, мән-магынасын бағамдайтын бол-сақ, халқымыздың тарихи жолы тіпті де оп-онай болмаған. Бүгінгे жеткен үрпактың ата-бабалары соқтықлалы, соқпақ-сыз омір откелдерін бастан кешірген. “Мен - қазақпын мың оліп, мың тірілген” - деген ақынның созінде шынғырган шындық жатқанына тарихымыз күә. Өйткені, Қазақстан деп аталатын осынау алып олксіні сан ғасыр бойы мекен стіп келсе жатқан халықтың дүшпаны аз болмаған.

Олар халқымыздың айдарлысын - құл, тұлымдысын – құн ету, байтақ жерін иемдену мақсатында дүркін-дүркін шабуыл жасап, ойран салудан тайынбаган. Соның ең қайғы-

лысы да, қасіреттің дс XVIII ғасырдың бас кезіндегі жонғар шапқыншылығы. Қазақ елінің тарихында “ақ табан шұбырынды, Алқакол сұлама” атанған бұл шабуыл қазақ деген халықтың Жер бстінен жойылып кету қаупін тондіргені белгілі. Алайда, халықтың халықтығы, елдің елдігі осындағы сын сағаттарда танылған гой. Асқар-асқар таулар мен қөлдерді, қазіргі олшеммсін айтқаннның озінде Атыраудан - Алтайға, Қыыр Сібірден - Алатауга дейін ксң косіліп жатқан даланы еркін жайлап, еркес оскен халықтың басқыншы жаудың табанында тапталып қала беруі мүмкін емес еді.

Атадан балаға мирас болған дәстүр халықты болаттай шындал, кескілескен шайқасқа шығарды. Мұндайда елім дсп сінретін срлер тектен-теск жатқан ба? Халықтың озі ту-дырған ардагер үлдары слінің жел жағынан пана бола білді. Сол кездің қол бастаған серкеслері - Қанжығалы Богенбай, Қаракерсій Қабанбай, Шақшақұлы Жәнібек, Тама Ессең сынды батырлары болатын. Бұлар – біздің мысал үшін айтып отырғанымызғана. Әйтпесс, жасакты жауға қарсы шыбын-жаның шүбсреккес түйіп, туған жерінің азат болуы үшін, туған халқының намысына сызат түсірмсө жолында батырлығымен данқы шыққан бабаларымызды Қазақ слінің кез келген онірінен де ондап, жүздел санауға болады.

Ерлік дәстүрі және оның үрпақтан үрпаққа жалғасып келс жатқаны жонінде айтылар сөз дс, шертілер шежіре дс коп. Жоғарыда айтылған жонғар шапқыншылығынан кейін де қазақ слі мамыражай тыныштықта омір сүре алмаған. Қазақ елінің басқа тұсын былай қоя тұрып, осы батыс онірі туралы әңгімс етсек те, бұл созімізге дәлел жеткілікті. Бір жағынан Еділ қалмақтары, скінші жағынан Хиуа хандығы қанды жорықтар жасап, бұл онір халқының да среуіл үстінде күн кешүіне тұра келген. Ал, Ресей патшалығының қазақ жерін жаулап алу мақсатында сл ішіне мысықтабандап сне

бастауына қарсы бағытталған қантогісті шайқастар да аз болмаган.

Ақ наизаның үшімен, ақ білектің күшімен осылайша тағдырдың талай белестерінен откен халықтың бетке үстар алып тұлғаларын ардақ тұтып, олардың есімдерін үрпаққа үлгі-онеге ете алмай келсек, бұл да халқымыздың басына түскен зауалдың бір белгісі.

Кешегі тоталитарлық жүйенін түсінің қазақ халқының азаттық пен тәуелсіздік күресі және сол күрестің басшылары саяси құғын-сүргінге үшырауының озінен-ақ аталған қасиетті үғымдарды халық санасынан аластаудың сынынан откен әдіс – тәсілдерінің бірі екенін ангару қын өмес. Со лай десек те өткенгс оқініш білдіруден пайда жоқ. Оның есесіне жүріп откен жолымыздың жаксысын да, жаманың да сарапқа сала отырып, бүгінгідей сұсемізді көтеріп, інімізді тіктеген шагымызда өркениетті елдер қатарына кош түзсуді ойлануымыз керек. Егеменді ел болып, тоуелсіз мемлекет атануымыз, дүниежүзілік қауымдастық Біріккен Ұлттар Ұйымына толыққанды мүше болуымыз қазақ халқының мөртебесін осіріп, мерейін биіктеткен аса ірі саяси оқигалар. Бұлар іргелі ел болуга ғасырлар бойы құлаш үрып келген қазақ халқының қажырлы күресінің арқасында бізді бүтінде төрткүл дүние біліп, танып отыр.

“Елу жылда ел жана, қырық жылда қазан жана” деген аталы соз бар халқымызда. Қазақ даласындағы қазіргі ұлы озгерістер мен жанғыру процестері елу жылдан едәуір кешігіп келгеннімен, сол халық айтқан өулиелік сөздің айна-қатесіз алдымыздан шыққанына қайран қалмасқа болмайды. Тарихи олшемгс салсақ, қас қагымдай уақыттың ішіндес болып жатқан ұлы озгерістер бізден осыны да бір қапергс алып қоюды талап етеді.

Әкімшіл-әміршіл жүйенің жүргізген саясаты мен идеологиясының әссерінен қазақ халқы тілі мен дінінен, имандылық үрдістерінен, әдст-ғұрпынан жүрдай болуга шақ қалды дес айтылып та, жазылып та жүр. Әрине, бұл пікірде шындық та аз смес. Бірақ қазақ халқы бұл қасиеттердің барлығын ауылда сақтай да білген екен. Қазір қазақ елінің қай түкпірінс барсан да халқымыздың слідік, ерлік дәстүрлөрі, әдст-ғұрыптары, үлттық онсері, имандылық иірімдері жаңа қырынан корініс береді. Демек, халықтың асыл қазыналары жойылып кетпеген, олар бүгінгі жөне болашақ үрпактар үшін уақытын күтіп жатқан дес ойлауға толық негіз бар.

Осылардың ішінде біздің әңгімемізге арқау болып отырғаны ерлік тақырыбы. Біз болашақ жастардің дейміз. Сонда олар не нәрсеге иелік етеді? Әрине, елге, туган жерге ислік етеді, ата-бабадан қалған мұраны қадірлеп, қастерлеп білүмен бірге соларды корғай да білуі керек. Бұл ретте олардың ойында слғс, жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық рух болуы тиіс. Бұл ізгі қасиеттерді жастарға дарыту кең колемді, үздіксіз жүргізілетін тәрбис жұмысының жемісі болмақ.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей бастамасымен 1999 жыл “Үрпактар бірлігі мен сабактастығы жылы” дес атавы тегіннен тегін смес.

Мұның озі - қазіргі жастарымыздың откенді аса қадірләй, бүгінгі аға үрпактың өнегелі ісінен сабак алып, келешекке кемелденс беруін қамтамасыз етуді жете ойластырган ерекше маңызы зор бастама. Қастерлі ерлік дәстүрін бүгінгі үрпаққа жалғастыруши буынның белді окілдерінің бірі - Кожабай Жазықов. Ал, оның ел басына ауыр сын түскен кезінде қарулас достарымен бірге майдан даласында срлік

істерімен танылуы тіпті де тегіннен-тегін смес екен. Бабалардан қалған шежіре деректерінс жүгінсек, Қожексенің тікслей ата-тегінс де ұрандап жауға шапқан талай батырлар болған.

Откен-кеткенді, он-солын танып білуге күмар талапты ұланның өзі туып оскен киелі жердін топырағынан жаратылған әкелі-бабалы Барак-Асау-Дәуіт батырларды, Сәнкібай, Балуанияз батырлар мен Ер Қарымысты білсес керсек. Бұл батырлардың тұлпарларының тұяғы Жем-Сагызың онірін дес дүбірлеткен шығар-ау. Кешегі Сырым батыр, Исадай мен Махамбет бастаған халық котерілістерінің тарихын Қожексенің жаттап оскені созсіз. Сондықтан да фашистік басқыншыларымен болған соғыстан Қожабай Жазықовтың Батыр атағымен оралуы бабалардың срлік дәстүрінің жалғасы іспетті.

Ұлы Отан соғысынан Батыр атағымен оралған ол ұзақ жыл мектепте үстаздық стті.

Ал, Қожексенің Батыр атағына қалай ие болғаны өзі оқытқан шәкірттерінің қызығушылығын тудыру оте-моте заньды. Бала конілді, әссршіл, корсем, білсем, болсам деген қиял жеткіншекті қияға жестелійді. Омырауында жұлдызы жарқыраған Батыр үстаз алдында тұрганда, окушының бірі болмаса бірі: “Ағай, Батырлық атақты қалай алдыңыз?” – дес сұрай қалуының сшқандай әбестігі жок. Осындай жағдай-дың біріндес Қожексен тәбірсес отырып майданда бастан кешкен жәйттерді баяндал бергенескен. Эрине, өзі тікслей қатысан оқиғаларды әнгімелесу тыңдаушыға әсерсіз болмайды және тарихшы үстаздың сөзі шәкірт ойын баурап алатыны созсіз. Дегенмен, әнгіменің аты әнгімс гой. Енді ресми құжаттарда бұл жөніндес қандай деректер бар екен, соған келелік. Алдымызды Қожабай Жазықов қызмет сткен өскери болім басшыларының оны сң жоғарғы үкімет наградасына ұсынған парапашысы жатыр. Онда ықшам айтқанда, былай деслінген:

1942 жылғы 4-ші шілдесден 1943 жылғы 10-шы қазанға дейін Онтүстік-Батыс Майдан сапында, ал 1944 жылдың басынан 2-ші Украина Майданы құрамында соғысқан. Осы уақыттар аралығында торт рет жараланған, оның біреуі ауыр жарақат.

Сондай-ақ, екі Қызыл Жүлдэз, бір рет III дәрежелі “Данк” орденімен, “Ерлігі үшін” медалімен наградталған. Ал, оның жеке жауынгерлік ерлік істері турасында қысқаша томендеғідей көлтірілген: 1943 жылғы 21 қантарда 40-шы Армия Соғыс Советінің бүйірги бойынша Қ.Жазықов басқарған барлаушылар взводы Старый Оскол ауданында жаутылына 40 шақырымдай еніп, темір жол копірлері мен Набокино разъезін талқандауга тапсырма алды. Осы операцияны жүзеге асыру кезінде Қожабай озомірінс төңгін қауіпке қарамастан, белгіленген обьектілердің күлін кокке үшіруды қамтамасыз еткен. Жаңбырша жауған пулемет оғының астында батылдық корсостіп, каруластарын жеке срлігімен жігелдендіріп, сонынан ерте білген. Тапсырманың табысты орындалуы нәтижесінде Старый Оскол мән Воронеж арасында жау күштерінің қарым-қатынасы үзілді.

1943 жылғы бесінші ақпанда Горшечнос ауданында қоршауға алынған жау тобы тұтас колонна болып жол бойымен солтүстіккес қарай жылыстап бара жатты. Жолды қорғау үшін жау Волчье станциясына екі жүздей солдатын қалдырды. Сол түні Қожабайдың жауынгерлері станцияга тосынан шабуыл жасап, жаудың жүзге жуық солдатын тұтқынга алып, қалғандарын жойып жіберді.

1943 жылғы 26-шы қыркүйекте Днепропетровск қаласының онтүстігіндегі Вовначи ауданы түсынан негізгі күштің Днепрден отуін қамтамасыз сту үшін озеннің оң жағасынан плацдарм тартып алу жонінде тапсырма алған Қ.Жазықовтың барлаушылар тобы Басмачка ауданында жау тылына

терсіндең өтіп, оның қорғаныс күшін, жаңа армияның келетін жолын анықтап, бұл жонінде командованисге дер кезінде нақты мәлімет берді.

1944 жылғы 28 тамызда скінші Украина майданы өскерлері Яссы қаласы маңындағы жау тобын талқандайға кіріскең кездес, Қожабай Жазықовтың барлаушылар тобы жаудың алпысқа жуық адамын тұтқындал, олардан жау тобының күші мен ойластырган мақсаты жонінде құнды мәлімет алды.

1944 жылғы желтоқсан айының 25-інс қараған түндес Қ.Жазықов басшылық еткен барлаушылар партиясы (разведболімі) сіні 1200 мстрлік Дунай озенін жүзіп отіп, жаудың қорғаныс шебінс жестеді. Сойтіп, жаудың жаяу өскер взводының ту сыртынан шабуыл жасайды. Тұтқылда қысқа шайқастан соң жаудың 6 солдаты взвод командирімен бірге тұтқынга алынады. Тұтқындардан жауап алу кезінде Будапешттің солтүстік жағына Дунай озенінің Сантендрой-сигет аралын дүшпанның жан сала қорғап тұрганы, осы арал арқылы қарсы жақ Будапешт маңында қоршауга алынған жау тобымен байланыс жасап отырганы анықталды.

Келесі күні түндес Қ.Жазықов тобы Дунайды тағы да жүзіп отіп, аралға жестеді, бұл сапарда вснгрлер ротасына тосыннан шабуыл жасайды. Осы шайқаста да барлаушылар коп адамның козін жойып, жетпістен астам жау солдатын, аға лейтенант дәрежесіндегі рота командирін және үш офицерін тұтқындалап келеді.

Мінс, біздін Батыр ағамыз Қожабай Жазықовтың жәнс ол басқарған шағын өскери топтың жаумен шайқаста атқарған срлік істерінің басты-бастысы осылайша баяндалған.

Наградаға ұсынған парақшаның соңғы жағында: “За героические подвиги тов. Жазыков достоин высшей правительственної награды – Героя Советского Союза” дсп жазылған. Бұл ұсыныс 1944-ші жылғы 31-ші желтоқсанда дайындалған. Оған Богдан Хмельницкий орденді, Қызыл тулы 25 гвардиялық атқыштар дивизиясының барлау бастығы гвардия майоры Дроваль қол қойған. Оны осы дивизиясының командирі гвардия полковникі Переманов пен саяси болімінің бастығы гвардия полковникі Павлов 1945-ші жылғы екінші қаңтарда бесіктен. Содан кейін құжат сол жылғы 19-шы қаңтарда отызыншы атқыштар Станиславский корпусының командирі генерал-майор Лысконың қолынан еткен. Қорытындыны жетінші гвардиялық армияның өскери Кеңесі жасаған. Армия Командашысы гвардия генерал-полковникі Совет Одағының Батыры Шумилов және Әскери Кеңес мүшсі гвардия генерал-майоры Мухин 1945-ші жылғы алтыншы акпандада қол қойған. Осы сатылардың бәрінен өту барысында құжатқа “Совст Одағының Батыры атағын беруге лайыкты” деген тұжырым жасалған. Сонымен, 1945-ші жылғы 23-ші сәуірде СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен Қожабай Жазыковқа Совет Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин орденімен “Алтын Жұлдыз” медалі қоса тапсырылады.

Әскери болімінің штаб бастығы П.Штаненконың госпитальдагы майдандас досы, Совет Одағының Батыры Қожабай Жазыковқа жазған хаты.

1945 жыл 3 мамыр

*Саламат па, қымбатты да сүйікті досым Коля!**

Әринс, сен білмейсің, бірақ мен ротага қайтып оралып, оз міндстімді атқарып жүрмін. О, достарым мені қалай қарсы алды дейсің гой, мен озімді үйгес келгендей сезіндім. Бірақ сенің болмаганың қыын болды Коля! Егер сен болсан, уақытты қалай жақсы өткізген болар едік, бұл жерде бәрі де бар екенін озің білесің гой. Бізде үлкен бақытсызың болды. Логовицин, Дронин, Загидуллин сияқты жақсы достар және жаңадан келгендердің үшсүі қаза болды.

Жігіттерге жаным ашиды...

Иә, Коля алда не күтіп тұрганы белгісіз. Сен, әрине соғысып болдың, үйге барасың. Мен сенен жақсы дос ретіндес сұрайтыным, біздікіңс сок, ол сені туган бауырындағ қарсы алады, адресі: Омск облысы, Горкий ауданы, Рошине деревнясы. Ағамның аты Федя. Коля, сенен шынымен сұраймын, мүмкіндік болса соғып, мен жоніндес айтарсың. Сені бір айға дейін жібермейді. Менің ағам үшін ол үлкен бақыт.

Коля, саған Совет Одағының Батыры деген құрметті атақ берілуімен құттықтаймын. Бұл біздің болімшес үшін, өсірессе мен үшін үлкен қуаныш. Досым Коля – Совет Одағының Батыры Руновтың** госпитальдің бастығының атына жіберген құттықтауын айтып қояйын саған.

Коля, сен “Данктың” кошірмесін сұрайсың, сен бүйірықтың номірін білесің, сондықтан оны аласың, сондай бүйірық бар. Бірақ мен әлі де толығырақ білермін. Жарайды, қымбатты Коля, хатты қысқа жазғаным үшін гафу ет. Асығып отырмын.

Саламат бол, Отанга қайтып орал.

Құрметтеп сепің досың П.Штапенко.

*Кожабайды оның жауынгер достары орынша осылай атаган.

** Совет Одағының Батыры Қожабай Жазықов болған болімнің командирі.

Бұл хат академик М.К.Қозыбаев жетекші редакторы болған “Сөлем саған майданнан, Қазақстан” атты хаттар жинағының 394-ші бетіндес жарияланған. (Алматы, “Қазақстан” баспасы 1975 ж.).

Бұл кезде Қожекен соғыста алған көзекті жарақатын сімдестіп, госпитальда жатқан болатын. Оның жоғары атаққа ие болғандығы жоніндегі хабар Қожекен қызмет ететін әскери болімге мөлім болады. Бұл хабарды қарулас достары зор қуанышпен қарсы алған. Жақын достарының бірі, әскери болімінің штаб бастығы П.Штаненко қуаныш үстінде 1945-ші жылғы 3-ші мамырда хат жазып, Қожекенді батыр атағына ие болуымен құттықтаған. Ол озінің хатында әскери болім командирі Совет Одағының Батыры Рунов госпиталь бастығына жедел хат жіберіп Қожекенді батыр атағымен құттықтауды отінген.

Қожабай Жазықовтың үш жарым жылға созылған жорық жолында Отан алдында сінірген сіңбегі, срлік істері осылайша бағаланды. Біз сұрапыл соғысты коргеніміз жок, бірақ оның зардаптарын сезініп оскен үрпақтың окіліміз. Демек, майдангердің үрыс даласында қалай соғысқаны, жан алып, жан беріскең шайқастарда кімнің срлік жасағаны жонінде соғ қозғау бізге жон болмас. Сондықтан соғысқа қатысқан ардагерлердің жазған естеліктерінде келтірілген деректер біраз жайдан хабардар стеді гой деген сенімдеміз. Сол сияқты Қожекенің елге оралғаннан кейінгі жылдардағы атқарған сан салалы қызметтері де жеткілікті баяндалған.

Осы орайда батыр ағаның омір жолына қатысты мына бір деректерді айта кетсек, артықтық етпес. Бұл кісінің қызметі ұдайы халық агарту, мәдениет, әлеуметтік салалармен тікелей байланысты болған гой. Ол өзінің бар күшжігерін, білімін, омірлік бай тәжірибесін осы салаларды барынша дамытуға арнаған. Аудан онірінде болып жатқан иғі

озгерістер мен қол жеткін табыстар оны үлкен ризашылық сөзімге болейтін. Мерекелік салтанаттарда, жиындарда жақсы істерді жан-жақты паш стіп, толғана әңгімелестітін. Облыс бойынша откен беделді дс келелі бір мәжілісте Кожекенең бүгінгі ауыл интеллигенциясы жоніндс сөз сойлеуге тұра келген.

Батырдың жеке іс қағаздарының арасында сақталған сол созін оқығанымызда, ол ауданымыздың мәдени жағынан есу сатысына сонау 1925-ші жылы Жарқамыста алғашқы бастауыш мектеп ашылғанынан бері қарай қысқаша шолу жасаған екен. Алпыс жылдай уақыт ішіндс аудан колемінде отыздан астам бастауыш, орталу жәнс орта мектеп, әрбір елді мекенде клуб, кітапхана, ауто клубтар, ондаған медициналық мекемелер дүниесеге келгенін мақтана соз етеді. Әсіресе, ауыл интеллигенциясының шарықтап өскенін ерекше толғаныспен баяндайды: - Ауданымыздагы зиялы қауым оқілдері, - дейді ол, - жоғары білімділерінің саны жонінен облыс бойынша Ақтобе қаласынан кейінгі екінші орынды алады, - деп зор қуанышпен мәлімдейді. Одан өрі Жем-Сағызың оңірінің кислі топырағынан жаратылған, тұган жерінің атағын алысқа танытып, абыроійын аспандатқан жерлестерімізді атайды. Олар гылым саласында: С.Бейішев, Б.Былисев, Н.Күзембаев, К.Бақытов, Н.Копсов, И.Төжімұратов, А.Жалғасов, Ә.Нұрлыбасев, Ж.Амантаев, Б.Қауанов, К.Дүйссенов, ақын-жазушылар – Ж.Тәжснов, Б.Тәжібасев, С.Жиенбасев, М.Айымбетов, О.Нұргалиев, Т.Жармаганбетов, Е.Дүйсенбасев, С.Баймөддин, К.Мұханбет-қалисев, т.б.

Осындағанда кен пейілді парасатты азаматты козіміз коріп, жанамалай болса да, біраз жыл қатар қызмет сткснімізді озімізғе біз дс биік мәртебес санаймыз. Алғашқыда батыр ағамызды біз сырттай таныдық, орта бойлы десмбелше қызыл шырайлы кісі екен. Оның озгеден бір ерекшелігі – жасы

Қырыққа жетсөр-жетпес шағының озінде шашы аппақ екен. Тіпті бір тал да Қара шаш жоқ дсп айтуға болады. “Қыпқызыл орттің ішінде жүрміз” дсп Қасым ақын айтқандай, бұл кісі қаншама рет оқ пен оттың ортасына түсіп шықты скен. Соның бәрінде шыбын жан шүбсекке түюлі жүрді ғой. Орыс пен украинның шексіз-шетсіз даласымен, ит түмсығы отпестей орманымен, тау-тасымен, аяқ алып жүргісіз батпағымс қаншама жорық жолын артқа тастамады дейсіз. Соның ішінде оралмастай сапарға шығатын барлаушылар жорығы басқаларға қараганда әлденеше есс үзақ болары созсіз. Байқап отырсақ, бұл ағамыз 1943-ші жылғы қыркүйектің аяғында Днепр озенінен бір рет, 1944-ші жылғы желтоқсан айында скі рет орі-бері жүзіп откен. Осының, озі-ақ жанкешті сапар ғой. Ал, торт рет жаракаттанғанда төгілген қаны қаншама? Олай болса Қожекенің қылышылдаған қырық жасында-ақ шашының борға малғандай ағарып кетуі таң қаларлық құбылыс емес.

Біз әнгімеміздің басында халқымыздың ерлік дәстүрі және оның үрпақтан үрпаққа жалғасып келс жатқаны жонінде соз сткен едік. Сол дәстүрді бүгінгес жеткізген Қожекенің батырлық өнегсі кслешск ұландардың да намысын шын-дап, оларды әлі талай срлік істерге жігерлендіріп отыратын болады.

ЕРЛІК ЖОЛЫ

(Деректі повесть)

**Мұхтар Құрманалин,
жазушы**

...Сонғы сабактан шыққан Қожабай кабинетінс қсліп класс журналын столдын суырмасына салды да, аз-кем тыныстырын деп терсzenің жақтауына сүйенгсін күйі, сыртқа коз жіберді. Ак қырау өшекілелеген өйнектің алақандай ашық жерінен әлгіндс тараپ, үйді-үйінс кестіп бара жатқан кішкентай шәкірттері корінді. Кобісі сырт киімдерінің жағасын котеріп алған. Қайсы бірінің қолтыққа қысқан аз гана кітабы ырыққа конбей, бытырап, сусып, сәл оқыс кимылдың озінен жергес шашылып түсетіндей. Таңертсң үйлерінен құрауыз шығып, қарындары ашты ма, әлде қантардың қақаған аязы отіп бара ма, ауық-ауық томпандаپ жүпіріп алады.

Балалар мектептен бірте-бірте алыстап, үзаган сайын үстаздың жаны жабырқап, конілі құлази бастанды. Озін осы болмеде смес, жапанда жалғыз қалғандай сезінді. Жүргесінің бір нәзік тамыры солқылдап, сыздағандай болды. Ол қалай қиналмасын, майданнан келіп жатқан жайсыз хабарлардан жүдеу жүрестін көздеріндес жанына жалғыз жұбаныш, алданыш осылар еді, балалармен бірге болған торт-бесс сағатта ауыр ойдан арылышп, бойы женілдеп, сергіп қалатын. Енді міне, сол шәкірттері ақырын-акырын алыстап барады. Қожабай озінс бауыр басып қалған балғындарды қимай, терезе алдында біраз тұрды.

Бүгін сонғы сабак ән-күй еді. Қожабай оны тәрбие сағаты ретіндес откізгісі келді. “Казір ән шырқап шалқытын кез бе, соған кімнің зауқы бар дейсің. Ол жәй коніл дедбеу болып шығады гой. Адам озін-өзі зорлап ән салғаннан қандай ләzzат алмақ. Одан да окушылармен әнгімелессейін, пікірлессейін, алыс сапарға аттанғалы тұрмын, әрі бұл бір жағынан коштасу сәті болсын” деп түйген ол.

Бірақ тәрбие сағаты ойлағандай болмады. Окушылармен өзара әнгіме жеке сұрактарға қысқа жауап қайырудан әрі

орбімей қойды. Бір томага түйіктық бар. Бұрын кезекті бір күн демалысты асыға қутіп, оған тезірек жеткендеріне мәз бол қалатын балалар бүгін оқу жылышынң бірінші жартысы аяқталып, қысқы каникулға шыққанмен, көңілсіз тарады. Жаңа жылды қалай қарсы алып, каникул күндерін қалай өткізетіндері жайлы жарытымды ештеңе айтпады. Бәрі де салмақты, сабырлы қалыпқа кошкен, өншійндегі ойнақы мінез, асау албырттықтың бірі жок. Ертерек есейіп, ер жестіп қалған төрізді. Томен қарап тұрып: “Ағай, сау болыныз” деп коштасты да, біртінде шығып жүре берді.

Қожабай сұнғы бала үйінің ауласына енгенше терезе алдынан кетпей, қарап тұрды. Шәкірттерін сырттай қадағалап, түгел үзатып салды. Бұл оның күнделігі әдеті. Бүгін де сол дағдысынан жаңылмады. Сабак біткен соң оқушылардың бәрі де үйлесін жеткенін козімен көрмесе, бір нәрсесі үміт қалғандай, конілі коншімсайді. Күні бойы алаң болып жүргені. Кейде, бұра тартып кетті-ау деп күмәнданған баланың үйіне срінбей-жалақпай барып, көзімен көріп, скі есеп-бір есеп, оның жай-жагдайын біліп қайтатыны да бар.

Ой құшағында тұрған Қожабай: “Иә, алты айдан бері жүрттың апшысын қуырған мына сұрапыл соғыстың ауыртпалығы үлкендер түгіл балалардың да жаңына бата бастаған гой. Елдегі ауыр тұрмыс, бастан асып жатқан жұмыс оз алдына, бұлар қан майданда оқ пен оттың ортасында жүрген өкслері мен агаларын ойлад, солардың амандығын тілеп, іштей күйзелмейді дейсің бе? Балдан тәтті қайран балалық шақ-ай, шырқын бұзылды-ау” деп ауыр күрсінді.

Айнала тұтасқан ак қар. Сыртта бейсауат жүрген ешкім корінбейді. Ауық-ауық ішін тартып соққан ызғарлы жел жаяу борасынмен балалардың ізін жедел жасырып жатыр. Бірен-сарап үйдің муржасынан баяу көтерілген тұтін болмаса, аядай ауылда тіршілік белгісі бар дерлік басқа ештеңе бай-

калмайды. Іргесін қар басқан, кейбірінің сырты сыланбаған, аласа, жатаган үйлер, қытымыр қыс қаһарынан қаймық-қандай, бұрынғыдан бетер бұға тұскен. Бірін-бірі ықтасын-дап, бой тасалап тұрған тәрізді.

Үйіне жақындаій берген Қожабай құзде тұсірген аз ғана отын қыс ортасы аумай-ак бітуге айналғанын байқады. Колхоз председателінен көлік сұрап алып ертең отын қамдастыру көрек екен деп ойлады ол. Бірінен бірі асып, тогліп, күм шекердей шашылған сусыма қар жал-жал бол ссікке жақындаپ қалыпты. Саз балшықтан соғылған үйдің жоғары кенересінде қылтиып корінгендік бір тал қамыс, жел екпінімен ызындалап, бсу-беу күйге басып тұр.

- Қожажан-ау, мұнша неге кешіктің, - деді кіре беріс бөлmede күйбенде жүрген анасы Алтын сырттан келген баласының жүзінс бағдарлап қарап, - бір аққұман шай демдеп қойғаным қашан, сұып кетпей тұрып қанып іш, қалкам, бойың жылынын. Таңертен жұмысына ылғи оразанды ашпай кетесін, жүргін сазған шығар... Мектептерің дс салқын болар. Суық бөлмеде қалай отырасындар? Бөрінен де анау қүйттақандай балаларға обал-ау.

- Жалғыз отын емес, жетпейтін нәрсе коп қой, апа, - деді Қожабай сырт киімін шешіп жатып, - басқа тұскен соң қыыншылыққа тозу көрсек. Қыстан бірденсө ғып лаждал шығады да, мектеп суық екен деп, балалардың оқуын тоқтатуға болмайды гой.

Қожабай сұтсіз қара шайды жарытып ішे алмады. Бәйсек боп қалбалактаған ана сәлден кейін: “Басымның сақинасы үстады ма, ертеден бері жүргім лоблып, козімнің түбі сұрып ауырып отыр. Мандайым жіпсір ме екен, аз ғана жантаяйын” деп, жамбасына шагын құрақ корпс төсеп, тас бүркеніп жатып қалды.

Кеше осы Аманкелді атындағы колхозда біраз адамға аудандық өскери комиссариаттан шақыру қағаз келген-ді. Солардың бірі бастауыш мектеп мұғалімі Қожабай Жазыков. Онда 1942 жылдың 4 январында киім-кешсігізбен, азық-түлігінізбен Жарқамыс поссекісіндес болуының керек деп жазыпты. Ел басына хауіп-қатер төнген, алты айдан бері Отан үшін ауыр арпалыс - қанды шайқас болып жатқан шакта бірсек болмаса біреу “осы не бітіріп жүр” деп айта ма деп қірсерге тессік таппай жүрген Қожабай қолына шақыру қағаз тиген сон ауыл азаматтарымен бірге майданға аттанаңына іштей конілденіп қалды. Бірақ бұл туралы анасына сілтенсә айтпады. Онсыз да жұмыс басты болып қажып жүр, енді менің түп-тура соғысқа баратынымды білсе, сары уайымға салынып, жүдеп кетсер. Сабыр ете тұрайын, бірсер күн болса да коз жасын төкпесін, күйзелмесін деген. Алтынның пеш түбінде қаннен-қаперсіз жатқаны сондықтан еді.

Қожабай алдындағы шыны-аяқтарды жинастырып, орнынан тұрды. Бұрылып анасына қарады. Басына қөнетоз жамылғы бүркенген күйі тізессін бауырына алып, бүйігып жатыр. Қенст жігіттің тұла бойын тосын бір сезім толқыны шарпып өтті. Бейкүнә анасын аяп кетті ол. Отірік айтқан баладай құystанып, өз-озінен қысылды: “Аптырай, ақ жолға аттанайын деп тұрганда мұным қалай? Мен айтпағанмен бәрібір сртсөн көрші-көлемнен естімей ме? Сонда “Қалқамау, менен жасырганда шынынды кімге айтпақсың?” десе не дсімін. Мұным әнтектік екен. Әскерге алынатынымды тұрган бойда анама айтайын. Аз күн болса да жалғызын аймалап, мауқын бассын. Қийін окініші естен кетпес... Бұл соғыс кімгс оңай соғып түр дейсің. Баршага бұлік болып тиді ғой. Жүдеп-жадап жүріп жүрт қатарлы күнін көреді де”.

Кожабай кешеден бері бұксер қобылжыған екен. Әлгінде өзінің қан майданға аттанғалы түрганын айтып еді, Алтын кейбір көңілі бос әйелдер құсап бас салып солқылдаپ жылаған жоқ. Қайта осы хабарды коптсан күткендей, риза болған қалып байқатты. Баласы анасының осынау киын-қыстау кезде іштей ширығып алған шымырлығына, табандылығына қайран қалды.

- Құлыным, сен менің мандайдағы жалғызыым, иіскейтін жалбызыым смес пе едің, - деді Алтын баласына тұра қарап, - әкең ерте дүние салып, жас келіншектің күнімнен жессір қалғанда бір сені бауырыма басып, алданыш еттім. Өсірдім, оқыттым, қатарыннан кем қылғаным жоқ. Енді міне жігіт болдың, халқындың қажетіне жарайтын жасқа жеттің. “Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер, ср басына күн туса, стігімнен су кешсер” деген, кару асынып ел қоргауга баратын болсан, ақ батамды беріп аттандырып саламын. Жортқанда жолын болсын. Тағдырдың мандайыңа жазғанын корерсің. Ауылда бала-шағаның арасында шоқыып жалғыз қалғанша, қатарынмен бірге қан майданда азаматтық борышынды отегенің абзал. Құдайға шүкір, тұғырдан тайып, үлкендейкке мойын ұсынып отырганым жоқ. Ауылдағы біз бірденең ғып амалдаймыз, өзіңің амандығынды тіле, қарғам.

Кожабай анасын бүгін коргендей құшақтап, балаша еркеледі.

- Әскерге жүретінімді бірдсн айтуға батылым бармай, кешеден бері жүрексініп едім. “Жылауық кемпір” атана ма десем, қара нардай қайыспайтын берік екенсін ғой. Озіңе тартқан болсам, мен де намысты қолдан бермеспін. Ақ сүтінді ақтайтын кез келді, апа...

Ол осылай деп, анасының тізесіне басын сүйеп жатып алды. Бұл оның бала кезінен қалыптасқан дағдысы. Анасының ыстық ықыласы мен мол мейірімін ансап, рақатқа бат-

қысы келгенде, осылай басын алдына беріп, мандайынан сипатады. Алтынның қара жұмыста қажалып, мүйізденген алақаны бұған мап-майда сезіліп, бейне бесікке боленгендей, бойы балбырап үйықтап кетеді. Сол дағдысымен ол анасының алдында аунап-кунап, он мен түстің арасындағы бір бей-жай күйдс біраз жатты.

Отбасының үсак-түйек шаруасымен Қожабай арада екі күннің қалай өткенін байқамай қалды. Күн жылынып, жер кепкеншс ылаждай тұратын шамалы отын түсірді. Үйдің айналасын күрсп, қарын кейін ысырып таstadtы. Қора-қопсыны тазартты. Педучилишеде оқығаннан бері жинастырган кітаптарын қорапқа салып, буып таstadtы. Конілі жақын жолдастарының адрестерін алақандай қағазга түртіп алды.

Жұмыстан шаршап кслгенмс Алтынның да тындырган ісі аз емес. Ол баласының киім-кешегін жамап, кір-қонын жуды. Жолға жетерлік азық өзірледі. “Ертеде аталарымыз жорыққа аттанарда құрбандыққа мал шалады екен, “бастан құлақ садақа” деген ырымдары гой. Қожажаным ауылға аман өралар ме екен, жеті құлше садақа үлестірейінші, наннан үлкен не бар” деп, коршілерінс ыстық құлше таратып, ауыз тигендердің “қабыл болсынын” естіп қайтты.

Жалғыз бұл үй емес, батыр атындағы азғантай ауыл түгелabyr-sabyr. Бірсудің әкесі, бірсудің баласы, біреудің балдызы дегендей, әйтеур аяулы азаматын әскерге жонелтпейтін шанырақ аз. Бәрі де қымбатты адамын қатерлі жолға қимай, жылап-сықтап, соның көнілін аулап, қасынан шықлады. Әсіресе кемпір-шал жағы “жалғызымды жебей ғөр” деп жаратқанға жалбарынудан жалығар емес.

- Ағаңа айт, үлкен үйден дәм татып кетсін, бұл киелі босага...

- Жамандарға үқсап жалғыз өзі не ғып отыр, шақыр мында, қатар-құрбысымен ойнап-күліп көніл котерсін...

- Барғасын бір болімге сұранындар, бір-біріңс бас-коз болып жүрулеріңс жақсы...

- Карагым, хатты жи салып түр, амандығынды біліп отырайық. Мына жаман шешен уайымшыл, козінен жас кетпес...

- Көмәндіріннің тілін алсан, қор болмайсын...

Кай үйге барсан да еститінің осы создер. Бұрын батырлар жырын тан атқанша тыңдал, талай рст құлақ құрышын қандырганы болмаса, соғыс жайлы мағлұматы аз, оны қанжар мен найзаның тоніргінде топшылайтын дарқан дала адамдарының болашақ майдангерлсрғс айтып жатқан ақыл-кесестері де осы тақылесттес. “Азын-аулак ақшаны үнсемдеп жұмса, қарның ашып қалмасын”, “Жаңа киім берген сон, мына конс киімдерінді елге салып жібер, біз жұмыска кисрміз”, “Үйқын дәудің үйқысындаі қатты еді, тұн катып кірпік ғлмей жүргендеге, аз ғана мызғып алайын деп, бір бұтадың түбіндег қалып қоймасаң неғылсын”, “Бос белбсу болмай, қатарына қара” деп бар білгендерін болашақ солдаттардың құлағына құйып жатыр. Ал олар кім не айтса да, жауап қатпай, үнсіз бастарын изсій береді. Тыңдал түр ма, өлдес ойлары басқа жақта ма, ол белгісіз.

Өскен орта, кара шаныракты қанша қимағанмсн, ауыл-аймақпен көш айтисатын күн де келіп жетті. Әскерге шакырылғандар Жарқамысқа дейінгі ұзак жолда ара-тұра аяқ сүйтар колік болсын деп, азық-тұлікті бірнеше түйесе боліп тенденс, сәрсенбінің сәтінен батысқа бағыт алды. Жерлестерін аттандарып салуга ауылдың қаусаған қартынан қаршадай баласына дейін шықты. Бәрі де етектерін басып ентігіп жүр. Асығыстықтан женіл-желлі киіне салған бірер әйсл, қантардың қақаған аязын елсің қылмай, окпелсерін қолына алып, керуендей шұбалған топтың сонынан жедел басып барады. Бейне қыз үзатқандай шеру тартқан осынау копшілік ауыл жанындағы төбенің басына жетіп тоқтады.

Биігіне шықсаң айнала атшаптырым жер корінетін, тоңірсі теп-тегіс бұл тәбес колхоздың табиғат “сыйға тартқан” ипподромы. Әрине, қаладағыдай қайдан болсын. Құралжабдық атаулыдан бары: үшар басында қызыл жалау желбірекен жалғыз діңгек. Дегенмен қандай жарысқа болса да жарап жатыр. Жылда мамыр айының аяқ шенінде, малшылар қыскы қоныстан кең жайлауга кошіп шыққан кезде, сінбекші қауым осы тобенің басына жиналып, “Төл тойын” откізді. Конілді коктем, жасыл жайлау мерекесі ретінде тойланатын бұл салтанат үстіндес мал төлдеду науқанының корытындысын жариялад, колхоздың майдай алды малшыларының есімдері аталады. Оларға мактау қағаз, бағалы сыйлықтар беріледі. Жұрт бәйгеге ат қосып, жорға жарыстырады, кокпар тартады. Түрлі ойындарды тамашалайды. Сойтіп, бой жазып, коніл котеріп, бір жасап қалады.

- Уа, халайық, жау жағаға жармасып, ортамызға ойран салып жатқанда, ер азамат үйінде шыдалп отыра алар ма? Ол бесс қаруын асынып, асыға атқа қонып, Отан үшін отқа түспей мс, халқы үшін қан токпей ме?! Қасиетті жерімізді жаудан қорғау баршамыздың борышымыз емес пе?! Олай болса әр үйден азаматтық жолға аттанғалы тұрганда, жас төгіп жаман ырым бастамандар. Бұларың алдымен жігіттердің жанына батады, соларғы ауыр соғады. Рас, “ат жауырға шыдамайды, адам бауырға шыдамайды”. Дегенмен ет-бауырымыз елжірсп, күр егіле бергенмен ештеңе онбайді. Қайта мұндайда тас-түйін боп бекіп, табандылық көрссту керек... Ал енді ардақты азаматтарымызға айтар тілегіміз: жортқанда жолдарың болсын! Қайда жүрссендер де аман болып, ауылға женіспен оралындар! Алдарыңнан ақ күн тусын!...

Председательдің созінсен кейін жұрт қайта дуылдап кетті. Қатар тұрган торт-бесс жігіттің бірі қасындағы жолдасын женінен тартып, оған: “Мұғалімсің ғой, бірдене десенші,

үнсіз қалғанымыз үят болар” деп сыйырлады. Қожабай табан астынан сойле дегенге өуслі жүрексініп, сәл кібіргіктеп қалды. Бірақ ор нәрссін өстін білстін сезімтада жігіт, кім де болса араларынан әйтсуір бірсүй сойлесуі керек скенін тез үғынып, көп күттірмей, копшіліктің ара-арасымен өтіп, председательдің жаңына барды. Сойткеншес бергі жақтан бірсүй: “Біздің атымыздан Қожабай Жазықов сойледі” деп дауыстады.

Бойы аласа болғанмен дауысы котерінкі Қожабай созін “Жолдастар” деп бастап, жұртты жалт қаратты. Ол қазір қантардың аязы қандай қатты болса, халықтың опасыз жауга деген ашу-ызасы да сондай қатулы, қаһарлы скенін, фашистерді арадан біржола аластамай бел шешпейтіндерін айтты. “Біз - деді, - мына тұрган балалардың, ата-ана – сендердің тыныш, бейбіт өмір сүрулерің үшін жан аямай құрессеміз!”. Жұрт қол шапалактады.

“Алдымыз - ұрыс, сиді не тұрыс” деп, өскерге шақырылғандар топтан біртіндеп бөліне бастады. Алтын баласын шетке таман алып шықты да: “Құлыным, жасаған исем жаңыңа жамандық бермессін”, деп бетінсін, майдайынан смірснес сүйді. Қанша берік болғанмен осы сөтте жан-жүйссі босап, жүргег елжіреп, жанарынан ыстық жас ыршып кеткенін озі де байқамай қалды.

* * *

Бұрын ауылда жүргендеге апта түгіл айлар бойы есте қаларлықтай тосын оқиға, жаңалық атаулы болып жарымайтын. Уақыт дегенін акқан судай жылжып, бірқалыпты отс беретін. Қайран ол күндер қаймагы бұзылмаган бейбіт өмір скен-ау. Ал согыстын жоні болек, мұның оз қатал заны барын Қожабай сиді білді. Бүгін сенітаябрьдің торті. Бұлар елден шыққа-

лы аттай сегіз ай. Содан бері бастаң кешкендері, коріп-білгендері талай тұн жырғып айтуга жетерлік. Қыруар қыншылық, сөсөні езген ауыр азап өз алдына, шыбын жанды шүберекке түйгөн қатерлі құндер балаң жігітті от пен суға бірдей салып, аз да болса шыдамдылыққа шыңдал, батылдыққа баулыған торізді.

Солай дегенмен Қожабай қан майданның қақ ортасына өлі жетіп үлгіргені жок, оны шетпұшақтап қана көрді. Уақыттың біразы жолда отті. Ауылдан жаппай аттанып посыға отырган соң кісінің өнменінен отетін аяз азынаған қызыл вагонда тоңып-шаршап он скі күн дегендес Бугуруслан қаласына жетті. Мұнда мұғалім жігіт 206-шы атқыштар дивизиясының 337-ші атқыштар полкіне, кіші командирлер қурамын әрі пулемстішілер даярлайтын мектебі бар оку-жаттығу батальонына жіберілді. Батальон қаланың оңтүстік-шығыс жағындағы Краснояр селосында екен. Қожабай осында үш ай әскери жаттығудан отті, соғыстың тактикалық тәсілдеріне тосследі, белгे асынған бес қарумен үрыс салуға машиқтанды. Сойтіп ол кіші сержант әрі пулемстіші болып шықты.

Енді түп-тура алғы шепкес апаратын болар деп жүрген. Бірақ бұл кезде үдерес шабуылға шығып, біраз ілгерілген біздің жауынгерлерге жесту үшін екі ай уақыт кетті. Жаздың шылжыған ыстығында сап түзеп жол жүру қандай ауыр. Арқада қапшық, иықта автомат, белде граната, аяқта зілдей бөтсөнкі, таңтеренінен кешкес дейін шеру тартып шанға батқан солдаттар үзақ жолда болдырмағанымен, коп қиналды. Бірақ мұны сшкайсысы елеген жоқ. Алдағы ауыр сынмен салыстырғанда бұл түк те смес еді.

Майдан шебі Воронежге жақын жерде екен. Тылдан келген тың күш 24 июнь күні кішкентай қаланың бойында алғаш үрысқа енді. Күш жинап үлгіре алмай, шарасыздан шегінген жау өлердей ошіккен болу керек, бұларды “музы-

калатып”, “салтанатпен” қарсы алды. Жердсн атқылап, аспаннан бомбылап, жасыл жагалаудың астан-кестенін шыгарды. Осы ойран-ботқаның ортасында Кожабай тоулікке жетпей жарапанып қалды. Үш ай оқып, скі ай жол жүрген сибесіне дұрыс екі күн согыса алмай, “қап, си болмаса нс тірі ,не өлі фашисті коре алмадым-ау” деп опынды ол.

Абырой болғанда жарақаты женил екен. Борисоглебскідегі 393-ші госпитальда екі айдан астам сәмделіп, сауығып шықты. Енді қайда жіберстіні бслгісіз. Актобеден бірге келген азаматтардан ұрысқа алғаш сиғен күні-ақ коз жазып қалды. Ол осылай жалғызырап жүргендес қалада қайта жасақталған полктан әр жаққа адам іріктелді. Госпитальдан шыққандарды, басқа құрамалардан қалып қойғандарды қараган комиссия кезек Кожабайға келгенде: “Мамандығы мүғалім... жаттығу батальонынан откен... бойы аласа болғанмын козіндес үшкүн бар, шымыр жігіт болуга тиіс, барлаушылар ротасына барсын” деп шешті. Ол 25-ші дербес барлаушылар ротасына жіберілді. Сойтіп Кожабай бір күнде барлаушы болыша келді.

Енді ойлап отырса, осы сегіз айдың ішіндес ол кіші командирлікке оқыған, ұрысқа да сиғен, жарқаттанып та үлгерген. Тағдыр тағы не дайындал қойғанын кім білсін? Не де болса нар тәуекел!

Ротага кеше келген Кожабай әлі ешкімді танымайды. Танысуға уақыт та бола қойған жоқ. Жана киім-кешек алды. Қару-жарагын тазалады, ауылына хат жазды. Әлгіндес рота командири, аға лейтенант Александр Дроваль жаңадан келгендерді жалпы тәртіппен, барлаушы бұлжытпай орындауға тиіс міндеттермен таныстырыды. “Қырагы да батыл, табанды да тапқыр, жаудан айласын асыра білетін адам барлаушы бола алады” деп түйді ол әңгімессін.

Бойдағы қажыр-қайраты, қабілсті ен хауіпті, ен жауапты жағдайда сыналатын кез келгенін Қожабай енді сезді. Жаяу өскерлер сапында коп солдаттың бірі бол үрысқа сну оған жайшылықтағы жаттығу ойындары сияқты жсніл корінді. Каумалаған қатар құрбының қалың ортасында қоян-колтық жүргенгे не жетсін. Шарасыздан шегініп, жазатайым жарақаттана қалсан, олардың бірі болмаса бірі қол үшін беруге әзір. Қан майданда қарулас жолдастарының комегі қандай қажет.

Ал жау ортасына жасырын барып, тірілсій “тіл” әкелетін үрксердей үш-торт барлаушының басқан әрбір қадамы хауіп-қатерге толы десуге болады. Олар жемс-жемгс қелгенде тым құрыса дүшпанмен ашық айқаса да алмайды. Бар айла-амалы таусылып, түйікқа тірелгенде болмаса, басқа жағдайда оқ шығару - озін-озі үстап бергенмен бірдей. Сондықтан да тұтас бір операцияның тағдыры оздеріне байланысты екенін жесте сезінген барлаушылар жауынгерлік тапсырманы қалай да орындауга күш салады. Жасырын майданның осындай жауапкершілігі бар.

Қожабай жігіттерден шеткөріск шығып, ой құшағында оқшаша отырған. Кенет ту сыртынан біреудің аяқ тықыры естілді. Қараса, жасы озімен шамалас, орта бойлы, дембеліше сары жігіт желке тұсына кеп, миығынан күліп тұр.

- Ойынды бөлдім бе, ғафу ет, достым... Тұтіндете отырайық, кәнс, темскінді әкел, - деді ол жанына жайғасып. Қожабай темекі тартпайтын. Бірақ озінс тиесілі темскіні тастамай, қалтасына сала жүрестін. Бірсу-міреу сүрай қалса, бере кояды. Бұл да озінше қызық.

- Темекі тартпауши см, дегенмен қалтама сала жүрестін әдстім бар, - деп Қожабай жігітке маҳоркі ұсынды. – Маган осынау майданның көк тұтіні жетіп жатыр...

- Кок тұтін сштеңс смес, жауган оқтан аман болғанды айт...

- Иә, фашистермен дс, ажалмсн дс қоса айқасуға тура келеді. Екесін бірдсй жсңуіміз керек қой...

Сәл үнсіз қалды да бейтанис жігіт:

- Көне, танысып қоялық, - деп қолын ұсынды. – Сергей Махоркин. Пензальықпрын. Фамилиям солай аталғандықтан ба, темскіні коп шегемін.

- Қожабай Жазықов. Қазақстаннан келдім. - Қожабай өріптесінің күректсій алақанын құшырлана қысты.

- Е-е-е, солай дс... Мұнда жерлессің бар.

Ол осыны айтты да, анадай жердс отырган жігіттердің бірін дауыстап шақырды:

- Василий, бермсн кел! Жерлессіңмсн жұздестірейін!.. Бұл шақыруға бсс-алты барлаушы түгел келді.

- Сүйіншімді кейін берс жатарсың, мына жігіт жерлессің болып шықты. Есімі “Ко-же-бей” немесе Коля, Никола десек те болады, - деді Махоркин Қожабайды бетіндс шешек дагы бар семіз жігітке таныстырып. – Жалғызырап жүр сдін, жақсы болды!

- Достым, бұл жерлессің осал адам смес, - деп сөзді скінші барлаушы іліп өкетті, - барлық азық-түлік, киім-кешектің кілтін қолына мықтап ұстаган старшина Василий Тузовский. Аздала сараптау, әйтпессе жолдастыққа жаман смес...

- Інішек, бұл коксоққандардың өзілі таусылмайды, коп құлақ аспа, мейлі мылжындей берсін, - деді старшина табан астынан қазақша сойлесп. – Конс, қай туғансың?!

- Ақтобе облысынан...

- Мен Петропавлдықпрын. Бәрібір бауырым ексенсін.

Старшина біраздан бері сыр шертісіп, құмардан шығатын қазақ таптай қор боп жүргендей, қазақша еркін косіліп, судай акты. Тіпті, әрі-беріден соң әнгімсні мақалдарап соқты.

Екі жерлестің әңгімессінен ештеңе үқпаган барлаушылар аңтадан.

- Мінс, Қызық, сенің тобсұң тессік екен ғой...
- Енді неміс тілін үйреніп алсаң, ротада тілмаштықты коса атқаратын боласың...
- Осының түбінде бір шикілік бар шығар...

Әріптестері әлгінде “Михаил Кузнецов” деп таныстырылған, оң жақ бетінде мені бар, әдеміш қағылсұжіттің өзілікін екен. Коніл котеру үшін әр әңгімениң басын бір шалып, ара-тұра анекдот айтып, күлдіріп қояды. Ақырында ол:

- Жігітім, конілің ауыр алма, барлауга аттанбастан бұрын алдымен ортамызға жаңа келген жас жауынгерге барлау жасайтын әдетіміз бар, - деп Қожабайдың арқасынан қағып-қағып қойды. – Таныстық, білістік. Бір сыннан сүрінбей оттің. Ал сінді қайрат жағына қалайсың? Мына отырған жігіт Алексей Никонов – ол, кобіне боксшыларда кездесстін жалпақ мұрынды, алпамсадай кок коз барлаушыны нұскады, - озінмен жандай құрдас. Болашақ барлаушыдан “смтихан” алатын балуанымыз осы. Енді сонымен белдессуің қалды. Жығылсан ешбір айыбы жоқ, бұл тек шама байқау...

Қожабай мұны жәй озіл үшін айтқан болар деп мөн бермелеп сді. Жігіттер ксу-кулесп қоятын емес. “Нен кетеді белдесіп кор, күш атасын танымайды”, “Қоян жүрек қорқақ болма”, “фашистермен әлі талай белдессін, осы бастан жаттыға бер” деген сөздер әр түстен сөттіледі. “Никоновы” озінен дсне бітімі әлдеқайда мығым, сңгезердій жігіт. “Қойындар, үят болар” дсудің орнына, кенк-кеңк құледі. Аздап жүрексінгінмен тумысында намысқой Қожабай іштей: “Жығылсан жер көтереді ғой, тәусексл” деп, орнынан тұрды. Барлаушылар скі “балуанды” ортаға алып, донғалснес тұра қалды.

Бірден апшысын қуырып, жас жігіттің козін қорқытпақ болды ма, Никонов әп дегенмен жойқын қимылдады. Қожа-

байды біресе донгелсте үйіріп, біресе сілкілсп, бірссе жерден көтеріп алмақ бол әүрсленді. Бар салмагын салып, снесесін езіп тастамақ та болды. Бірақ оның бұл әрекетінен түк онбасі. Қаршығадай жігіт қаққан қазықтай, қозғалар емес. Ақырында “емтихан” алушы “балуанның” озі ақ сорпасы шығып алқыннып қалды. Қара күшке басым болғанмсн, әдіс-айласы шамалы екен.

- Қожабай, беріспе, беріспе, батырың боллыруға айналды! – деп дауыстады старшина, жерлессін жігерлендіріп.

Бойы аласа болғанмен қорғасын қүйган сақадай салмақты, шымыр Қожабай оңтайлы келген бір сөтте қарсыласын іштен қайыра шалып, жерге алыш үрді. Шаңы бүрк стті. Мұны күтпеген барлаушылар ду ете қалды. Ексуін жалмаған тұргызып, үстерінің шаңын қағып жатыр.

- Қап, өттеген-ай, Алексей бүгін бір котолек борышты кем ішіп еді, содан болды-ау, әйтпесс бұрын жауырыны жерге тиіп көрген емес!

- Бәлі, нансогарым, сені босқа “бордақылап” жүр екснбіз, аяғың аспаннан келді гой!

- Дабырламай, қойындар енді, бір жолға Қожабайдың конактығын ескерген болар!

Никонов белдігін қайта тартып жатып:

- Табаным тайып кетті... - деп гүр стті. Оның бұл акталуы сайқымазақ Михайлға тағы да біраз “азық” болды.

- Бүгін таңертен етігін майлағаны рас, қыза-қыза табанына дейін жақты!

Тағы да ду күлкі, әзілсіз өзіл-қалжың. Адамдарды қаталсын, қиямет киыншылық жақындастырады емес пе, Қожабай жаңа ортада өзімсн жас шамалас жігіттермен осылай тез тіл табысып, мидай араласып кетті.

Дивизия жанындағы барлаушылар ротасына жаңа келген жас жауынгер қашан оз міндетіне төсөлгенше, орныққанша оған жауапты тапсырма жүктелмейді. “Тіл” өкелуге, көпір бұзып, жаудың алдыңғы шепке жақын шоғырланған күшін байқауға шыға қалса, тісқаққан көнігі барлаушыларға комекші ретіндес ғана ереді.

Жау ортасына барған алғашқы бірер сапарында құрқол кайтқанмен, Қожабай осында өзімен қатар келген құрбыла-рына қарағанда “стажировкадан” сүрінбей, жедел өтті. Кіші командирлер мен пулеметшілер курсында алған азынаулақ өскери білімінің, ондағы күн сайынғы жаттыгулар, дене-шынықтырулардың пайдасы енді тиді. Ол барлауда жүріп кездейсок түйікқа тірелгенде тапқырлық, батылдық байқ-атып, табандылығымен, жауынгерлік тапсырманы тынды-рымдылығымен көзге түсті. Бас-аяғы бірер айдың ішінде сенімді, сырмінез барлаушы болып алды.

Майданның аты майдан, алғашқы кездे күтпеген күлкілі жәйттер де болды. Бір жолы Воронеж бағытында жеті жігіт барлауға барды. Арапарында Қожабай бар. Тобеден тоне түскен күзгі аспанда ауыр бүлттар баяу көшеді. Күндіз жау-ған жаңбырдан кейін жер лайсан. Саперлер алғы шептеп откізіп жіберген сон олар ұзақ жүріп бір шағын деревняға жетті. Түн ортасы ауған кез. Бірен-саран үйдің терезесінде от бар. Барлаушыларды Сергей Махоркин бастап келе жат-кан. Олар деревня іргесіне кеп, бір тасаға тоқтады. Шешім мынау болды: алты жігіт деревняны шолып, барлау жасай-ды. Жалғыз-жарым күзетші корінсе, бейсауат жүрген фриц үшірасса, дыбысын шыгармай қолға түсіреді. Ал, Қожабай оларды сырттай бақылап, басқа амал қалмаған жағдайда бол-маса, оқ шыгармай, осы жерде күтеді.

Алты барлаушы шткі үйді айналып бұкшсендеп барады. Төнірек тым-тырыс. Он жақ қапталда алыста аспанды тінткілеген прожекторлардың айқыш-үйқыш жарығы бейнे қозғалысқа сінген “құс жолы” тәрізді. Анда-санда зеңбірск үні жер түбінен дүңк ете қалады. Қожабай үй-үйлсрдің арасын жіті шолып, даревня жақтан коз алмай жатыр. Жолдастары қараңғы түн койнына сұнгіп, корінбей кетті.

Арада сүт пісірімдей уақыт еткен. Кенет бергі үйдің сілігі сықыр етіп ашылды. Іштен шыққан жалғыз қара оншакты қадам барып тоқтады да, қалтасына қол салды. “Сақтық жасап, қаруын ынғайлап жатыр-ау” деген ой келді Қожабайға. Әлгі кісі қалтасына алған затын аузына апарып еді, көңілді музыка баяу шалқыды. Тапанша дегені ауызсырнай екен. Өзі аздал жұтып алған болу керсک, биязы өуенмен бірге толқып, қаннен-қаперсіз ақырын басып кетіп барады. Қонақтан кешіпінкіреп шыққан солдат па, офицер ме, әйтсуір қайсысы болса да, іздеген “адамы” осы екенін Қожабай бірден сезді. Алты барлаушыдан хабар жоқ, не де болса шұғыл шешімге келу керсک. Олар құрқол қайтса: “Мұрныңың астында музыкалатып жүрген фрицті олжаламай негып отырың?” деп ренжитіні әрі опынатыны сөзсіз. Барлаушы үшін мұндай қолайлы сөт жіңі кездесе бермейді.

Ойланып-толғануға уақыт жоқ, Қожабай түн жамылған “серінің” сонынан ата жөнсліді. Дыбыс шыгармай, аяғын үшінан басып, автоматын онтайладап, емпендең келеді. “Сырнайшыл” сорлы мұны сезер емес, жер бетінде озінен басқа тірі пенде жоқтай, музыкаға мас болып, тіпті билегісі келгендей тербеліп, баяу жылжып барады. Қожабай оның ту сыртынан жақын келіп, автоматының думімсін көк желкеден қойып қалды. Қапелімде музыка ыргағынан жаңылып, енді соны есіне түсіре алмай тұргандай, аз-кем теңселіп барып етбетінен құлады. Аузындағы сырнайы анадай

жерге ұшып түсті. Барлаушы жолбарыстай атылып, фрицтің ксудесінсөн да, қалтасынан жалма-жан “кляп”* алып, аузын мықтап тығындады. Соң соң сұлап жатқан сабазды шинелінің жағасынан сүйрәй жөнелді.

Тірі адамды “тіл” десп үш оріппен айта салу оп-онай. Ал оны алып жүрудің қаншалық ауыр азап екенін бастан кешкен біледі. Қолға түскен олжаң өз аяғымен жылжитындағ болса бір сәрі, егер мына сорлыдай есінен танып жатпай. Оны біраз жер сүйреп барып тоқтады. Деревня жаққа құлак түріп, тың тыңдады. Көз жетер жсрде қараңдаған ешкім корінбейді. Тағы да ілгері кетті.

Содан алпамсадай ғасын арқалаған күйі ақ тср-көк тер бол алғы шепкес жақындағанда, кейінде қалған серіктегі қуып жетті. “Бәрекелде, іс бітірдің, жарайсың, Николай! Сен болмағанда бүгін бос қайтатын едік!..” деп ризалық білдіріп жатыр барлаушылар.

- Қане, өзі солдат па, өлде офицер ме, - Михаил “сырнайшының” бетіне тоніп барып, иық тұсын сипалады да, - осының қеудессінен жаны шығып кетсе менен көрмендер, - деп кейін шегінді. Махоркин жалма-жан “кляпты” алып, ешбір қимылсыз жатқан солдаттың жүрек тұсына қол жүгіртті, түймелерін ағытып жіберіп, қеудесіне құлағын тақады. Білсек тамырын ұстап байқады. Шынында да оның қеудессінде жан жоқ скен. Козі айналып кеткен, сұлқ жатыр.

- Есіл сиңбегім-ай, - деді Қожабай құрсініп.

- Жағасынан соншама сүйрелеп нең бар еді, байқамайсың ба, қылғынып өлген, - деп Алексей аяушытық білдірді.

- Үмітінді үзбе, мүмкін жүргін тоқтатып қойып, артқы жағымсн демалатын қудың озі болар, - деп мырс етті Михаил.

““кляп” – ауыз тығындайтын шүбсек

- Жетсуіміз жүріп өлі фашист апарғанымыз үят-ты, қалтасынан документтерін алындар, кетелік – деді Сергей автоматын асынып. Екі жігіт “сырнайшының” қалталарын түгел тінтіп, бар документ-қағаздарын алды. Озін бұта арасына сүйреп тастады.

Кожабайға қатысты осы бір оқиғаны, қайдагы-жайдагыны теріп, өнгіме етіп жүретін өзілкөй Михаил біраз өндеп, өсіріп, бояуын қалындау жағып, бүкіл дивизияга жайды. Ұрыс саябырлаган сәтте болатын үзілістерде жауынгерлердің басы қосыла қалса Михаил өнгімессін баппен былай бастайды:

- Иә, содан Николай қажет боп қалар деп штабтан ала шыққан неміс солдатының шинелін киді де түп-тура күзетшіге тартты.

- Өй, өле алмай жүрсің бе, қайда барасың? – деп шалтайына жармасып едік, тындалады.

- Саспандар, мен қазір ол сабазбен өз тілінде сөйлесіп, алдарыңа алып келем, - дейді беті бұлк етпестен.

- Бұл немісше білетін бе еді?! – дейміз ан-таң боп, бірбірімізге.

Мұндайда Николайды тоқтату кыын. Бірмойындығы бар. Сол әдеттіне басып аршынды адыммен күзстшинің жанына жетіп барды. Онымен ескі танысындаі амандастып, бірдене деді. Анау басын изеп, қалтасынан сигарет алып ұсынды. “Қап, әттеген-ай, барлаушы үшін қолайлы мезетті өткізіп алды-ау. Күзетші қолын соза бергенде оны иек астынан беріп қалу керек еді” дейміз опынып. Олай болмады. Енді кайтер екен деп одан сайын қыпымдаштарынан қызылданып барамыз.

Адамнан айла құтылған ба, Николай сигаретті саусағымен жұмсартып, асықлай тұтатты. Содан соң қатарынан екі-үш рет құшырланған сорды да, кенет күзетшинің бетіне “Yh!” деп көк тұтінді бүрк еткізді. Анау байғұс бейқам түр екен,

қапелімдес шиқылдал, қақалып-шашалды да қалды. Содан ол үстемелеткен жөтелге ауысты. “Байтал түгіл бас қайғы” дегендей, мылтығы аяғының астында, тізерлеген күйі, ал шиқылда келіп. Құдайекем сақтасын, демалуга мұршасы жоқ. Ол қалтасынан бисторамалың алып, күзетшінің қозінен парлаган жасты сұртті де, айтқандай-ақ, оны қолынан жетелеп алдымызга алышп келді.

“Жуас түйе жүндеуге жақсы” дегендей, карсылықсыз ортамызға келген күзетшіні қаумалап, біреуіміз аузына салқын су тамызып, біреуіміз желкесінен нұқып, жөтелге қарсы білетін шарамызды жасап жатырмыз. Қоятын ол жоқ, қайта үдес түсті. Шамасы окпесін мықтап сұық қарыған айтулы кокжетелдің озі болу керек, екі иығы селкілдеп күрк-күрк етеді. Енді қайттік? Ғұмыр бойы жөтелмейтін шығар, жылы жерге барған соң бірте-бірте басылар, деген оймен оны штабқа әкеп тапсырыдық.

Күзетші мұнда да келістірмесе керек. Тілмаш Василий Никитич тілдескісі кеп қаншама айналдырығанымен, анау басын шүлғып, үсті-үстіне жөтеле беріпті. Ақыры оны емдеу керек, содан кейін көрерміз деп медсанбатқа жіберіпті. Қазір сонда, кеше Николай көнілін сұрай барып қайтты, жөтелі өлі басылмапты...

Отірікті шынға бергісіз етіп майын тамыза айтатын Михайлдың осынау өзіл өңгімесін тындаған солдаттардың, командирлердің шек-сілесі қата құлмегені жоқ. Қожабайдың өзі де: “Су жүқпас, суайтым, сок отірікті” деп қосыла күлетін.

Әзіл-қалжың өз алдына, шынтуайтқа кслгенде кіші сержант Жазықовтың барлаушылар оргасында, оның атап айтарлық жетістіктері де аз емес-ті. Не бары торт-бес айдың ішінде батыл барлаушы шұғыл тапсырмаларды ойдағыдай орындағаны үшін бірнеше рет алғысқа ис болды, елеулі

операциядан кейін “Ерлігі үшін” медалымен наградталды, жас болғанмен бас болуға лайық деп, ол болімшес командирлігінс тәгайындалды. Сойтіп, Аманкелді атындағы колхоздан қан майданға аттанған жиырма үш жастагы мұғалім 1943-ші Жана жылды Воронеж маңында қарсы алды.

* * *

25-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы штабы Давыдовка станциясы тұсында Дон озенінің оң жағалауына бекінген.

Біздің өскерлер тәулікке жуық шайқастан кейін құш жинап, тынығып, келесі шабуылға дайындалып жатқан-ды. Штаб бастығы полковник Давыдович Кожабайды озіне шақырды. Келсе, жанында рота командирі Дроваль екесіп отыр. Полковник бүйрығы бойынша алдына кеп тұра қалған болімше командирін бастан-аяқ шолып отті де, мәнжайды түсіндірді.

- Жолдас сержант, барлаушыларыңмен жау тылына жаупты тапсырмамен барып қайтасың, - деді ол әр сөзін шегелеп. Бұл операция өзіне сеніп тапсырылып отыр, қалай да орындаудың жолын қарастырасындар. Жауынгерлік тапсырма мынадай: 40-шы Армия Согыс Советінің бүйрығына сәйкес Старый Оскол ауданында жау тылына қырық километрдей еніп, жолдагы скі копір мен Набокино разъезін талқандау керек. Және Воронеж бен Старый Оскол аралығындағы байланыс желісін бірнеше жерден үзіп, бағаналарды құлатып, істен шығару қажет. Кезекті шабуылда женіске жетуімдің бір жағы осы шаралардың ойдағыдай орындалуына байланысты. Қалай, дайынсындар ма?

- Құп болады, жолдас полковник, орындауга ұлықсат етіңіз! – деп Кожабай оң колын шекесіне тақап, тік тұра қалды.

- Кірісіндер!

Барлаушылар кешке дейін жорыққа дайындалып, інір қарандылығы түсे тапсырманы орындауга аттанды. Қантар айы, жерде қар бар. Он екі адам майданың алғы шебінен аман-сау өтіп, жау тылына терендеп ене берді. Жол-жөнекей хутор, деревня қарауытса, алыстан орағытып өтеді. Қолда компас, карта болғанмен қарандыларда қай шамада келе жатқынды анық бағдарлау қыын, жүріс өнетін емес. Соған қарамастан Кожабай бастаған топ қырық километр межеге тұнделетес жетіп үлгеруте барын салды. Таң ата олар орманға ілікті.

Осы жерде тамақтанып, аз-кем аяқ сұытты. Тоніректі бағдарлады. Оң жақ қапталда темір жол корінеді. Оның аргы автотрасса, соғыс жабдығы тиелгендегі автомашиналар әрлі-берлі отіп жатыр. Қос көпір осы манда болу керек деп болжады олар. Бірақ орманнан шығу хауіпті, көзге түсіп қалулары мүмкін. Енді не істей керек? Кешке дейін орманды пана-лап, оның шет жағын ала барлау жүргізеді, көпірге қай түстен қалай баруға болатынын анықтайды. Күзет бар ма, жоқ па, соны білседі. Дұрысы осы, ымырт үйірлуін күту керек. Уақытты үту үшін не де болса күндіз қимылдаймыз деп асығыстық жасаса, жауапты тапсырма орындалмай, үлкен өкінішке қалулары ықтимал. Кожабай осындай тоқтамға келді.

Ағаш арасынан дүрбімен көз жібергсін күндізгі барлау еш нәтижесі бермегі. Әрірек барынқыраған соң темір жол орманнан алысталап кетті. Манайда өзеннің де, көпірдің де қарасы корінбиді. Мұның бос өурешілік екенін сезген барлаушылар енді күн батуын күтті. Жол жақ дамылсыз козгалыс. Таңк, зенбірек тиелгендегі ауыр состав, қорабы солдатқа толы автомашина, екі-үш адамнан жайғасқан күймелі мотоцикл батысқа қарай жөнкіліп жатыр. Өздеріне тықыр таянғанын сезді мс, әлде күні бұрын бас сауғалау ма, өйтеуір бір дүрбеслен бар. Коршауда қалу хаупі тонген гитлершілдер

әскерін, қару-жарагын жанталаса ксійін әкстіп жатқан сияқты. Осыны байқаған барлаушылар қос копірдің күлін көкке ұшыруға бұрынғыдан да асыға түсті.

Кешкілік Жазықов бастаған жігіттер нысанага алған обьектіні іздеуге қайта аттанады. Орманнан шыққан соң ойлы-қырлы дала басталды. Темір жолды төніректеп жедследете жүріп келеді. Анда-санда, біресе он қапталда, бірессе сол қапталда шөккен нардай тенкіген танктер қарауытады. Ұрыс аланында “мертіккен” соғыс машиналары шарасыздан жер қауып жата қалған тәрізді.

Орманнан 5-6 километр ұзаған шамада барлаушылар озенге кеп тірелді. Ойда жоқта қарсы алдынан қалындығы қауышқандай, бәрі қуанып кетті. Қожабай дерсу опсративті қимылдың нақты жоспарын жасап, кімнің қандай міндег атқаралынын айтты. “Екі топқа бөлінеміз, - деді ол, - бес барлаушы тұра көпірді бұзуга барады, екі жігіт оларға өкшелей ілесіп, көпірге таяу тасада қалады. Бұл екеуі алдыңғыларды табан астынан тап болған хаяп-қатерден корғауға тиіс. Кейінгі топ сырттан қосымша күш келе қалған жағдайда, сыйылып шығуымызға мүмкіндік жасайды. Алдыңғы топты өзім бастап барамын. Енді бір ескертетін жәйт, егер алдымен күзетшінің көзін жоя алмай, олар сезіп қалып, дабыл қақса, онда бізде шабуылға шығудан басқа жол жоқ. Көпірлерді күзетшілермен шайқаса жүріп қиратамыз...”

Болжам дұрыс болды, бұлар көпірге таяу кеп тоқтаған екен. Сәлден кейін қарангыда қалқыган көпірдің қарасы козге шалынды. Жағада сирек өскен шоқ-шоқ ағаш, бұтаниң ара-арасымен жылжып келеді. Алда Қожабай, оған жалғас Сергей Махоркин, Алексей Никонов, Владимир Мартынов және Василий Французов. Кейінгі екеу Михаил Кузнецов пен Борис Николаев. Олар көпірге таяқ тастам жерге кеп тың-тыңдал, күзетшілердің қай шамада жүргенін білуге

тырысты. Ешкім корінбейді, қараңғыда қай тіреуді тасалап тұрганын кім білсін. Әлде арқаларынан аяз өтіп, баспанала-рына барып бой жылытып отыр ма?

Автомашиналар қозғалысы саябырысған бір сөтте Қожа-бай торт барлаушины бастап жағалаудан томен түсті. Копірмен скі ара теп-тегіс. Аralарын алшақтау үстап, жер бауырлап жылжи берді. Бір бөлесі: айнала асықтай шашыл-ған ұсақ тас, қозғалған сайын тысырлап, “байбалам” сала-ды. Тұнгі дыбыс қандай шапшан, бұтаның белінен пырт стіп сынғаны да біраз жерге жететін болу керек.

Бір кезде шексні жарғандай ащи дауыс тастобеден шанқ етे қалды. Бессуі жалт қарады, көпірдің қаракөлөңкслеу тұсын тасалап ықтап тұрган күзетші тұнгі дыбысты құлагы шал-ды ма, әлдес өшейін сезік пе, шыға келіп, өзінше бірдеме деп айқайлап, аспанға екі рет мылтық атты. Мұнысы “аттан” салып, дабыл қаққаны болу керек. Сойткснше жігіттердің желкес тұсынан қыырған жүгерідей пытырлап атылған автомат “ә” дегенше ажал оғын сеуіп, тез тына қалды. Күзетші мылтығын кезенгін күйі, тізесі бүгіліп барып бір жагына жантая құлады. Оның үнін ошірген Кузнецов пен Никола-свтың бірі жар салып жатқанда, оның көзін жоюдан басқа жол қалмаган-ды.

Сол-ақ екен, атыс жиіледі. Көпірдің арғы басынан үш дүркін ақ ракста атылды. Ол айналаны сүттей аппақ қып, бір нәрсеге ілініп қалғандай, аспанда сөл тұрып алды. Ізіншесі бірнеше автомат “сойлеп” қоя берді. Копірге шын хауіп тонгенін сезген күзетшілер жедел комек келіп жеткенше жасырын атыспен жол бөгеп, уақыт оздыруды ойлаған болу керек. Әйтсеуір бағыттары дұрыс, қараңғыда төбсден асыра беталды атып жатыр.

Абырой болғанда кейінгі жақтағы барлаушилар қайтып оқ шығармай, “әліптің” артын бақты. Бұлары тактикалық

тәсіл. Егер атысқа атыспен жауап берсе, дүшпан олардың қай шамада жатқандарын байқайды да, тұра нысанага алды. Оның үстіне тұнгі аспанда жаңғырықтыра тарсыл-гүрсіл көбейсе, әрлі-берлі отіп жатқан жау өскері тоқтай қалып, түс-түстан тап бермесіне кім кепіл.

Кожабай бір минутты босқа откізбей, іске кірісетін сын сағат соққанын тез түсініп, жанындағы барлаушыларға “алға” деп белгі берді де, ілгері үмтүлды. Бұлардың копірге таяу кеп тоқтағаны жақсы болды, биіктен бағытталған оқ жоғары кетіп жатыр. Аязды ауаны тілгілеп, зу-зу стеді.

Бес барлауши мұз үстімен жан үшыра жүгіріп, копірдің орта тұсына қойылған қос тіреу түбінے жетті. Жалма-жан бірі еңкейіп, серігіне арқасын тосып тұра қалды. Екіншісі оның үстіне секіріп шығып, ол арқылы тіреуге жармасты да, жоғары өрмеледі. Козді ашып-жұмғанша қос динамит қолайлы орынға қойылды. Білтенін бір үшінда от тұтанды.

Жанталаса қымылдап жүріп, жоғары жакта не болып жатқанын байқауға барлаушыларда мұрша болған жоқ. Бұл кездсі копір үсті әлемтапырық еді. Айнала атыс. Күзетшілерге сырттан комек келіп үлгірсе керсек. Бір шеттен пулсемст лақылдата оқ “құсып” жатыр. Ара-тұра ақ ракста аспанда самалағай жарқырап, тұн пердесін ссрпіп тастайды да, қайта сонеді. Манадан бсрі анысын андып, шиеленіске бармай бұтъып жатқан кейінгі барлаушылар оздерінен күші бірнеше есс басым фашистермен табан тіресе атысып, алдағы оперативті топтың тапсырманы толық орындалп, сыйылып шығуларына жанын салуда.

Күзетшілер мен оларға комекке келгендер копірге жақын бой тасалаған Кузнесцов пен Николаевты нысанага жиі алды. Жойқын атыс үстемелеген бір тұста оқ тиіп, Борис жамбасынан жараланды. Михаил етбетінен жатқан күйі, оны арқасына салып, кейінгі жактағы жолдастарына қарай

еңбектеді. Бұл кездे Кожабай бастаған торт барлаушы келесі копірге жетіп те үлгерген-ді.

Фрицсер оперативті топты қорғаныстағы барлаушыдан бөліп тастап, қоршауға алу арқылы қолға түсіруте тырысты. Жар басынан жалғыз пулсемет оқты қардай боратып, ес жиғызар әмес. Бірақ бұған болатын барлаушылар жоқ. Олар атысқа атыспен жауап беріп, қос копірдің күлі қокке үшкансша бір табан шегінбесуге бекінген. Әбжыландай ыскырган оқ ақ халаттың біресе женін, біресе шалғайын тесіп өтеді.

Барлаушылар “казір... казір... міне... міне... міне...” деп тағатсыз күткен сскунд та соқты-ау! Бейнес төбеден бомба түскендей, кенст қаранды тұнді қақырата ғұрс еткен жойқын жарылысқа жалғаса бірінші копір жаңқа-жаңқа боп аспанға үшты! Күзетшілер мен комекшілер маңызды объектіден айырылып қалмаудың амалын қарастырып, екінші көпірге қарай ойысты. Атыс бір мезет тынып, қайта жалғасты. Барлаушылардан жәнс екі жігіт жарапанды.

Адамның бойдағы күш-жігері, ақыл-ойы, мақсат-мұддесі шегінс жетес тартылған серіппедей бар пәрмсімен шиыршық атып, бір нүктеге бағытталған аса жауапты сөтте, ерсн ерлік, қайталанбас қаһармандық дегендерің санаулы минутқа сиып кетпей мс?! Өмір мен олім беттесіп, қылыш жүзінде қырқысқанда, жайсан жандар от боп жалындал, найзагай боп жарқындал, алдында тау тұрса да тоңкеріп тастамай ма?! Жау тылында жауынгерлік жауапты тапсырмамен тұн қатып, бастьарын өлімгс байлап жүрген шағын топ барлаушы, өсіреле Қожабай бастаған торт жігіт осындаі күйді бастан кешті. Ағылған оқ астында екі копірдің “беломыртқасын” үзіп, істен шығарды, Набокино разъезін қиратты, байланыс желілерін бірнеше жерден қыып, бағаналарды құлатты. Қысқасы, 40-шы Армия Соғыс Советінің бүйрүғы толық орындалды. Дүшпанның кейін шегінер жолы кесілді. Барлаушы

лар жаралы жолдастарын арқалап аман-есен штабқа қайтып оралды.

* * *

Воронеж майданында Касторная станциясы кескілескен күрестен гитлершілдерден азат етілгеннен кейін дүшпаның негізгі күші онтүстік шығысқа қарай ойысып, олардың ортада қалған он дивизиясы қоршауды бұзып-жарып өтуге күш салды. Бұған аздап негіз де бар еді. Қоршаудың біздің әскерлер коян-котық қанаттасып үлгіре алмаган үзік-үзік тұстары болатын. Жау сондай саңылау іздең, Горшечное – Старый Оскол аудандары жағынан сытылып шығуга жанталасты. Шабуылдан, табан тірей шайқасып та корді. Бірақ бул әрекеттерінен ештеңе онбеді. Басы айналған балықтай тұмсығы тасқа тиіп, кері қайта берді. Ақырында олар өз әскерлерінің солтүстік бағытта қоршауда қалған топтарына қосылу үшін Горшечное маңында сап түзеп, терістікке қарай шубыра бастады.

Бұл кезде Жазықов взводының жауынгерлері кезекті тапсырмамен Волчье станциясы тұсында барлауда жүрген болатын. Олар солтүстікке бет алған осы топтардың жолын төтен шабуылдан қорғауға бөлінген екі жүзге жуық неміс солдатын сырттай байқап қалып, олардың ізін бақты. Тұтқылдан тиісіп, көбінің козін жоймақ, қайсы бірін тұтқындалап, “тіл” алып қайтпақ.

Тұн. Төнірек алай-дүлей боран. Солтүстіктен соққан жел әлі қатайып үлгірмеген үлпілдек қардың жамбасын жерге тигізбей, шыркебелек айналдырып, айдалага әкетіп жатыр. Біресе гүлдеп, біресе ысқырып, екпіндей есken жслден бөтен дыбыс жок. Ауырлау қару-жарактарын, оқ-дәрі, азық-тұліктерін екі атқа бөліп тендерген барлаушылар Волчье

станциясына жақындаған берді. “Волчыс... станцияның бұлай аталуы, шамасы бір кезде бұл арада қасқыр жаудай болған-ау, - деген ой келді Қожабайға. - Қазір олардың көзі азайды. Тіпті іздеп табу қыын. Зоопарктен көруің гана мүмкін. Иә, табиғат жыртқышын құртуудың жарасы жесіл. Қапыда қасиетті жерімізге қаптай сніп, бұлік салған адам бейнесіндегі мына қанқұмар қорқаулардың қарасын батыру үшін қаншама құрбандыққа бару қажет болды. Соғыстың өлі қанша уақытқа созылары белгісіз. Жыртқыштан жаман жаландап, жер түбінен жеткен жендеттердің желкессін қимай бізге тыныштық болмас...”

Барлаушылар станцияға жақын келіп жайғасты. Үй-үйлесрін арасына коз жүгіртіп, тың-тыңадады. Бергі шеткі үш-төрт үйдің жанында қарауытқан нәрсе жүк машиналарына үқсайды. Мұржалардан қою тұтін будақтауына қарғанда, қоналқага бірнеше үйге болініп түскен фашистер ас-судың қамын жасап жатқан сыңайы бар. Қожабай екі барлаушыны станцияны шолып, жалпы жағдайды біліп келуге жұмсады. Қандай пікірге келіп, қалай қымылдайтындары солар кайтып оралғаннан кейін белгілі болады.

Ілгері кеткен екі жолдасының жолын тосып жатқан жігіттер ойда жоқта Махоркиннің жеңінен қызарған шоқ коріп қалды. Бақса, ол білдірмей темекі тұтатып, қасындағы серіктерінен жасырын шылым шегіп жатыр екен. “Піскен астың күйігі жаман” деген, шылым құмарлық шыдатпаса керек. Командир оған қарап жұдырығын түйіп: “Мұрнынды құрт жеп бара ма, бірер сағатқа тәзсейші, бұлдіріп аларсың” деп жекіп қойды. Мұндай орайы келген сәтте сыналадап сөз қыстырмай қалмайтын Михайлдың өзілі өзір екен: “Пәтшагар, тұла бойың іркілдеген май, от тиіп өртеніп кетсөң қайтесің. Бензиндей лап ете қалсан, сени сөндіреміз бе, фрицпен жағаласамыз ба?! Ең болмаса өзінді

аясанышы!" деп ол Сергейдін құлагына құбірлсп, жсінсн жүлқып қалды.

Біраздан кейін ентігс бүкшендең скі барлаушы келді. Болжам дұрыс екен. Неміс солдаттары күні бой сабылып, инеліктей қатып, жеткен жеріне құлай кеткен. Берекслері қашқаны соншалық, си болмаса сыртқа құзет қоймай, үштөрт үйде бейқам жатыр. Қазір ол байғұстарда дүниеде құлқын тамақтан өзге тілск те, мақсат та жоқ болу керек. Қайнаған қара қазан қашып көтердій, коршап алып, қауқылдасып отырған корінеді. "Боранды тұнді бүркніп жорықта жүрген совет барлаушылары табан астынан тап берсе, әлсімізді аспаннан келтірер" деп хаяїптену орнына, олар тамақтың ісіне елтіп, дүниені ұмытқан. Жақын барып, бергі үйлердің терезесінсн сығалаған скі барлаушының байқағаны осы.

- Дүшпан жайбарақат жатқанмсн, сан жағынан бізден әлдеқайда коп. Сондыктан оларды қалпақпен үрып алатындей оңай олжа коріп, босбелбеу қимылдауға болмайды, - деді Қожабай алда тұрған айқасқа байланысты қандай токтамға келгенін оріптестеріне қысқаша түсіндіріп. - Орісі тарылған жау қазір олердей ошігулі. Ең тотесі – тобелерінсн жай түскендей лап қойып, ес жиғызбай қарусыздандыру. Бұл үшін үш топқа болінеміз. Алдыңғы екі топ қарсыластарымыз кобірек шогырланған шеткі скі үйге баса-коктей есік, терезеден бірдей еніп, қару жұмсауға мұршаларын келтірмей, тұтқындаиды. Бұл кездे үшінші топ басқа үйлердегі азғана солдатты сырттай торып, тысқа шығуларына мүмкіндік бермсуге тиіс. Алдымен дүшпанның үлкен екі тобын қарусыздандырып, қолға түсірсек, қалғандары қайда барады дейсін. Олардың жарасы жсіл. Ал, егер жазатайым атыс шыға қалса, алған беттен қайтпау керек. Біздің барлаушы екенімізді қайдан білсін, совет өскерлері тұтқылдан тиіскен екен деп, қол көтеруден басқа жол жоқ оларда...

Боран күшайе түскен. Ақ түтек қар құйыны үйткі соғып, көз аштырар смес. Табиғат та барынша буырқанып, жауға деген ашу-ызысын бөгелек боранымен байқатып түрған төрізді. Командирдің бүйрығы бойынша барлаушылар үшке бөлінді дс, араларын алшактау ұстап, станцияға сиді. Қожабай бастаган топ шеткі үйдің бұрышын айналып, сактықпен терезеден сығалады. Айтқандай, кең бөлме толы шүпірлеген солдат, кок түтінге коміліп отыр. Араларында бірер офицер бар.

- Бессүің ссіктен сніндер, біз терезені теуіп қиратып, сендерден бір мезетте ішке қарғып түсеміз, бірсуіннің қолында дайын граната болсын. “Котер қолдарынды!” деген бүйрықпен қабат, зәрслерін зөр түбіне жіберіп, тобслерінен асыра автоматтан оқ себіндер. Барынша батыл қымылдандар. Ал, кеттік! - Қожабай осыны айтты да серіктерін ілестіре терезе түбінс келіп, бес барлаушының ссіктен баса-коктей кіріп баруын күтті.

Әрбір секунд өтіп болар емес... Дұрсілі жиілеген жүрек, кермеге кеп тіркелген бәйге атындей, алқынады... Кенет есік шалқасынан ашылып, сабаудай бес жігіт ішкес сау етс қалды. “Котер қолдарынды!” деген дауысқа ілессе автоматтан ажал оғы себілді. Сол-ақ екен сырттағылар терезені теуіп сындырып, мойындарына су кеткендей сілейіп, қолдарын котеруге шамалары келмей ессіңгіреп қалған отыз-шақты солдаттың желке тұсынан ішкес қарғып-қарғып түсті. Тұтқындар одан сайын үрсіленіп қалтырап қоя берді. Қожабайдың күткені де осы еді. Ол тапаншасын кезенген күйі, командирге төн байсалдылықпен ширақ басып алға шықты да, Михайлға “мыналардың қару-жарагын сыйрып ал!” деп бүйірдь. Сөзге де, іскес де шапшаң ол, қабыргаға сүйей салған қару-жаракты жедел жинап, сыртқа әкетті. Еріндерін тістеп, құп-қу боп сазарып қалған екі офицерді Қожабай-

дың өзі тінтіп, тапаншаларын, документ қағаздарын сыйрып алды. Сонан соң:

- Біз бұлардың басқа үйлерде бұғып жатқан серіктерін қолға түсіруте барамыз. Кузнецов, Французов, сен екеуің мыналардың қасында қалып, тырп еткізбендер. Біз келгендегі сыртқа шығаруга болмайды. Қозгалғанын атып тастаңдар. “Қалғаны да қалпак шығады” – деді командир, аты аталған екі барлаушыға қарап.

- Құп болады, жолдас сержант! – дсп, слгзек Михаил тұтқындар алдында ұлғі-өнеге корсеткісі қслгендей, торт саусағын шекесіне тақап, өкшесін тық еткізіп, сымдай тартылып тұра қалды.

Екінші үйдегі оқиға алдын ала болжаганнан ғорі басқаша өрбіді. Барлаушылар сыртқы есіктен енс бергенде, аузызы болмеде тысқа шығып келе жатқан солдатқа ұшырасып қалды. Ол совет жауынгерлерін көрген бойда, жылан шаққандай байбалам салып бақырып, сүріне-қабына ішке үмтүлді. “Бұлдіретін болды-ау” деп, оны өкшелей қуған Вадим Сергеев, солдат табалдырықтан аттай бергенде, автоматтың дүмімен коқжелкеден соғып, босағана сұлатты. Болмедегілер өре тұра келді. Қайсы бірі қаруына жармасты. Мұндай тайталастың талайын көрген батыл барлаушылар алған беттен қайтпай, іштегілерді есік, терезеден атқылап, оқпен көміп салды. Жау тобыры айналуға келмейтін аядай жерде үріккен қойдай соктығысып, опыр-топыр болды. Өліспей беріспеуге бел байлаған бірер гитлершіл ғана осы ойран-ботқаның ортасынан қарсы оқ жұмсалп, қасарысып тұрып алды. Қожабайлар жүгіре басып жеткенде атыс өлі жүріп жатқан-ды.

Жаудың кейде ажалынан бұрын олуге асыгатыны болады. Көzsіз есерсоқтық, мақсатсыз бірмойындылық мыналардың да көбінің түбіне жетті. “Егер жау берілмессе, оны құрттар болар” деген қанатты қагиданы басшылыққа алған

барлаушылар қалған үйлерді қоршап, өздерінше “бекінген”, берілуге мойын ұсынбай, қарсыласқан гитлершілдерді оқпен де, гранатамен де ойсырата жаңыштады. Ақырында олар көк түтін, от-жалын ортасында қалып, тұншыға бастаған соң, корден сүйретіліп шыққан тірі өліктей, үйден безіп, берілуге можбур болды. Екі жүзге жуық солдаттан алпысқа тарта адам қалыпты. Арапарында екі офицер бар. Басқалары Волчье станциясында жер құшты. Барлаушылардан үш жігіт жаракаттанды.

Барлаушылар тұтқындарды сапқа тұрғызып, дивизия штабына бест алды. Қар үстінде жалаң кителмен қалшылдаған сорлыларды ақ түтек боран одан сайын бүрсендептіп, табанын жерге тигізер емес. Мойындарын ішке алып “билейді” ксліп. Солтүстікке қарай басқан жау тобырының жолын хауіпсіздендіруге жіберген қарулы қүшінің түрі осы, озге түғіл оздерінше басын қорғай алмай, тұтқындалы тынды. Колоннаның ең сонында келе жатқан екі солдат бір-біріне күбірлеп, оздерінше бірдене деседі. Мұны байқаган Михаил жаңындағы командиріне қарап жымиды:

- Қожабай, сенің осы аздал немісше сауатың бар сияқты сіді гой, мына скеуі не деп күнкілдеп келеді?!

- “Мына көк көз Михаил Кузнецовта иман жок екен, мана қасымызда қалғанда ең болмаса жүрек жалғауга мүрша бермедин-ау” деп келеді – деді Қожабай күліп. Михаил сөзден тосылған ба:

- Жоқ, олай емес шығар. Командирдің бүйірлігін орындаған жауынгерде не жазық бар. Асылы бұлар “мына белсенді қазакты ортамызга берсе, “беу-беу” күйін тартқызар едік” деп келе жатпасын. Ойткені саған ауық-ауық қарай береді, - деп жолдасын бүйірден нұқып қалды. Әзіл-қалжынға кошкенде оның осылай бүйірден тұртетін әдеті бар-тын.

Барлаушылар тұнделетіп штабқа жетті. Командирлер құрамы бас қосып, ертенгі үрыстың жоспарын картага түсіріп жатыр екен. Алпысқа тарта тұтқынды алдына сап айдал келген ержүрек жауынгерлердің мына жеңісіне бәрі қатты қуанды. Әсіреле барлаушылар ротасының командирі Александр Дроваль Кожабайды қайта-қайта құшақтал, қолын қысып, дән риза болды. “Ең киын екі тапсырманы ойдағыдай орындаудыңдар, жарайсыңдар, жігіттерім! Енді бойға күш жинау үшін бірер күн тынығуларына болады” деп жатыр. Сойткенше медсестра Аня жүгіріп келді. Қолында үш бұрышты хат.

- Николай, сүйінші, мынау саған келген хат! Бірақ өн салып, би билемесен бермеймін! – деп, зыр-зыр қашады. Кожабай үстамақ болып өрі-бері қуып көріп еді, ор киіктей оргыған қыз жеткізер емес. Болмаған соң, ауылынан көптен бері хат-хабар болмай, жүні жығылып жүрген Кожабай шыдай алмады, бала кезінде талай шырқаған “Айгөлектің” сөзін сәл өзгертіп, ақырын әндettі де, Аняның қарсы алдына кеп биге басты:

Айгөлек-ау, айгөлек
Айдың жүзі дөңгелек!
Алдындағы жігітке
Айдай көркем қыз керек...

Ойда жоқта басталған бір минуттық “концертке” Аня да, басқа жігіттер де қол шапалақтал, мәз боп қалды. Хат қолына тилю мүн екен, Кожабай, жүрегі алыш үшіп, копшиліктен аулақтау барып, ашып оқығанша асықты. Хат анасынан келіпті.

“Құлыным - Қожашым, денің сау, қан майданда қатар құрбынмен бірге азаматтық борышынды жақсы атқарып жүрсін бе? Жазатайым жарақаттан амансың ба? Сенен біраздан

бері хабар-ошар болмағасын қорқыңқырап жүрмін. Біздікі әйтеуір коніл гой, өйтпесе сендерде хат жазып отыруга мұрша бар дейсін бе. Аман болсаң жарап. Құдайым жаныңа жамандық бермессін. Бір аллаға тапсырдым өзінді.

Біз озін көргендей аманбыз. Молдағұл ағаң да сау. Қолдағы жалғыз-жарым малдың ағарғанын таңдайға тамызып, ылаждап отырмыз. “Тарығады-ау, қүйі қалай-ау” - деп бізді ойлаушы болма, елдегі адам өйтіп-бүйтіп күнін көреді. Басыңын амандығын тілс, ботам. Ауылда бетке үстар азамат қалып жарымады. Әскерден жараланып қайтып келіп жатқандар шамалы. Азамат орнына қайғылы “қара қағаз” келеді. Соғыс болған соң құрбандық болмай тұра ма. Қайтеміз, жақсылығы жақын болсын.

Былтыр “кетлер”, “пәшіс” жақындаپ қалды деп зөремізді алып болып еді. Шүкір биылғы жылдың басталуы жақсы. Жаудың беті қайтты, “пәшіс” қашып барады дегенге қуанып отырмыз.

Қарғам, қолың босағанда хат жазып тұр, ол бізге үлкен десмеу гой. Суретінді жібсрсөң тіпті қуанып, өзінді көргендей боп қалар сдік, бірақ жақын жерде суретші бар дейсін бе. Азаматым, аман бол, қайда да озінді өулиеслер жебеп жүрсін. Анаң Алтын... февраль 1943 жыл.” Қожабай хаттың қай күні жазылғанын анық ажыратта алмады. Дәл сол жеріне сия тамыпты. Кім жазса да қолтаңбасы таныс.

Қожабай тәтті үйқы құшағына енген жолдастарының жанына кеп қисайды. Барлаудан шаршап-шалдығып оралғаны оз алдына, түннің бір уақыты болғанына қарамастан, көзі ілінер емес. Дөңбекшіп біраз жатты. Сары даладан сағылып жеткен сағынышты хат арқылы коп нәрсе ойға қайта оралып, қиялы қияға самғады. Көз алдына туған жер, өскен өнір елестеді. Балалықтың бал қызығын өткерген Жем бойын жағалады. Бәрі-бәрі қаз-қалпында. Бұл өні ме, өлде

түсі ме, айыру қын. Әйтеуір кәдімгі жанды сурет. Міне, анасы үй алдында алақанымен маңдайын колегейлеп, қыр басынан құлайтын қара жолға қарап түр. Жалғызы бір жаққа жолаушылап кеткенде, ол қашан қайтып оралғанша, түн үйқысын торт боліп, байыз таптай, маңдайынан иіскең, мауқын басқанша мазасызданатын сол баяғы қалпы. Басында ақ жаулық, үстінде кен койлек. Жұмыста жүргендіктен бе, бешпетін қаусыра, белін орамалмен буып алыпты. Жалғыз азаматы қолына қару алып, алыс жолға аттанып кеткеннен бері үйге кірмей, елеңдеп есік алдында жолын тосып тұргандай.

Қайран ана! Тек, омір гүлі - баланы сую үшін жаралғансың-ау. Сен бір шаңырақтың шорт сынбауын тілеп қоймай, бүкіл әлемнің амандығын тілейсің. Ондай сөтте озінді де үмытасың. Осы хатты айтып жаздырғанда ст-бауырың слжірсп, коз алдында балаң тұрганы көміл. Бар тілегің, бар үмітін соның үстінде болғанын білем. Тілек демекші, балаң қауіпті сапарға қадам басқанда, оған білдірмей бешпетінің жағасы астына бармақтай “бойтұмар” тағып жіберген екенсің. Ол оны кейін білді. Бұлай еткенде қайда да құлыныңды аналық асқақ рухың желеп-жебеп жүрсін дедің гой! Әлде алақандай шүберекке түйген ақ қағазда сенің мөлдір маҳабатың жазулы ма еді?! Қайран ана, балаң маңдайынан сипайтын сенің мап-майда алақаныңды қалай аңсап жүргенін білсен!..

Кожабай қалтасынан хатты қайта алып оқыды. Жазған адамның қолтаңбасы тіпті таныс. Ауылда кім бұлай жазатын еді? Есіне түсіруге тырысты. Ол біреудін атын немесе қажет сөзді үмытқанда, алфавитті іштей бастан-аяқ атап шығып, есіне түсіретін. Сол тәсілін қолданды. Мінс, міне, тілінің үшінда түр. Ж... ж... Жеткізген... Иә, Биссенғалиев Жеткізген, мынау сол шекіртінің қолтаңбасы. Үстазы өс-

көргө шақырылғанда ол төртінші класта оқып жүрген. Өзі үлкенге үйірсек, “агай”, “агай” деп, қасынан қалмайтын. Хатты соған жаздыруына қарағанда, біздің үйге келіп-кетіп, өжесінің жай-жағдайын біліп тұратын болды ғой. Жарайсын, шәкіртім! Ол бастауыш мектепті былтыр бітірді, биыл оқуын жалғастыра алды ма сен? Зерск баланың мектептен қол үзіп қалғаны обал-ау... Қожабай тәтті қиял құшағында жатып үйқыға кетті.

Ертеңіне барлаушылар омірінде есте қаларлықтай елеулі скі оқиға болды. Бірі қуаныш өкелді. Екіншісі қатты қай-гыртты.

Блиндажга орналасқан дивизия штабында ержүрек барлаушыларға жоғары наградалар тапсырылды. Взвод командирі, сержант Қожабай Жазықов пен барлаушы Алексей Никоновтың омырауында Қызыл Жұлдыз ордені жарқырады. Вадим Сергеев Қызыл Ту орденімен наградталды. Басқа барлаушылар “Ерлігі үшін” медалін тақты. Дивизия бастығы, полковник Шафоренко сонғы бір айға жуық уақыт ішінде барлаушылардың бірнеше күрделі операцияның коңілдегідей аяқтап, дивизия өскерлерінің тегеурінді соққымен алға басуына жағдай жасағанын атап айтты. Әсіресе Жазықов бастаған взвод барлаушыларының батыл қимылын, олардың талай жорыққа табандылық, тапқырлық көрсеткенін еске алды. Оларға дивизия жауынгерлері атынан, командирлер құрамы атынан алғыс жариялады. Шафоренко Қожабайды омырауына орден тағып, құттықтады, оған бүгіннен бастап әскери атағы бір саты жоғарылатылғанын, енді ол аға сержант екенін ескертті. Барлаушыларды наградтауга арналған осы шағын “салтанат” үстінде: “Совет Одағына қызмет етемін!” деген жауынгерлік серт санмәрте қайталаңды.

Майданда бас-аяғы бір төуліктің ішінде қуаныш пен қайғы, күйініш пен сүйініш өлде неше рет алмасып, қатқабат оқиға болып жатады. Тансертсұң жанындағы жолдастыңың ерен ерлігіне бірге қуансан, кешке оның қапыл қазасына қабырған қайысып отыруын мүмкін. Немесе бүгін атой салып алғы шепте жүрсөн, ертең аяқ-қолың “құндақтаулы”, госпиталь төрінде жатуың гажап смес. Сұрапыл соғыс – сокқан құйын. Әлгінде омырауына айдай алқа тағып, мәртебесі өскен барлаушылар екі сағаттан кейін еңселері түсіп, төмен қарап мұнайып қалды. Отken жолы қос копірді бұзуга барғанда жау оғынан жарақтантанған Борис Николаев содан бері госпитальда жатқан. Бүгін сол аяулы азамат, батыл барлаушы дүние салды деген қайғылы хабар қеліп жетті. Рас, майданда қаза аз болмайды. Бірақ бір-біріне бауыр басып, мидай араласып кеткен қимас қарулас достар ортасында әркімнің өз орны бар. Ол кенет көзден ғайып болса, орны ойсырап қалады. Күні кеше жарқылдап орталарында жүрген ақ коніл Бористі жолдастары іштей күйзеле жоктап, оның жарқын бейнесін көз алдарына слестетіп, ол жете алмаган жеңіс жолын жалғастыруға нық бекінді.

* * *

1943 жыл Совет Армиясы дүшпанды үсті-үстінеге соққылап, бүкіл майданда үдере алға басқан жарқын жыл болды. Қалалар мен селолар бірінен соң бірі басқыншылардан тазарттылып жатты. Радио күн сайын совет өскерлерінің кезекті жеңісі туралы қуанышты хабар таратады. Отken бір жарым жылдың ауыр қыыншылықтарына мойымай, Отан үшін жанқиярлықтың асқан үлгісін көрсеткен қаһарман совет халқының коніл күйі жақсады. Жауды өз топырағында талқандауға бет алған жеңімпаз Қызыл Армия сапында 25-

ші гвардиялық атқыштар дивизиясының барлаушылары да бара жатты. Олар осы бетімен Днепрге кеп тірелді.

Сентябрьдің аяқ кезі. Гитлершілдер негізгі құшін өзеннің он жағалауына шоғырландырып, қолайлы плацдармды қолдан шығармау үшін мықтап бескінген. Өзен бетінде жалғыз қара корінсе, оқпен “орып”, қылыштай қып түседі. Біздің кейбір бөлімшелердің осы қалай деген тұстан аргы бетке баса-көктей өтпек болған тосын шабуылдары өзірге күткендей нәтиже бермей түр. Орынсыз шығынға бару - өкінішті. Уақыт және қымбат, дүшпанның ес жинауына мұрша бермесу керек.

Мінс осы бір қысылтаяң кездे барлаушылар тағы да діттеген жерден шықты. Олар түнделете жау тылына өтіп, гитлершілдердің өзеннің қай түсында осалдау бескінгенін, қай жерде қанша күші барын командованисге дер кезінде хабарлады. Бұл былай болған еді.

Дивизияның барлау жөніндегі бастығы боп тағайындалған майор Дроваль (өскери атағы да өскен-ді), қасында оның орнына жақында келген рота командирі, аға лейтенант Петр Рунов бар, ексуі Қожабайға кезекті тапсырманың мөн-жайын түсінірді. Олар мынаны айтты: дүшпан совет өскерлерінің үстемелеткен шабуылына уақытша шыдағанмсын, үзак төтеп бере алмай, шарасыздан кейін шегіне бастады. Біздің біраз болімше Днепрдің оң жағалауына өтіп, бекінді. Дегенмен өзеннің кей жерінде жау қолайлы шептеп қозгалар емсс. Біздің болжауымызша оларға тылдан келіп жатқан қосымша күш бар. Сендер Башмачка ауданына өтіп, қарсыластардың алғы шептес қалай орналасқанын, шамамен қанша күші барын байқап, жер жағдайын картага түсіріп қайтасындар. Осы барлау барысында өсіреле оларға кейінгі жақтан келіп жатқан резервті есепке алуға баса көніл аударғандарың абыз ал. Ал, “тұл” өкелу қыынға соғатын болса, ол үшін жолдан

қалмандар. Бізге қазір өрбір сағат қымбат. Тапсырма түсінікті ме?

- Түсінікті, жолдас мәйор! – деп, Қожабай орындауға кірісуге рұқсат сұрады.

- Барындар. Жолдарың болсын. Табыс тілеймін!

Бес қаруын асынып, тұн жамылған барлаушылар Днепропетровскінің онтүстік жағында Башмачка ауданына өтіп, дүшпанның қорғаныс шебіне терсендей сиді. Жер қара болғанмен, күн салқын. Гитлершілдер аялдаған шағын елді мекендерді орағытып өтті. Негізгі нысана: жау өскері барынша бекініп соғыс техникасын көбірек шоғырландырыған Вовнаги ауданына олардың ту сыртынан барып, барлау. Бірақ сол бетке алған объектіге жетудің өзі үлкен күш болды. Толқымалы тұнде бір орыннан екінші орынга жылжып, сапырылысқан солдаттар күтпеген жерден үшырасып қала берді. Ондай сette барлаушылар өздеріне құдік келтірмеу үшін қару жұмсап қарсы шықпай, бөлімшесінен коз жазып қалғандар болып, қайрылмастан қапталдай өте шықты, кейде қашып күтылды.

Барлаушылар кесе көлденен кезіккен бір трассадан енді өте берген. Кенет көзді ашып жұмғанша күймелі екі мотоциклдің оты жарқ сте қалды. Сол жақ қапталда терен сай бар екен, содан шыға келген. Үстінде қару асылған үшүштен алты адам. Олар тұннің бір уақытында алдарынан жолды кесіп өткен солдаттардың тегін жүрген адамдар емес екенін бірден сезіп, токтай қалды да, бірдеме деп дауыстап жүгірді. Қалар емес, мылтық атып келеді. Қожабайлар әуелі қара үзіп кетеміз ғой деп жан үшыра жүгірген-ди. Бірақ сондарына түскен құтыншылар қанша айтқанмен тың, біраз жер жүріп, аяғы ауырлаған барлаушыларды өкшелеп, құтқаратын түрі жок. Енді не істеу керек? Қожабай саспастан, “қорғаңыс”, “атыс” деп, оны жаңындағы жігіттерге екі сөзben

жеткізді. Олар қаруларын қолға алғып, жата-жата кетті. Күгіншылар да жер бауырлауға кошті.

Аңдысқан аз адамының атысы да санаулы. Беталды оқ боратқаннан ғөрі қарсыласып айласын, мергендіклен алуды көздейді. Мұндайда қолда бар оқ қорын бейберекет жұмсал, түгесіп алмауға тырысады. Абырой болғанда, өйтепе, барлаушылар қүгіншылардан көп. Бұта түбіне бүкілан дүшпа-нын қаранды түнде нысанага дәл алмағанмен, барынша мүкият атысып жатыр. Осы жеке-жекте Қожабайдың кіші командирлер, пулеметшілер даярлайтын мектепте оқығандығы айқын корінді. Ол еңбектеп жақын барып, қарандыда бейнелері болар-болмас бұлдыраған екі қарсыласын дәлдеп атып, жаңын “жаһаннамға” жіберді. Қалған тортеуі қасарысып атысты тоқтатар смес. Сірә, трасса үстімен өрлі-берлі өтіп жатқан өз өскерлерінен біреу болмаса біреу байқап, көмекке келер деген үмітте болса керек. Бірақ өзір ешкім бұрыла қойған жоқ. Бірте-бірте барлаушылар төрт қуғыншыны қоршап алды. Атыс жиілей түсті. Қожабайдың біресе алдынан, біресе қапталынан оқ тілгілесген бұта түбінің то-пырагы бетке шашырайды. Фрицтер бір-екі рет граната лақтырып та корді. Олары біздің жігіттерге жетпей жарылды. Бұл әрсекеттері бос өурешілік екенін үққан болар, бір кезде қуғыншының біреуі жолға қарай тұра қашты. Оны Никонов жалма-жан нысанага алды да, “Гитлерге сәлем айт” дегендей, соңынан автоматтан оқ легін ағытты. Анау қарандыда қалпақтай үшты.

Кенет Қожабай он қолының үйи бастағанын сезді. Сөл қозғалып сді, женінің ішінде жып-жылы, жылымшы бірдене деңсіне тиді. “Оқ дарыған екен” деп ойлады ол. Автоматын қоя салып, сол қолымсн байқап көрді. Саусактары қанқан боп шықты. Бұл кезде басқа барлаушылар қалған үш қуғыншының үнін өшіріп үлгерген-ді. Бәрі бас қосты. Бір

аяғын сүйрете сыйтып Михаил келді. Балтырын таңып алған. Женіл жаракат. Жігіттер дереу қаумалап, командирлерінің қолын екі жерден байлап, ақ дәкемен таңып тастады. Қожабай жаралы қолын мойнына асып алды. “Әйтеуір ақыры қайыр, бәріміз де аманбыз, енді негізгі тапсырманы орындаудың қамына кірісейік. Көне, жеделдетіп жүріндер” деп алға түсті ол.

Трассадан аулаққа шыққан соң Михаил аздалп коніл көтергісі келді ме, өзіл-шыны аралас:

- “Қылышты қорқақты сойылды батыр соғып алады” дегендей, коқандаған немелерді оз өскерлерінің ортасында жайратып салғанымыз келісіп кетті. Желіккен жәндептің осылай желкесін қиу керек. Тіпті, штабқа бір смес екі мотоцикл мініп қайтатын болдық, - деп, күлді.

- Миша, таңдайың тақылдап, пысықси бермес, бүгінгі са-парымызды қорытындылауга өлі ертерек, - деді оның жа-нында келе жатқан Сергей Махоркин тамағы қырылдап, - “Бас мұлгісе, аяқ сүрінеді”, деген сен осы басынды кейін беріп, әлтілерге аяғынды тосып жатқаннан саумысын. Октың балтырынды қалай “іздең” тапқанына таңым бар?!

- Меніңше, бұл олардікі емес, сен атқан оқ болу керек. - Михаил сөзден ұтылып баратқан соң озіне бассалды – фриц-тер бас тұрганда аяқты қөздең, алжыған дейсің бе. Он бүйірден бытырлатуың жаман еді, жазатайым жолдастарыма тиіп кетер деп ойламайсың-ау?! Асылы сенде аяушылық сезім қалмаган...

- Кузнецов жолдас, тіл мен жағына сүйенбей, аяғынды дүрыс бас! – Мұны айтқан Алексей Никонов.

- Жігіттер, межелі жерге жақындаپ қалған болуымыз ке-рек, сабыр етіндер. Тұнгі дауыс қулаққа жылдам жетеді, - деп, командир ескерту жасады. Айтуын айтқанмен, озі ернін тістеп, әзер шыдап келеді. Жаралы қолы зар қақсан, солк-

солқ етседі. Әйтсуір жаракатын ауырсынып келе жатқанын қарангыда ешкім байқаган жоқ.

Арада бір жарым сағат откенде бозарып таң атты. Ертслі еркін жүріп келе жатқан барлаушылар сиді сай-жыра, ойшұқыр сағалап, бүкішендеп, өлек болды. Жүріс өнетін емес. Бір кездс алдан деревняның қарасы көрінді. Кешегі болжам бойынша тылдан қосымша күш келіп жатқан жау плацдармының бел ортасы осы. Манағы трасса оң қапталда осыған барып тірследі. Барлаушылар деревняны әр түстен бақылау үшін үш топқа болінді де, козге түсіп қалмайтын қолайлы орын іздей бастады.

Деревня іші абыр-сабыр. Колонна-колонна боп ағылған әскер, танк, басқа да соғыс техникасы. Қобі сырттан – арт жақтан келуде. Дүшпанның мүнша мазасызданатын жоні бар. Олар өздері үлкен үміт артып отырған қолайлыш шептеп айырылып қалса, тағы да жонқіле қашып біраз жер шегінетінін білсіді. Ал, қашқан жауда қауқар қалмайтыны белгілі. Сондықтан да “суга кеткен тал қармайды” дегендей, әбден дінкелсегеншे Днепрді қолдан шығармаудың бар амалын қарастыруда.

Қожабай қасына екі жігітті ертіп, трассамен деревняға кеп түйісетін қандыауызда кейінгі жақтан “құйыльп жатқан әскери күшті есепке алды, төніректі картага түсірді. Сол жақ бүйірде Никонов, ортада Сергеев – олар да өздері бой тасалаған түстен дүшпанның қанша күші қалай орналасқанын сол қалпында қағаз бетіне коширді. Тылдан жіберілген қосымша резерв келіп болды-ау деген шамада барлаушылар бул мәліметті жедел штабқа жеткізуге асықты.

Мұнда штаб бастығы полковник Нарвер (ол Давыдовичтың орнына жақында келген), Александр Дроваль және рота командирі Петр Рунов үшеуі барлаушылардың жолын тосып отыр екен. Құнды мәлімет қолдарына тиген сон қуанып

қалды. Кожабай мен Михаилдың дереу медсанбатқа барып, емделуін талап етті.

Барлаушылар әкелген мәлімет басшылықта алынып, кешкі операцияның жан-жақты ойластырылған нақты жоспары жасалды. Түнделете дивизия шабуылға шықты. Жаудың қай жерге қанша күші шоғырланғаны, жер жағдайы алдын ала белгілі болғандықтан, командование тактикалық тәсіл қолдана отырып, дүшпанға тұс-тұстан үстемелете сокқы берді. Гитлершілдердің комекке келген резервінің быт-шыты шықты. Олар Днепрдің он жағалауына қашама жармасып бақ-қанмен, тағы да кейін шегінбескес лажы қалмады. Барлаушылардың осы үлкен операцияның ойдағыдай жүргізіліп, женісті қамтамасыз етуге қосқан елеулі үлссі атап корсетіліп, олардың біразы екінші рет наградаға үсінілды. Бұл тізімге бірінші болып взвод командирі, аға сержант Қожабай Жазықов есімі жазылды.

* * *

Майданда жаралы жауынгер госпитальға жіберілмей, медсанбатта қалса, өзін бақытты санайды. Ажалдан аман қалғаны өз алдына, ол “бауыр басқан бөлімшемс, қарулас, қанды көйлек құрбыларыма қайтып оралатын болдым” деп қуанады. Қожабай мен Михаил да осындай күйді бастан кешті. Михаил тіпті:

Жеткен жерім ақсаңдал,
Өзіміздің медсанбат... деп өлеңдедті.

Взводтас барлаушылар коңілдерін сұрап келген сайын оның өзіл-оспақ әңгімесі өзір тұрады.

Бір жолы медсанбатқа Махоркин мен Французов келе қалды. Жаралы жолдастарының жай-жағдайын сұрап,

бөлімшедегі соңғы жаңалықтарды айтып жатыр. Жақында дивизияга Совет Одағының Батыры, генерал майор Криволапов бастық бол келіпті. Сергей мен Василий: “Айтпақшы, есімізден шыға жаздағанын қарашы” деп, Қожабайды Қызыл Жұлдыз орденімен наградталуымен құттықтады. Михаил да наградадан күр алақан емес. Бәрінен де Вадим Сергеевтің қуанышы мықты деді олар. Ол сүйген қызынан хат, сурет алыпты. Енді Михаилдың тезірек сауығып шығуын тілеп, оған өлсөн жаздырып алуға асығып жүрген корінеді.

- Мен оған пародия жазамын, - деп жымиды Михаил. - Біздің жаумын жағаласып, жаралы болып жатқанымыз мынау, ол екі шаруаны бірдей бітірмек. Хатты қара сөзбен жазса қалындығы қарамай кете ме екен?! Өрт ішінде жүріп оленқұмарын қайтерсің...

- Жазбасаң жазба, бірақ жолдасты жазғырма – деді Сергей оның сөзін бөліп.

Іші пысып, зерігіп отырған Михаил бұған құлақ аспай, әңгімесін жалғастыра түсті.

- Осында келгелі Қожабай да қыз конілін аулаудан босайтын емсс. “Махаббат оты майсыз жанады” деген, медсесстра Аня Анакинаны көрсө болды, екі беті алаулап, көзі құлімдеп, жанып ксте жаздайды. Сөл қыз жаны нәзік командиріміздің дертін сімдеу орнына асқындырып ала ма деп қорқам.

Жолдасының қисынын келтіре құрастырған өзілін миынан құле тыңдап отырған Қожабай сөзге араласты.

- Адамның ақылы қысқарса, аузындағы сөзі үзара береді деген осы. Малтанды езе бергенше, басқаларды да тыңдап байыз тапсан қайтеді. Менің бір мерген атайым: “Шолаң мылтық шаңқылдак” деуші еді, сол сен болдың-ау!...

Әзіл де болса әсерлі сөзге екі жігіт қосыла күлді.

Қолында дәрі-дәрмегі бар Аня келді. Жігіттер жалт қара-сып, өздерін тәртіпсө келтіріп, мұғалім алдындағы шәкірттей қипактап қалды. Қожабай да орнынан бір қозғалып койды. “Көп сөйлессөн, мылжың боласың” деп әлгінде жолдастары тиып тастаған Михаил ғана орайы келген соң қайтадан қалжыңбастық қалпына кошіп, қызыл тілді бәзеп бақты.

- Аняжан, түнде бір түс коріп, соны кімгс жорытарымды білмей отыр едім, жақсы келдің. Мыналардың бәрі жандай құрдас. Түсінді құрдасқа жорытуға болмайды. Тыңдасаң айтайын.

- Шамам келгенше жориын, айта берініз, құлағым сіздс, - деді жымышп ақ халатты қыз. Жігіт жоткірініп алып корген түсін (әлде кормеген) баяндауга кірісті.

- Біздің ауылда Қараөзек деген тұнғыық озек бар. Озі балыққа бай. Сол озектің бойында балық аулап жүр скенмін. Ауа тымырысық. Қенет коқжисткен шаң борап, дауыл тұрмасы бар ма. Екпіні жардай атанды жыққандай. Аспан асты ала құйын болды да кетті. Жерге етбетіммен жата қап, жағадағы тал-тереккес жармастым. Маған ерегіскендей, дауыл одан сайын құтырынды. Бір кезде ышқынған дауыл мен үстаган теректі түбірімен қопарды да, койлегімнің ішін жсл кусуп, кокке ала жонслді. Әуеде қанбақтай қалқып кесте бардым. Дауыл төменде екен, аспан тып-тыныш. Ертеде адамдар кілемге отырып аспанға үшқан деп естуші ск. Ши борбай өлжуаз болғандығымнан ба, мені коккес котеруге койлегімнің де күші жетті. Екі қолым екі жақта, қырандай қалықтап, биіктей бердім. Шақырайған күн шекемді тессіп барады.

Осы бетіммен қанша километр үшқанымды қайдан білейін, өзімді тежеуте менде ерік жоқ, алыста адасып қалған ақша бүлтқа жақындалап келем. Әжемнің жаулығындағы ақ шуда бүлт бірденеге ілініп қалған ба, қозғалмайды. Тұптура кеп ішіне еніп кетсем, күннен коз жазып қалам-ау

деген хаупім де жоқ емес. Олай болмайды. Оған қол ұсыным қалғанда ауда көзге көрінбейтін бір ағын мені ерікке қоймай, ала жонелді. Енді бұрынғыдай беталды лақпай, белгілі орбитага түсіп, ақша бұлттың серігінс айналды.

О, ғажап! Әлгінде қалай анғармаганмын, қарасам, ақ шаңкан шағаладай бұлттың торінде аяғын косіліп салып, ай десе аузы, күн десе козі бар, алма бет ару отыр. Жібек орамалы жанында жаюлы жатыр. Екі козі менде. Айналып алдынан екі-үш рет оттім. Тілдесейін десем сөзді нсден бастирымды білмеймін.

- Қарындас, жалғыз өзің қорықпайсың ба? – дедім бір кездес ернім өзөр жуысып.

- Кімнен қорқам, аспанда екеуімізден бөтен ешкім жоқ...
- деді ол қос қолмен бұлт таянып. Үні мап-майды. Ал керек болса. Мына жауабымен ол жүргіме от тастады. Онсыз да құннің қызуынан тұтанайын деп тұрған мен сорлы, тұла бойыма ток жүгіргендей, лап ете қалдым.

- Онда таныс болайық, ссіміңіз кім?!

- Ақшолпан...

- Өте сүйкімді... Менің атым Михаил!

- Мыңқайыр десеніз дұрысырақ болар. Ата-анаңыз жарлы-жақыбайларға қайырымды болсын деп осылай атаған Гой,
- деп, қыз танысып үлгермей жатып менің ссімімді талдауга кірісті.

- О жағын білмедім. Есімімді қайырдан қашып бұрганым жоқ, жүртттың бәрі осылай атайды, - дедім мен ақталағып. Сөл үнсіз қалдық. Мен айналып өткен сайын қыз жібек орамалын бұлғап, құлімдейді. Жанына жесте алмай мен ынтықпын. Болмаған соң құпия қызды қасыма шакырдым:

- Ақшолпан, кел бермен, қол ұстасып бірге үшайық!

- Ұша алмаймын, құлап кstem... Өзіңіз келініңіз... Орби-

тамнан ауытқып, бұрылуға менде срік жоқ, мүмкін қол ұшын бересін десуге үядым. Дәрменсіздігімді қыз алдында қалай мойындастын. “Әлде адрес алмассақ па скен” деген ой келді. Бірақ аспанда қошіп жүрген ақша бұлт коп, Ақшолпан оның қайсысында отырғанын қайдан білем.

- Орамалыңды желкен ғып байқап корсөнші, мүмкін мен сияқты жел көтеріп кетер, - деймін үмітімді үзбей.

Айтқандай ол орамалың екі ұшынан ұстап тобессіне көтеріп көрді. Не пайда, жібек орамал томен сусып қолаң шашына “төгіле” берді. Бұл үстінде жел жоқ скен. Сол себепті қозғалмай түр гой. Бұл өрекетінсін ештеңс шықлаған соң Ақшолпан орамалың басына тартып алды. Қызыл срні үлбіреп, қасы қызылып, гүлді орамал соншалық жараса қалғанын қарашы. Бұрынғыдан да сұлуланып кетті. Бұл қызға жараспайтын киім жоқ шығар деймін іштей.

- Сізге бір минут тоқтауға болмай ма?! – деді ол сәлден кейін. Косілген аяғын бауырына жинап, тізсін қос қолымен тарақтап алды. Мен оның бұл сұрагына жауап беріп үлгіре алмай, ақша бұлтты айналып кеттім.

О, тоба! Кенет таяп келіп қалған қара бұлтқа көзім түсті. Ұмырт үйірлгендей, аспан астын түмшалап, күн көзін колсегейлесп, төніп келеді. Бізді қара кебінгс орап, жұтып жіберердей. Зәрем ұшты. Жалма-жан:

- Ақшолпан, анау нс? – деп айқайладым қара бұлтты нұскап. Ол жалт қарады. Сөйткенше аспан астын қараңғылық жайлап, қызды да, мені де қара тұман коміп өтті. “Ақшолпан!!!” деп жан ұшыра ышқындым. Қатты айқайласам керек, оз даусымнан өзім шошып ояна кслсем, түсім екен. Моншага түскендей терлеппін. “Үх!” деп демімді бір-ақ алдым. Жанымда жатқан жаралы жауынгерлер “саған не болды” деп өре тұра келді. “Үйқысыраған болармын” дедім оларға сыр ашпай. Міне ойда жоқта осындағай гажайып түс көрдім...

Жігіттер ойланып қалды.

- Шынында да қызық скен, - деді Аня тамсанып. – Сіз айтып отырғанда мына түсініз коз алдымға ертеғідей елестеді... Меніңше, корқынышты сштеңе жоқ. Балық аулап жүрген кезініз ол – бейбіт омір. Ал тұтқылдан соққан сүмдық дауыл осынау сұрапыл соғыс емес пе. Аспанға үшпаганмен, алғы шептес, хаяп-қатердің өтінде жүрсіз. Ол Сізді үйіріп өкстті... Ақша бұлт – аппақ конілініз гой. Ал енді өрбір жігіттің конілінде армандағы бір-бір қызы барын бекер дей алмассыз. Коп кешікпей сол сүйіктіңізге қауышады екенсіз... Қара бұлт майдан үстін торлаған түтін. Ол өліссейіш болған жоқ, бірақ корқынышты емес. Өйткені сіз “Ақ - шол - пан!” деп дауыстаған кезде оянып кеттіңіз. Сол мезетте коз алдыңызда жарқ стіл таң атқандай болды. Міне бул баршамызға ортақ Женіс таны!

- Бәрекелде, түсті жорысаң осылай жоры! – деді Василий риза бол. – Жаным-ау, озің тіпті созге шеберсің гой?!

- Айтқанының бәрі жақсылық, ылайым періштеснің құлагына шалынсын! – деп Алексей құрбысының созін қоштады.

- Маган бір ой келді. - Қожабай жанындағыларды жағалай шолып өтті. – Штабқа ұсыныс жасаймыз. Жорықта жүргендегі біздің взвод барлаушылардың паролі “Ақшолпан” болсын. Михаил, бұған қалай қарайсың, қызғанбайсың ба?

Жұрт ду құлді.

- Болсын, - деді Михаил басын изеп. – Бірақ мынаған келісіп алайық. Пароль күн сайын озгеріп отыруга тиіс. Бір қыздың атын қайталай беру келіспейді. Сондықтан сендер жасырмай сүйген қыздарының атын айтындар. Жазып алып, сол тізімді штабқа табыс етейік!

Ол - жастардың сүйікті үстазы, ақылшысы, қажетті жерінде олардың комскілісі, сүйеніші бола білген адам. Жастардың омірден оздерінс лайықты орындарын тауып қалыптасуына, семьялық жағдайларына комектесу, тіпті қызметкес орналасу сияқты жайларына да әр кезде ағалық ақылын, қолдан келген комегін беріп отырды. Қожекеннің ағалық комегін корген жастар аз емес. Олардың аты-жонін түстеудің қажеті болмас. Аудан сібеккерлери, оз жерлестерімен 40 жылдай қатар жүріп, аудан омірінің сан-саналы, құрделі, әр-алуан жұмыстарын атқарды. Қожекен қар жамылған сидаладағы жылқышылар қосынан, қоктемгі қарбалас шаруасы мол шопандар қауымы арасынан, жастар мен механизаторлар ортасынан табылатын. Өмірінің сонғы кезінде, қатты науқастанып жүрген кезінің озінде Ленинград, Дондағы-Ростов қалаларына облыс мұддесін көздеген әдсій командировкамен барып, тапсырылған істерді тындырып келгені бар. “Көрі солдатпын ғой, оқасы жоқ, тек сауышылық болса” - деп отыратын. Осы созінің озінен-ақ Қожекеннің бүкіл оміріндес сібекті қастерлеп откен, мейлінше қарапайым жансекнін тану қызын емес.

Үлкендер құрметтеп сыйлай білген, кішілерге ізетпен аға болған Қожекен үшін әлденес үшін араз болу, дауыс көтеріп сөйлесу, кею сияқты мінез оның бойына жат қылыш болатын. Қызметтес жолдастарымен, ағалы-інілі қатарларымен сыйластық қарым-қатынасын оз тірлігіндес сшір бұзбастан етті десsem, мұнымды қазіргі козі тірі замандастары теріс

демейтіні көміл. Ертеректе, аудандық партия конференциясы отіп жатқан кез болатын. Түскес таман Қожекен үйге телефон шалады. “Мен жаңа хат алдым, жиналыстан кейін үйге барамыз” - дейді. Хаты несі, хат жазбай-ақ келетін қонақ келмей мә деп ойладым да қойдым. Кешкес қарай Қожекен де қонақтарымен келді. Мынау хат деп бір қагазды маган үстата салды. Хат иссі қонағымыз көп жылдар аудандық газеттің редакторы болған марқұм Жәксен Бейсембаев “Қарғым, мен мына Қожексен қысқа гана шумақтар жолдап едім, сонын үйде жаз деп ертіп келді” – деп күледі Жәкең. Боріміз де күліп мәз болып жатырмыз. Оз шаруаммен айналысып жүріп Қожексен үстаратқан хат дегенін оқысам:

Басыңдағы ак құлақшын,
Оз басыңа шақ құлақшын.
Сегіз қырлы сырбаз жігіт

Дастарханға мол бұлақсын, - деген жолдар екен. Жәкең тілді, откір өзілгс шебер, ақын жанды адам еді. Менін бұл жолдарды еске алып жазғандағы мақсатым озара шынайы сыйласқан азаматтардың арасындағы әдемі өзіл арқылы үғынысқан парасаттылықты үлкен-кішігे, замандастарға үлгі сткім келеді. Өйткені, қазір біздерде жоғарыдағыдан сыйластық қарым-қатынас азайып барады. Ата-бабадан қалған өнегеге сай дәстүріміз, тауып айтылған өсем үйқастар мен түсініскен шынайы адамгершілік сезімдер адамдар бойынан табылса деген тілек.

Қожекен өзі туып-оскен Жем бойын, Байсары Егіндібулақ, Қызылшоқыны өмір бойы қастерлеп отті. Өзінің сонау 12-13 жасар бала шағында оғізге жеккен соқаның артын үстап, аға-женглерімен бірге жұмыс істегенін, ауылдағы алғашқы мектептің ашылуы жайын және туыстықты тарататын шежірені айтқанда балалар қызыға тыңдайтын. Ол балаларын, іні-келіндерін ертіп, Жем бойын, ата-бабала-

рының коне қоныстарының орнын корсетіп, ата-әжелері мәңгі мекен сткен қорымға тағзым сткізгсі бар. “Балалар өзінің кім екенін, қайдан шыққанын, тіпті 7 атасын жатқа білуі керек, тұған жерін сюю баланың азаматтық парызы” – деп отыратын Қожекен. Қазір ойлап отырсаң, бұл үлкен тәрбислік, онегелі үлгі етер іс екен. Окінішке орай, қазір үлкендер, ата-аналар бұл жайтқа коп мән бермейді.

Мен де мектепте мүгалім болып коп жыл Қожекенмен бірге жұмыс істедім. Бұл күндері мектеп оқушыларым мен, жастармен кездесулерде болған өнгімслерде балалар Батыр атасын тұған жерінде оның атын мәңгігес қалдыруға қандай шараптар алынғанын сұрайды. Батырга деген тұған ауданының сүйіспеншілігін, қадір-құрметтін жастар білгісі келеді. Онысы занды да. Батырга арнап музей үйін салу қажетті нәрсе. Өйткені жас үрпақтарды Отаның сүйіп осуге тәрбислеуде оның зор роль атқаратының үмітпаган дұрыс.

Батырга зор құрмет корсетіп, оны есек мәңгі сақтау шарапарын іске асыру аудан әкімшілігінің, жүртшылығының, қоғамдық үйымдардың азаматтық парызы. Мен де шағын әнгімемде осыларды олардың есіне салуды жөн кордім.

Иә, әнгіме мектепке, көшеге Батырдың атын беруде смес. Ел ерлерімен танылады. Халқымыз өз тарихын озі жасап, срлікті, елдікті қастерлеп бізге жеткізді. Ерлік пен елдікті туғып котерген халықтық дәстүрге бүгінгі заман иелері бәріміз де адал болуымыз керек. Қожекен халқының, слінің алдында, бүгінгі тірілер алдында өзінің азаматтық парызын әбден өтеп откен азамат. “Елін сүйген ер болар” – дегендегі Қожекен туралы әнгімемді оның майдандас, қарулас, жолдасы З.Б.Дровальдың қызымыз Лаураға жолдаған хатының мына бір создерімен аяқтайын. “Сіздің папаныз сржұрск барлаушы, тамаша жауынгер болатын. Ол ерекшіс тапқыр, мол ақыл мен сабыр иссі - нағыз батыр еді.”

**Ақберген Атағұлов,
Соғыс және еңбек ардагері**

ҚАҢАРМАН ЖЕРЛЕСІМ ҚОЖАБАЙ

Бұл сұрапыл соғыстың өкінші жыл отіп жатқан кезі болатын-ды.

1942-ші жылдың алғашқы айында Темір аудандық біріккен Әскери комиссариаты жерлесіміз Жазықов Қожабайды Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясы (сол кезде фсылай аталатын) жауынгерлесі қатарына шақырды. Майданға аттандырылмай тұрып кіші командирлер дайындастын қысқа курстардан отседі.

Ол кісі озінің майдандық өскери міндетін барлаушы болудан бастайды. Бұл істе жүктелген өскери тапсырмаларды өрдайым зор жауапкершілікпен бұлжытпай, дер кезінде және батыл орындап, жоғары өскери командованиеісінің бүйрықтарын мұлтікіз іске асуына жөрдем көрсетіп отырды. 1943-ші жылды Воронеж майданында қарсы алды. Гвардия аға сержантты Қожабай Жазықоитың жауынгерлік барлаушылықтан мол тәжірибе жинақтап, өдісшіл де алғыр, отс ысылған барлаушы болғандығын корсеттін үрыс эпизодтарының бірі.

Бұл Венгрияның орталығы Будапешт түбіндес болған еді. Осы жылы Қ.Жазықов басқарған он үш барлаушыға Дунай озенінен отіп соғыстық-өскери маңызы бар “тіл” үстап өкелу тапсырылды.

Дүшпан Будапешттен теріскей Сантандрайсигет аралын табан тірессе қорғап, Вац-Будапешт жолымен ешкімді де жүргізбесу үшін пулсметтеп үздікіз оқ жаудырып бақылап тұр. Совет Армиясының Будапештке қару-жарақ, азық-тұлік таситын автотранспорттарының отуіне ешбір мүмкіншілік бермей тұрған кезі болатын. Ойткені фашистердің мақсаты

- оздерінің Будапшттегі шоғырланған күшін аман алып қалу болатын. Мінс сол үшін де неміс-фашист басқыншылары отс қатты жанталасып бақты. Бірақ барлаушылар Дунайдың аргы, он жақ бетіндегі жаудың скі солдат, бір офицерін үстап әкеледі.

Үлкен шабуылға аттанар алдында осындағы отс зор, аса маңызды тапсырманы сшбір қорқып қобалжуды білмей, срекше шеберлік жәнс зор қаһармандық корсстіп, асқан батылдықпен орындағандары үшін барлаушыларға алғыстар айтылып, наградалар тапсырылып жатты. Ал, болімшес командирі, гвардия ага сержантты Қ.Жазықов Совет Одағының Батыры атагын алуға үсынылды. Бұған дейін ол аянбай корсектен жанқиярлық сәбектерінс сай екі “Қызыл Жұлдыз”, үшінші дәрежелі “Даңқ” ордендері жәнс бірнеше жауынгерлік медальдарының исгері болатын.

1944-ші жылдың 8-ші тамызында Қ.Жазықов отряды тагы да барлау жұмысына жіберіледі. Барлаушылар зұлым фашист топтарының сүркія, пасық-ой пигылдары жайында бағалы мәлімсттер жинаумен бірге неміс фашист басқыншыларының 60 солдатымен бірге офицерлерін тұтқынға алып, оларды өзіміздің бүйрек берген командованинсің қарамағына өткізеді. Мінс, Қожабай Жазықов және осыған үксас сржурск барлаушылардың белгілі бір фактілерге негізделеп сүйенген рапорттарының нәтижесіндес сол күндері аты шулы Екінші Украин майданының құрамасы мен болімдеріндегі қаһарман жауынгерлер, офицерлер мен генералдар Ясса ауданындағы қоршауға алынған дүшпан топтарының тас-талқанын шығарып құртып жібереді.

Осы жоғарыда айтылған дүшпанның Ясса-Кишинев тобы түгелдей талқандалғаннан ксійін Жазықов Қожабайға оның, полктас жолдасы Любимов Михаил Николаевич (ұлты беларус) хат жазады. Онда Қожабайдың Ясса-Кишинев ком-

паниясында корсеткен срлік қимылдарына срекшс сүйсініп, Жазықовты айрықша құттықтайтынын, жсністен кейін дс айрылмас жандай дос болатындығын айтады. Олар кейін, ұлы жсністін 20-25 жылдықтарында бірін-бірі үйлеріне қонақша шақырысып, мүмкіндігінше озара жиі-жі байланыста болады, достықтарын бұрынғыдан да берік дамытып, жалғастыра түссең.

Батыр Жазықов тек қана майдандасы М.Н.Любимовпен ғана емес, басқалармен дс достасып жүрестін. Соғыстан кейін Қожабай зангар жазушы Фабит Мұсіреповтің “Қазақ солдаты” романындағы сұ басты қаһарман Гурьевтік Қайыргали Смагуловпен танысып, онымен дс әдәуір жолдастық қатынаста болды. Міне, осы азгана фактілердің озі-ақ Жазықовтың достық, патриоттық қатынастарда қалайша түсініп, оны қалай іске асырғандығына үлкен долсл іспеттес.

Біздің даңқты да қаһарман жерлесіміздің Отанға сткен қызыметтері отс коп шексіз болды. Сондықтан да оның қымбатты да ардақты ксудессінс үкімет наградалары бірінен соң бірі көзектесіп тағыла берді. Қожабайдың омырауы жарқырап жауынгерлік бейнесі бірте-бірте отс сұлулана түссең, оның озі аққұба, қызыл шырайлы қалың қабакты, тортпак, тығыз денелі орімдей әдемі жігіт еді.

Ал еліміздегі сұ жогары өскери атақ Совет Одағының Батыры атағына ол сурапыл соғыс жылдары майданда жаумен кескіллескен ұрыстарды сшибір мызғымай корсеткен іс-әрекет, қайтпас-қайсар қажырлы қимылдары үшін ұсынылғанды.

ССРО Жогарғы Совет Президиумының 1945-ші жылғы 28-ші кокектегі Указы бойынша жалынды жерлессіміз, СОКП мүшесі, гвардия аға сержантты Жазықов Қожабайға Совет Одағының Батыры атағы берілді. Жазықов Қожабай Ұлы Отан соғысын аты шулы Екінші Украина майданы құрамында, Будапештте аяқтайды.

Фашизм оз үнгірі Рейхстакта тіс бұғіп, үзілді-кесілді талқандалып, женіліс тапқаннан соң, коп үзамай-ақ, жерлесіміз, бауырымыз Жазықов Қожабай аман сау қайтып оралып, барлық ауылдастары мен ағайындарын, туган шеңшесі Сарыалтынды, ағасы Молдағұлды, женғесі Ажарды, інілері Бақтығали, Шопендерді, тағы басқаларымызды оте қатты қуантып, мәз-мейрам стті. Батыр бауырымыздың туган үясына абырайлы оралуының құрметіне үлкен той жасалынды.

Бұл үлкен қуаныш болғанмен таңқаларлық жай емес-ті. Өйткені, соғыс кезінде ол аяқталғаннан кейін біраз уақытқа дейін, майданнан бір адам оралса, бүкіл ауыл, аудан болып оз үйінің бірге туган адамы келгендей қатты қуанатын.

Ұзақ уақыт 4-5 жылға созылған ауыр соғыстан ауылдан аман-есен оралған озінің батыр ұлы Қожабайды ауыл адамдары құшып сүюмен болды. Өйткені Қызылбұлақ ауылдының үйлері де, совет елі-жерінің басқа ауылдарындағыдай соғыс ауыртпалығынан мұлде қатты қажыған сі. Кейір үйлерден майданға аттанған 5-6 адамының бірі де тірі оралмай, түндігі жабулы қалғаны мұнда да бар-ды. Мұны өз козімізбен талай кордік.

Балалық шағынан білімге құмар, талаптанып оскен Қожабай бауырымыз ауылға орала салысымен-ақ Ақтобе педагогикалық училищесін толық тәмамдап, оны бітіргендігі туралы қызыл диплом алады. Байғанин аудандық партия комитетінде нұскауыштық қызмет атқарады. Осы қызметтес жүргендеге де келешек жастарға тиянақты да сапалы білім беріп, оларды тәрбислеу Қожабай ойынан ешбір шықпайды.

Оқу мақсатымен ол 1947-ші жылы Ақтобе оқытушылар институтының тарих факультетіне қабылданады. Аталмыш оқу орнын 1949-шы жылы үздік, қызыл дипломмен аяқтап, сол жылдың қыркүйегінен 1950-ші жылдың ақырына дейін аудан орталығындағы Жарқамыс орта мектебіндегі тарих

пәнінен дөріс беріп, үстаздығын әрмен қарай жемісті жалғастыра береді.

Ал, 1950-ші жылдың маусым айынан 1952-ші жылдың желтоқсанына дейін Байғанин аудандық оқу білім менгерушісі міндеттін атқара жүріп, А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтын тарих факультетінде сырттай оқып, оны да үздік бітіреді.

1953-1955-ші жылдары Ақтобе облыстық партия комитеттінің шакырым мен мұнда нұсқауышлық және аймақтық партия комитеттің секретарі міндеттін үлғілі де қалтықсыз атқарады, сибектері ескеріліп марапатталып жүрді.

1956-шы жылдан 1962-ші жылға дейін Жарқамыс орта мектебінде директорлық қызметте болады.

1959-шы жылы атальыш орта мектептес қырық жетін жас түлсі Совет Одағының Батыры Жазықов Кожабайдың директорлықлауазымды қол қойған көмслегеттік аттестаттарын қолдарына ұстап, қиялға қанат қағады. Бұл өрсндер атап-аналардың, үстаздардың, мектептің оздеріне артқан сенімдерін қазір де толық ақтап жүр деп айта аламыз, сол тоptың ішінен жиырма кісі жоғары дәрежелі білім алды.

Сонымен халқымыздың “Ерлік-ошпес мұра”, “Ер сімі әрқашанда ел сіндес” деген атальқ создері біздің заманымыздың шындығынан көрініп түр.

**Нұрлан Қалимағанбетов,
соғыс және еңбек ардагері**

БАЛАЛЫҚ ШАҚТАН БІР ЕЛЕС

Адамзат әрқилы заманды бастан ксішіріп келеді. Одақ тарағанға дейінгі орекшел қатаң тәртіп кімнің кім скенін білуге, ата-бабаларды ажыратуға мүмкіндік бермеді. Оз әксен-

нен ары қарай аталарыңды жіктесең, рушылсың деп рухынды төмсендеп, қыспаққа алатын-ды. Енді кейінгі жас үрпакқа кімнің кім скенін түсіндіріп, бұрынғы ірі тұлғалардың, батырлар мен билердің игі істері мен жолдарын баяндап берс алатын болдық. Мұны соз етіп отырган себебім - Совет Одағының Батыры Жазықов Қожабай ағамның шыгу тегін айтып, түсіндіру еді.

Біз алты атала Әлімнің ішінде Назар тайпасынан тарайтын Есентүгел тармағына жатамыз. Арғы атамыз Орынбайдан – Нәкібай, Майток, Тоқсанбай, Байбосын, Жанай, Сары. Осындағы Тоқсанбай - Қожекенің атасы. Одан Қарасай, Сарман, Жанбай, Жазық, Мұналбек, Шопай атты алты бала болған. Жазық әкеміз - скі әйсл алған. Алғашқысынан Нұрқасын, Нұргали, Тәшсін, Коныр, Молдағұл, Айтмырза туады. Бұлардың алдыңғы төртсөй бала кезінде қайтыс болып кеткен. Ал, Сарыалтын шешемізден Қожабай туған.

Біз Орынбайдың Сарысынан - Қалимаганбет - Мырзабек - Нұран болып тараймыз. Сонда Қалимаганбет пен Жазық белнемерс болады да, Қожабай ексуіміз шобсре туыспыз. Осы жерде мен бала кезімде озімнің әжемиен естіген бір әңгімені айтып бергенде жон көрсемін. Ол батыр ағамыздың аты Қожабай деп қойылғанына байланысты.

Қожабай дүниесінде келер қарсанында бірінші дүниежүзілік соғыс, азамат соғысы, одан Қазан тоңкерісі, актар мен қызылдардың шайқасы дегендей дүрбеслен шақтарды Жем-Сагыз онірі озі де бастан откерген. Ақырында қызылдар жесіп, билік жана оқіметтің қолына кошеді. Сойтіп, ел ішінде біршама тыныштық орнай бастайды. Дегенмен, қазакта жер дауы, жессір дауы, барымта-сырымта деген болып тұрған гой. Сол сияқты Назар-Табын рулары арасында жесір дауы туып, күннен-күнгес орши түсінің әсерінен екі жақтан да кісі олімі болады. Дау шешімі табылмай тұрған өр үй белдеуде

ат үстап, бесс қаруы сай сақ отырған кез скен. Темір уезінің Жем-Байсары болысына қарайтын біздің ауылымыз да осындаид үрсідің үстінде отырыпты. Бұл болыстың торағасы – Тоқсанбайдың Қарасайының Ешпаны скен. Бір күні болыс ауылымың түстік жагынан сүйт жүрісті үш салт атты келе жатады. Оны сыртта жүрген Жазықтың Молдағұлы кореді дс, үйде шейіп отырған болысқа хабарлайды.

- Жолаушылап жүрген адамдар шыгар, аялдайтын болса, қарсы алындар, - дейді. Шынында да жүргіншілер осы ауылға мәндай тіреп келс жатқан адамдар скен. Ауылға жақындағанда аттарынан түсіп, тізгіндерін қарсы алушы жігіттерге берсе салған олар үйге қарай жүрді. Молдағұл бұлардың Табын ауылымың жігіттері скенін таниды.

- Ассалаумагалейкум, болыс аға, - дес қонақтар ішке кірді.

- Уағалсайкұмассалам, торғе шығындар, - дес болыс солға таман ығысып отырады. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін Ешпан: - Барак батыр өулиснің ауылыман боларсындар, ана бір жылы Жазық ағама Сарыалтын жеңгемді алып берердс құдалыққа барғанымда танысқан Табынның қожасының балалары Қыдыр, Қожалы, Шәдіман деген жігіттерсіздер гой, - деді.

- Дұрыс айтасыз, аға, ұмытпапсыз, - дес қосарлана жауап берді олар.

Бұл жігіттер Құлғара бидің сөлемін жеткізіп, скі рулы ел арасында оршіген жанжалды бітімгершілікпен шешуге Ешпан болыстың жәрдем стүін сұрай келген скен. Қызы алып қашқан жақтың рулас жігіттерін жіберссе, тағы да шатақ туып кесте мс деген құдікпен, ол жақ қожаларды жұмсаңты. Сонымен бірге бұлар Тоқсанбай өuletінс құда, Жазыққа балдыз болған соң, даудың он шешілетінің үміттенген. Қонақтарын құрметтеген Ешпан Құлғара биге сөлем айтып, скі

жақтың ағайыншылықпен келісіүне барынша себепші бола-рына сендірді. Келгсн шаруаларының нотижелі біткенінс қуанған қожалар енді апа-жездесінс сөлдемдесіп кету үшін Жазықтың ауылына ат басын бұрады. Осында қонақасы жсп, бір күн тынығады да, жол жүргуг апа-жездесінс рұқсат сұрайды. Қожалардың аттанғалы жатқанын естіген Жабайдың әйслі - Бибіш (Сарыалтынның абысыны) бастаған келін-кепшектер жиналып келіп, Шәдіман қожага бал аштырды.

- Шырагым, Шәдіман, - дейді, - сабакты инс сөтімен, деген, құдай айдал озің келдің. Әруакты тұқымнан айтқаны құр кетпейтін бала дейміз. Мына апаң Сарыалтынның осы келін болып келгснінс 7-8 жыл болды. Өзі оусліде дс есейіңкіреп түскен еді. Сол өлі құнгс дейін жас істі бола алмай, қамығып жүр. Ойламаған жерден үшсүің бірдей келс қалдыңдар. Ой, құдай-ай, берді гой, бала берстүғын өулислер келді гой. Аллаға сыйынайық, кітабынды аш, Шәдіман.

- Апа, - деді Шәдіман кітабын ашып, - Аллатагала жарылқайын деп түр. Жақын арада жұкті боласын, үл табасын. Кітап-Номеге түсіп түр. Ұлың ержектен соң бүкіл слгс аты жайылған азамат болады. Аллатагала осы айтқанымды қабыл етсін. - деп ықыласпен батасын береді. Жазық балдыздарына риза болып ат мінгізеді.

Жарықтық қожалар берген бата қабыл болып, келер жылы күзде, яғни 1920 жылы қазан айында Сарыалтын шешеміз үл табады. Шілдеханаға бүкіл Орынбай өулесті түгел жиналады. Шат-шадыман болған көпшілік нәрестеге ат қою көрек деген үсінис айтады. Осы кездс Ешпанның әйелі Әбила рұқсат болса, мен бір ауыз сөз айтайын дейді. Копшілік: “Айтыңыз, айтыңыз” деп рұқсат етеді.

- Айтсам, бұл баланы қайынага мен Сарыалтын жснешеме әуелі құдай берді, қалды, құдай айдал келгсн Қарақойлының үш қожасы себепкер болды гой. Сондықтан оның

атын Қожабай қояйық, - дейді. Бұл ұсыныс үлкендерге жетіп, олар да мақұлдаиды. Шілдесханаға қатысып отырған Ілдіс ақын шарт жүгініп алғып дұға оқып, нәрестенің құлағына “Сенің атың - Қожабай” деген үш рст айқайлап айтып, ақ батасын борады. Сол Қожабай жиырма бес жасында Совет Одағының Батыры атағын алғып, слғс зор абырайым мен оралғанын, ауданда оның құрметтіне ұлан-асыр той жасалғанын озіміз араласып жүріп көргенбіз.

Жиырмасынцы жылдардың бас кезіндс ашаршылықтан елдің біраз күйзелгсі белгілі. “Жұт жсті ағайынды” дегендай оның үстінс тырысқақ ауруы шығып, біздің ауылға да үлкен апат өкелген ғой. Содан бас котерген азаматтар Егіндібұлактағы ата қонысын тастап, Жем бойына ауып келеді. Одан кейінгі мал-мұлікті төркілсу науқаны жүргізіліп, ол 1931-33 жылдардағы аштықпен ұласып кетті. Бұларды айтқандагы мақсатым – батырдың балалық шағының оте күрделі кезеңдегі өткіндігін сөксө салу.

Солай десек тс, Қожексендің балғын бала кезіндегі оның өмірінс қатысты еслулі оқигалар атаусыз қалған жоқ. Әкесден ерте айырылғанмен, ол ағасы Молдагұлдың торбиесіндс ел тірлігінс көзі қарақты ұлан болып осіп келе жатты. Оның алғашқы рст атқа мінүі, Молдагұлға еріп алғаш анға шығуы, алғашқы рст жаңадан ашылған мектепке баруы сияқты росімдер шағын болса да той сссбінде аталаип отілстін.

Алғашқы мектеп десекші, 1928 жылы болыстық басқару жүйесі таратылып, аудандар құрылды. Ауылдық Кенесстер пайда болды. Сол жылы Мырзабек деген ағамыз Тсмір ауданы 36-аудандық Кенесінс тораға болып сайланады. Соның басшылығымен ауылда кооператив болімшессі мен бастауыш мектеп ашылды. Мырзабек ағаның ауылда козі ашық, әжептәуір оқыған Жанар, Фани атты екі інісі болды. Солар алғашқы бастауыш мектептің ақысыз-пұлсыз ауыл балала-

рын оқытқан мұғалімдері болды. Осы мектепке Ессең, Олдән, Құдайбергсін, Жарылғас, Қаубай, Рақыш, Ақбесрген, Кожабай және басқа балалар оқуга барды. Менің жасым Кожекенің бірер жылдай кіші еді. Солай болса да балалық балдәурен шағымызды құліп-ойнап дегендей бірге откіздік. Мектеп табалдырығын да бірге аттадық. Сойтіп, біздін ауылымызда алғаш мектеп ашып, сауаттануымызға ықпал еткен Мырзабек аға отызыншы жылдардагы нөубеттің құрбаны болып кетті.

Бір жылы жазда ауылымызға Мырзалған Шәкір келді. Бұл кісі ауыл молдасынан хат танып, 15-16 жасына дейін Темірдегі Ахмет қалғеде оқып, сскішсіз білім алған. Кейіннен Орынбордагы мұғалімдер даярлайтын оқуга барып, оны 1924 жылы бітіріп шығады да, Темір уезіндегі Қонжар балалар үйінің негізін қалап, соның директоры болып тағайындалады. Бесс-алты жылда Қонжар мектебі үлгілі дәстүрі бар окуорнына айналады. Осы келген сапарында Шәкір аға ауыл азаматтарына бастауыш білім сатысынан өткен балаларды Қонжар мектебінде жіберу жонінде ақыл-кенесін айтады. Осындаи себеппен біздер Қонжар балалар үйінде оқуга аттандық, осында тәлім-тәрбие алдық. Шәкір аға басшылық еткен мектепте оқып, білім алған жастардың арасынан республикаға танымал кадрлар осіп шықты. Олар – С.Бәйішев, А.Жаймурзин, Ж.Амантаев, С.Балмұқанов, Ы.Тондығұлов, К.Сұлтагалиев, Т.Бәссенов, С.Имашев, Р.Құтқожина және басқа ардагерлер еді. Ал біздің алдымызда және бізбен қатар Қасым Тілеснов, Жарылғас Қонақбергенов, Омірзак Тағыбергенов, Кожабай Жазықовтар оқыды. Қожекен кейіннен Темір қаласындағы педучилищеге түсті. Онда бір жыл оқыған соң, Амангелді мектебінде мұғалім болып кетті. Осыдан бастап-ақ Кожабайдың өсу, орлеу жолы жалғасып жатады. Одан әрі оның майданға аттануымен, неміс-фашистерімен шайқас-

тардағы ерлік істермен ұласып кете барады. Ал сілгे оралғаннан кейінгі омірі мен қызметі аудан жұртшылығының көз алдында отті ғой...

Жарықтық, Қожексөң қазан айында омірге келіп еді, сол қазан айының 24-і күні (1982) мәңгілік үйқыга кетті ғой. Жақсы адамды қайтпас сапарға шыгарып салу қашшалықты ауыр болғанмен, жаратқанның ісінс шара бар ма?! Козінің тірісіндег ұлын үяга, қызын қияга қондырып кестеніне шүкіршілік стеміз.

Ниетжан Берікұлы,
педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент, КСРО
және Қазақстан Республика-
сы халық ағарту ісінің үздігі

ЖҰЛДЫЗДЫ РҮМЫР

Озінен үлкенге риясыз іні болған, озінен кішіге риясыз аға болған, қан туыстығын емес, жан туыстығын іздесген абзал жанды азамат, қоғам қайраткері Қожабай Жазықов бұл фәніндег көп іс тындырған-ды. Ол Шолак сайдай тасымайтын, адамның кемшіндігін қасымайтын, адамды аламайтын, мейлінше қарапайым жан болатын. Алды ақжайлау, кіслігі – кішілік, кішілігі – кіслік болатын, осылардың жиынтығын бір созбен айтсақ ол тұла бойы тұнған ізгілік, ұтигапттылық, инабаттылық, яғни адами қасиеттердің ең жақсыларын бойына сінірген-ди.

Аз омір сүріп дүниден откен Қожасен “біреуді жазғырыпты, не біреуді күндеп - коре алмапты, не біреудің сыртынан даттапты, не мансап дертінс ұшырапты, мансапкерліктің буына беріліпті, не біреуді қаралапты” дегенді ешбір құлак естімсеген де болар-ау! Озін қоршаған-

дарға шынайы адал қалтықсыз қайырымды болды. Қ.Жа-зықұлын осы қасиеттері үшін дс, табиғи мінез-қулқы үшін де, оміршен істері үшін де аралас-құралас жүрген бөріміз жақсы кордік. Козі тірісінде ілтипат көрсетіп, олең жолда-рын тізбектеп, жүрек жарды создерімізді арнаған болатын-быз. Айталық, Кожекен 50 жасқа толған мерсітойында Ақто-беден Байганинге әдейі сапармен барып, мынандай олең жолдарын арнаппыз:

Құттықтауга біз келдік,
Елуте шыққан жасында.
Қадірлейіміз әрқашан,
Бозғыл тартқан басыңды.
Сені көрсем күн сайны,
Қуанамын, шаттанам.
Кожекен біздің батыр деп,
Әлемге жар сап мактанам.
Ақ қайран Жемнің басында,
Лұпілден көңіл басылмай,
Жиырмага шыққан жасында
Аттандардық асылдай.
Соғыска кетті көп халық,
Жем – Сагызда сл налын.
Аяибай шаптың шын жаута,
Жанған отғы қақ жарып.
Қолды бастап Диепрден,
Сен ашқан жол жап-жарық.
Жаудан алған көпірден,
Оте шықты көп халық,
Сен жасаған ерлікке
Қуанғаннан жас тамып,

- деп, ол кісінің Отан соғысындағы слді таңқалдырған асқан ерлігін атап оттік.

Жас жігіт қиян шеттегі Сам құмына шектес жатқан Ой-мауыт ойындағы халық батыры Амангелді Иманов атындағы бастауыш мектепте мұғалім болып бала оқытып жатқан-ды. Ел штетінс жау тигенде, озі сұранып соғысқа аттанды. Қанды майданда бірнеше рет жараланса да саптан шықпай, ақыры арқыраған асау толқынды Дніспрдсн өскерді откізуде асқан срлік корсстіп, Кенес Одағының Батыры атағына ис болды.

1945 жылдың жазында Жарқамысқа өскерден жараланып, соғыстан аман-ссен Қожагали (сл ол кісінің ағасы Молдағалиге үйқастырып осылай ататын) келді, бірақ шын аты - Қожабай болатын, құжатта солай жазылатын. Атының екі түрлі аталуы ол кісіге оңайға түспеді. Оған батыр атағы берілген Указда “Қожабай” дес жазылған “Арызданушылар”: “Оның аты Қожабай емес Қожагали, Батыр атағы басқа кісіге тиісті демей ме?” Мінс осының салдарынан орталыққа бірнеше шакырылды. “Алтын атын ақымақ сондіре алмайды” дегендегі, Кенес Одағының Батыры шынында Жазықов Қожабайға берілгендей ақиқатталып жарты жылдан соң, бүкіл Жем-Сағыз бойы үлкен қуаныштың құшағына болсанді.

Кенес Одағының Батыры Жазықов Қожабайға сл зор құрмет корсстіп, халық өз перзентінің Ерлігінс сүйсінді. Ат шаптырып, ұлан-асыр той жасады. Елдің атын срі шығарады, ердің атын слі шығарады деген осы. Отан соғысының тарихында қазақ слінің үрпағы, қазақ халқының тағы бір адад перзентінің есімі мәңгілік алтын әріппен жазылып қалды. Оның аты үрпактан-үрпакқа үласатын, мәңгі тірі тұлғаның есімі. Ол есім - Кенес Одағының Батыры Жазықов Қожабай.

Соғыс аяқталды. Соғыстан қайтқан солдаттар да, соғыс кезінде сабан айдап егін еккен, мал бағып құнелткен жас наушалар да бітім майданына аттанып жатты. Қожексі Ақтөбс мұғалімдер институтының тарих факультетінс оқуга қабыл-

данды. Қызылбұлақтагы женгесін, бір інісін Ақтобеден кошіріп келеді екен. 1947 жылғы тамыздың соңғы күні Қарауылкелді станциясынан поездға отырдық. Сол поезда мұғалімдер институтында оқып жүрген Атырау, Байғанин аумагынан бір топ студенттер де келे жатыр екен. “Гурьев-Қандагаш” поезынан бәріміз де Қандагаш станциясынан түстік. Ақтөбесге жету үшін басқа поездға отыруымыз керек еді, бірақ билет болмады. Бірнеше поездға үмтүлдық, сш-қайсысы билестсіз алмады. Милиционерлер тамбурға мінгендерді ұрып, сүйреп түсіреді. Эрине, зан қоргаушыларды кінәлауға болмайды, тәртіп өрқашан да тәртіп қой.

Кошкенде бәрі керек болар. Кожекендерде самаурын, қазан, ыдыс-аяқ, тосек-орын, киіз-текемст өйтсуір жүк коп. Студенттер 5-8 жігіт жүктөрді болісіп алдық та, тамбурға жабысып, тисій бастандық. Бір көздердес 3-4 жагалы ксліп, шетімізден біздерді қуып, жүктөрді лактыра бастанды. Бас сауталап жүргендес, қол жүктөріміздің қайда қалғанын білмей, сандырактап қалдық. Қолымда бір самаурын, озімнің фанерден жасаган сандықшам, арқама танып алған бір шелск сок, бір бүйін сарымай, неміс шинслім болған. Қызылжагалылар құганда сандықшамнан айырылып қалдым. Ішіндес кітаптарым, жалғыз костюмім, 2-3 койлегім, тағы басқа дүниелерім бірге кетті. Тұттай жалаңаш қалдым, аяғымда тапочка, үстімдегі койлек пен женіл шалбармен гана қалдым. Мінс, соғыстан кейінгі азапты жылдардың біз бастан кешкен бір корінісі осындаї.

Кожекен институтта бірден беделге ис болды. Бәріміз сонынан сріп, онын алтын жүлдізының аясында басқалардың алдында оздерімізді ерекше мактанышты сезінетінбіз. Кожекенің жасы өнгс қосып айттар қайран жиырма бестен отіп бара жатқан кезі. Қыздармен таныса бастанды.

Батыс Қазақстан облысының Жымпіты ауданынан ксл-ген қазақ тілі мен әдебиесті факультетіндес оқитын коркем

келген Қаншайым Қожекене қатты үнады. Сұлтулыққа жаны үйір халқымыз ғасырлар бойы ерге адал жар, сенімді серік болар қыз боланың сымбатты мен келбеттілігінс, мінезі мен ақылына, тәрбиссі мен онегесінс көп мөн берген ғой. Қаншайым сол олшемдер мен талғамның бәріне дәл келетін-ді. Абай айтқандай соракы үзын да смес, қысқа да емес, оймақ ауыз, жайдары мінезді, бидайы онді, керілген ақ мандайлы, сұрмс қасты, маржан тісті, қыр мұрынды айтса, айтқандай қыз болатын Қаншайым. Менімен бір топта оқыды, бірге отырамыз. Жуастау оқытушылардың сабагы үстінде шымшып алып, кейде окпелстіп, кейде жылатып, болашақ женгемізбен ойнайтынбыз. “Қыз кору” - көдесін де біздер үйымдастырдық. Текті жердің қызы өдепті, коргенді, инабатты, іске шеббер, өте жақсы оқиды, еті тірі, қыншылыққа тозімді - деген мінездемслерді біз бсрдік Қаншайым туралы ағамыз сұраганда. Шынында да солай болатын-ды. Қожекен озі дс бір оқу жылы бойына ол қыздың бұгс-шегесінс терен үңілген болар, өзінс үнайтын тенім деген болар оқу жылы аяқталып скі жылдық окуын Қаншайым да аяқтағанда, атамекені Қызылбұлағына сол қалындығын ертіп кетті.

“Косылса екі жақсы хан сектілді, ләzzаты бір-біріне бал сектілді”, - дегендей Қожабай мен Қаншайым аз гұмырларын ғасырдай үзак қуанышта откізді десск, асыра айтқандық болмас. “Алған жарың жақсы болса, бірінші иманың, скінші – жиганың, үшінші – мейманың тұрағы” деп бұрынғылар айтқандай болды, олардың атбасы үлдарын үяға, қыздарын қияға қондырып, арттарына “тұған балаң жақсы болса, скі коздің шырағы” дегендей үрпақ оздерінің коздерін қалдырыды. Қожекеннің жар таңдауы мен отбасы қызықтарының қуәгері рестіндес осы сәттер дс ойымызға онынан оралғасын ескес алдық. Ол айып бола қоймас. Кесіндес олсұмсңыз былай деген едік:

Көп тілсі қол деген.
Сол тілкетен нәр алған.
Баянды болсын бақыттың,
Мәңгілікке жаралған.
Бақытты болсын үршагың,
Аты әлемге таралған.
Өмірінің жағасы,
Қашатың боп қырандай.
Балалардың мамасы
Ақ жібек қиял құсындаі,
Қаншайым ханым жайнасын,
Сәнді өмірдің тусында-ай!

Ия, Қаншайым да үзак ғұмыр сүре алмады. Аз ғұмырында коп істер тындырды. Озінен дс онген үрпақтары, үстаздың атын шыгаратын онсегелі шәкірттері - Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің үздігі Қаншайым Нұрмановы - Кенес Одагының Батыры Жазықов Қожабайдың асыл жарын ұмытпас! Оның аруағы алдында өрдайым тағым стuge тұрарлық тұлға.

Жазықов Қожабай туралы коп жазып, слге белгілі жойтарды қайталамай-ақ оқушы қауымды жалықтырып алмау үшін, слу жылдығында озі сстігсін жолдармен естелігімізді тәмамдауды жөн кордік.

Оймауыттың ойында.
Жем – Сагыздың бойында.
Ақботаның қасында,
Ұлы Самның ортасында,
Мәстағаттың қырқасында,
Қоскодің жагасында.
Еңсітің сағасында,
Қызылбулақ сайында.
Жылында емес айында,
Қожексен жүрген жатыр жол –
Үлкен жүрек Батыр-ол!

Евразияны шарлаған,
Ел бакытын барлаған.
Елі үшін терлеғен,
Құлашын кенге сермеген.
Батыры еді елімнің,
Кішінейіл орқашан,
Сыйлайтын оны барша жан.
Агарған шағын ақылдан,
Мәртебесі биік баршадан.
Жаны таза молдірдей,
Қызылбұлак осындай.
Қарашайым сал мінез,
Жана туган құлындай.
Ақылдың кені дана еді,
Абай-ата ұлындай.
Сексиге келіп отырсаң,
Корер-ек тағы толғашы.
Қасымызда сен тұрсаң,
Құшар едік қомданып.
Тілекті құдай бермеді,
Көп жыл өтті көрмедік
Жаның болсын жәниатта,
Жақсы керек ол жаққа!
Олсең де сен тірісің,
Әтуагың керек қазакқа!

Сматолла Беркімбаев,
дербес зейнеткер

ЕСІМІ МӘҢГІ ӨШПЕЙТІН АЗАМАТ

СОКП Орталық Комитетінің 1954 жылғы қазан Пленумынан кейін бұрынғы территориялық-әкімшілік құрылымдар қалпына келтірілді. Кезінде таратылып, басқа аудандарға

қосып жібергсін аудандардың қатарында Байганин ауданы да қайтадан қалпына келіп, орталығы Қарауылкелді станциясында шаңырақ котерді.

1965 жылы қантардың 12 жүлдөзында Қарауылкелдіде Байганин ауданы коммунистерінің аудандық партия конференциясы откізіліп, конференциясының делегаттары аудандық партия комитеттің құрамын сайлады. Аудандық партия комитеттің Пленумы мені аудандық партия комитеттің бірінші хатшысы етіп сайлады. Сонымен бірге пленумда аупарткомның болім менгерушілері мен нұсқаушылары бекітілді. Кожабай Жазықов нұсқаушының бірі болып тағайындалды.

Сойтіп мен 1965 жылдың қантар айынан бастап Қесес Одағының батыры Кожабай Жазықовпен бірге қызметтес болды. Ардақты ағамыз Кожабайдың бұл дүниесден озғанына бірнеше жылдар отсек де, оның жарқын бейнесі, асыл тұлғасы, іс-әрекеттері онымен бірге қызметтес болған жолдастарының сеңіндес мөнгі сақталуда. Қожекен тапсырылған іске үнсімі үлкен жауапкершілікпен қарайтын, тиянақты орындаитын. Кокірек котеріп, мақтануды білмейтін жан еді.

Аудандық партия комитетінде аз уақыт қызмет істегеннен кейін, Қожекен аудандық атқару комитеттің топағасының орынбасары қызметтің жоғарылатылды. Бұл жауапты жұмыста ол, туган ауданының мәденистін, экономикасын котеруға барлық білімін, күш-жігерін аямай жұмсап, мейлінше адал қызмет стті. Соның арқасында Қожекен аудан партия активімен еңбекшілері арасында үлкен абырайға ис болды.

1971 жылдың жазында аудан колеміндес мұлдас жаңбыр жаумай, қатты қуаңшылық қалыптасты. “Оймауыт”, “Матайқұм” кеңшарлары өскери зонадағы Дауыл, Шошқакол өнірінен мал азығын дайындауға мәжбүр болды. Ал, бұл жақтан дайындалған қыруар мал азығын қыстактарға тасып

жеткізуге көншарларда техника құші жеткіліксіз сіді. Міне, сондықтан дайындалған пішеннің қар түсінеше тасылмай, далада қалып қою қаупі түрді. Сол кездес облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.И.Жулингс алыс жерден дайындалған мал азығын тасымалдаудағы қалыптасқан қын жағдайды мөлімдеп, “Оймауыт”, “Матаікүм” көншарларына фондыдан тыс қуатты бірнеше К-700 тракторларын беруді сұрадық. Н.И.Журин ондай мүмкіндіктің жоқ скендігін айтты. Біздер, олай болса Ленинград қалалық партия комитетінің атына қуаңшылыққа үшірап, ұлксен қындық коріп жатқан шалғай шол далада орналасқан мал шаруашылығымен айналысатын ауданға обком атынан жәрдем корсстуді сұраған қатынас қағаз беруді сұрадық. Осы жұмыспен Кенес Одағының Батыры Қожабай Жазықовты жіберестінімізді айттық. Бұл ұсынысымыз қабылданды. Қожексін іссапармсын Ленинградқа барып, қалалық партия комитеті хатшысының қабылдануында болып, шаруасын орындалап, елге оралды. Коп кешікпей-ақ қуатты алты К-700 тракторлары ауданға келді.

Алystағы әскери зонадан дайындалған мал азығын аталаған совхоздар жылы күзде қыстақтарға тасып алды. Қожексінің осы сөтті сапары арқасында бұл шаруашылыққа мал қыстату науқаны үйымшылдықпен откізіліп, саулықтар қыстан күйлі шығып, шопандар қауымы толді коп алды.

Аудандық Кенес атқару комитетінің тарағасы К.Алтаев басқа қызметкес ауысып, орнына облыстық ауылшаруашылық басқармасы бастығының орынбасары болып қызмет атқарған Мұрат Жүсіпов келді. Ол бір жыл жұмыс істегеннен кейін, орта мектеп жанындағы ағаш осекен аланың қасынан екі үй салғызады. Бұл үйлердің құрылышы біткен соң біреуіне озі кірестінін, ал скіншісіне Сіз кірсөніз қайтедідеді. Мен ол үйге кіруден бас тарттым. Ол үйге аудандық

атқару комитстінің орынбасары Қожабай Жазықоғтың кіргені лайықты болар дедім. Ол кезде Қожекен теміржолдың арғы бетіндегі жеке үйінде тұратын. Сонымен жаңа үйге Қожекенің отбасы орналасты. Қазірде сол үйде үлкен баласы Балғали тұрып жатыр.

Зейнеткер болған ардақты ағамыз науқастанып, кенеттөн қайтыс болды. Бүкіл аудан жүртшылығы жиналышп, ақырғы сапарға шығарып салды, қайғылы қазасына ортақтасты.

Қожекенің 75 жасқа толуына байланысты зайыбы Қаншайым, балалары, тума-туыстары ас беріп, атап отті. Облыс орталығынан Қожекенмен бірге қызметтес болған бір топ азаматтарды облыстық соғыс жөнс сіңбек ардагерлері Қсөсінің торағасы Асанғали Шынбаев бастап барды. Аудандық мәденист үйінс көп халық жиналышп, аудан өкімі Түрікпенбай Айжарықов мәжілісті бастап, Қожекенің жолдастары соз сойлеп, еске алдық. Кесенесінің басына барып, гүл шоқтары қойылып, құран оқылды.

Ақтобе қаласының әкімі Елсусін Сағындықов мырзадан Қожекенде бұрыннан білетін қазір қалада тұратын ардагерлер: Қалау Рыскелдин, Сәндіғали Хұсайынов, Ниетжан Беріков, Жадығүл Құлмаганбетов, Сматолла Беркімбаев, Шора Атантовтар кол қойып Қожекенің есімін үрпақтар есіндес мәңгі қалдыру мақсатында қаланың бір кошессін Қожабай Жазықоғтың атымен аталуын сұрап отініш жасадық. Қала әкімі бұл үсынысты мақұлладады. Қалалық мослихаттың сессиясы бұрынғы Донской кошесін Қожабай кошессі болып аталын, деген шешім қабылдады. Сойтіп, Қожекенің есімі Ақтобе қаласынан мәңгілік орын алды.

Қожекенің зайыбы Қаншайым женгеміз ұлағатты үстаз сді. Қарауылкелді орта мектебінде көп жылдар бойы қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабак берді, ауданының озат оқытушысы болды.

Қожекең мен Қаншайым жәнгеміз бесс бала тәрбиелеп осірді. Олардың бәрінс жоғарғы дәрежслі білім алуларына жағдай жасады. Тамара, Балғали, Макпал - ата-ана жолын күған ұстаз, Темірғали - инженер, Лаура - дәрігер, қаладағы N 2 сімхананың бас дорігері, қалалық мөслихаттың депутаты, қаланың қоғамдық омірінс белсене қатынасады.

Біздер жасы үлкен ағалары Қожекең балаларының жақсы істерінс сүйсініп отырмыз.

Ардақты азамат, Кснесс Одағының Батыры, Байғанин ауданы топырағының абзал перзенті, Қожабай Жазықоңтың дүниес салғанына коп жылдың жүзі болды. Мәңгілік омір жоқ, ол табиғат заңы. Бірақ Қожекеңдегі азаматтың есімі үрпактар есіндес үдайы сақталары созсіз.

**Орынбасар Мұңайтбасов,
дербес зейнеткер**

ҚОЖЕКЕҢ - ТАБИҒАТЫНДА ҰСТАЗ

Етск-жәні жинақы келген, етсіз қыр мүрнына жақын орналасқан қос жанары срекшс түс бсріп, астыңғы қайқылау срні оны қоректендіре түскендей, келбетті, шагын денелі, ақ шашты кісі менің коз алдымға кешегідей елестейді.

Осы бір жылы жүзді, асыл аға, абзал жанды үлкен дс, кіші дс, лауазымы жоғарылар да, қатардағы қарапайым сұбекксер дс аса құрметпен “Қожекең” дсп айтушы сді. Әринс, қазакта “Пөленшесе”, “тұғсншесе” дсп үлкенді сыйлау, құрметтесу белгісі ретіндес сртеден-ақ омірге снгсен, ол қазір де жалғасып келеді.

Алайда бұл соз Қожекеңс арнап айтылғанда одан адамның сол кісіге деген шынайы мейірімі, тесрі достығы, адал жолдастығы, ақ пейілі көзге үрып түрғандай айқын сезілстін.

Осындағанда елінс қадірлі болған азамат. Совет Одағының Батыры Қожабай Жазықовтың жасы жаңа гасырдың басы - 2000 жылы дәл 80-ге толады екен. Ол Байғанин ауданының топырағында туып-осіп, бүкіл саналы ғұмырының тыныс-тіршілігін, жалпы оз тағдырын соңғы демі біткенше туған жерінсін ажыратып алғысыздай тығыз байланыстырган адам.

Батыр ағаны сырттай естігенім болмаса бұрын кормегенмін. 1949-50 оқу жылында онынши класта оқып жүргенімізде тарихтан сабак берді. Сол жылы Ақтобе оқытушылар институтын бітіріп келген екен. Біз оған қызыға қарайтынбыз және оның сабагын асыға құтстінбіз. Басын шалқайта үстап, ойлы қозімен класты бір шолып шығып биязы да ырғакты дауыспен әр созін салмақтай түсіп жаңа сабакты бастап кеткендеге оқушылардың назарын озіне еріксіз аударып алатын. Оқиғаның болған уақытын, оның мазмұны мен мәнін, жеке адамдардың аты-жонін есте үсташа арқылы тарихты менгеруге болатындығын жи ескертіп отыратын. Біз де солай жасауға тырысатынбыз.

Менің өзім сол кісінің ықпалы ма, тарихшы болуды армандағытынмын. Есімде қатты сакталыпты, математикадан сабак беретін бір ағай оз сабагы үстінде “Сені осы Қожекен тарихқа жақсы дейді гой” - деп мысқылдағандай сынай танытқаны. Онысы орынсыз да емес еді, мен математикадан шорқақтау болым, тіпті сол пәнді онша үнатпайтын да едім.

Қожекеннің сабакқа енгенде көрсектіш таяғы мен картасы қолынан қалмайтын. Әсірсесе екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбында айтқанда ерекше бір сезімге боленстін. Біз сол оқиғалардың бәрінің де бел ортасында Қожекен ағамыз жүргендегей шынайы мактанды сезіміне болсистінбіз.

Онынши класты бітіргесін, мен Орал педагогикалық институтына оқуға, тарих емес, сол кезеңде аудан

мектептеріндегі маман жетіспейтін жаратылыстану факультетіне түстім. Оны 1955 жылы бітіріп аудан орталығындағы озім он жыл оқыған мектебіме жұмысқа орналастым, дәл сол жылы Қожекенмен жолымыз қайта тоғысты, бір жыл оқытушы, келесі жылы мектеп директоры болды. Содан 1961 жылға дейін мектепте бірге жұмыс жасадық. Бірде сабагыма келген Қожекен “Сені тарихшы болмады-ау дейтін едім, есесіне жақсы химик болып шыққаныңа көзім жетті” деген сөзін өлі күнге мақтанышпен еске түсірсемін.

Сол бір жылдары мектеп үшін Қожекеннің басшылығымен коптеген істер тындырылды, мектеп жаңынан қосымша оқу корпусы, жана шеберхана салынып пайдалануға берілді, мектеп, жатақхана тоңірегі көгалдандырылып, коріктендірілді.

“Жұбанияз бұлагы” деп аталатын Жем арнасына жақын жерден бақша участігі игерілді. Одан жылма-жыл мол өнім алынып, интернатқа қысқа керекті картоп дайындау, артық онімді сатып, түскен қаржыны мектептің материалдық базасын нығайтуға жұмсау дағдыға айналды. Осы істердің басықасында болып, қолма-қол басқарған Қожекен тап осы жылдары озінің үстаздық-үйымдастырушылық істі жетік білестін қабілетін айқын корсетті. Сол жылдары мектепте үстаздық еткен, кейін облыс, аудан колеміндегі жауапты қызметтерде болған Нәріков Эйладір, Тойжанов Отеміс, Сарыбаев Сұндет, Тасқынбаев Хамит, омірден қыршын кеткен аяулы жазушы Жармағанбетов Тобық, үздік математиктің бірі Мұқанов Насыролла тағы басқаларымыз Қожекеннің ойлаған ісін жүзеге асыруға дұрыс қолғанат бола білдік деп ойлаймын. Етсес жақындастып кеткеніміз сондай ол кісімен ағамыздай сыйласумсн бірге, срекелеп өзілдесуге де баратынбыз. Оны Қожекен жақсы түсінетін де еді. Оның мінезінің бір ерекшелігі – созге сараңдығы, алғашқы корінген адамға

түйықтау корініп, шешіліп сойлемейтіндігі. Бірақ Қожекен белгілі бір тақырыпта талас туа қалса немесе бір нәрсеге басқа бірсудің козін жеткізу қажеттігі туса өл озінің логикалық шеберлігін айқын танытып, нақты фактілермен жанжакты дәлелдейтін.

Әлі сімде жогарыда аталған жолдастардың біркатаres bар, даладагы бақшага балалармен бірге жұмысқа баратынбыз. Жемнің жағасында дес алып отырганымызда бірдес қайсысы екенін ұмытыппын, мүмкін Тобық болар: “Осы, Қожекен, Сіз батыр атағын қандай срлігіңіз үшін алдыңыз” – дес тотенген сұрақ қойды. Қожекен ойлы жүзімен айналаны бір шолып шығып, бәрімізді дес ынтықтыратын сұрақ екенін түсінген кейіпсен әнгімесін бастап кетті: Мен соғыска 22 жасымда бардым. Оган дейін Оймауыт селолық Советтің қарасты Амангелді атындағы бастауыш мектепте оқытушы болып жасағанмын. 1942 жылы үш ай Бугурруслан қаласындағы атқыштар курсында дайындықтан отіп, алты айдай Воронеж майданында пулеметчики болімшессінің командирі болып соғысқа қатыстым. Осы шындалу мектебінен откеснен сон, сол жылы тамыз айында атқыштар дивизиясының барлаушылар болімшессінің, кейін взвод командирі болдым. Содан үш ай бойы 1945 жылдың қантарына дейін осы қауіп-катель мол жауынгерлік міндетті атқаруга тұра келді. Кеменің кабыргасының қалындығын олшеп коріп бір философ: “Кемешілер олімінен 4 елі ғана қашықтықта жүреді” екен дегендегі барлаушылар да әрбір жорығында оліммен бестпес-бет кездессуте баратындей сі. Бір жақсы жері менің қарамагымдағы жігіттердің ынтымақшылдығы, батылдығы бір-біріңсай жастар сі. Олар тәртіпті бұлжытпай орындауымен қатар озара тез үғынысатын, киындыққа мойынмайтын, әр уақытта бір-біріңс комеккес келстіндей дос-бауырға айналды. Менің олармен қатынасым да кіршіксіз достыққа

негізделді. Соның нәтижесі болар берілген өскери тапсырмаларды кобінс мұлтқасынан да орындаған жаудың стратегиялық бекіністерін, шабуылға қолайлы осал түстарын, озендер мен батпақтарын, қолайлы арналарын анықтау, қажетті жағдайда оз өскерімізге көздессестін кедергі тоскауылдарды алдын-ала жою, “тіл” экслу тапсырмаларын орындағанымыз үшін жігіттермен бірге озім де, үш жыл ішінде “Ерлік үшін” медальмен, “Қызыл жұлдыз”, үшінші дәрежелі “Данқ” ордендерімен наградталдым. Бірде жаудың блиндағына шабуыл жасап, бір неміс офицерін “олжалап” оз жағымызға бүкіл құрал-жабдықпен аман өксліп тапсырдық. Сол офицердің планштінен табылған мәлімет біздің дивизияның нәтижелі шабуылға шыгуына мүмкіндік жасады. Осы сәбектеріміздің нәтижесі болар 1945 жылы 4 апельде маган “Алтын жұлдыз” және “Ленін” ордені қоса тапсырылды, - деп Қожекен әңгімессін тиянақтады. Соғыста жойып жіберу, талқандау, қырып салу болмаса женіс тे жоқ. Барлаушы да ондайдан қашық кете алмайды, бірақ талай көздессулдерде трибунада ондай создерді айтуды озінен қол кормсайтін, бұл туралы әңгімеде озінің түйік салмақты мінезінен сшір ауытқымайтын Қожекеннің, ол басқарған взводтың срлігі Қазақ Совет Энциклопедиясының 4-томынан 217 бетіндес толық көрсетілген.

1961 жылы Қожекен аудандық мәдениет болімінен бастық, одан аудандық партия комитетінен лектор-консультант болып кетті. Содан Темір, Байганин аудандары қосылғанда Қожекен Темір ондірістік партия комитетінен нұсқаушы болып, үйі соған кошіп кетті.

1965 жылы Байганин ауданы оз дарбестігін қайта алып, Қарауылкелді станциясының басына қоныс тепкенде Қожекен аудандық партия комитетінде нұсқаушылыққа келіп, жолымыз қайта тоғысты. 1968 жылы Қожекен аудандық

Совет атқару комитеті тарағасының мәдени жұмыстар жоніндегі орынбасары қызметіне барып, құрметті пенсияга шыққанша сол орында жасады. Мен бір жылдан соң аудандық партия комитетінің үйымдастыру болімінің менгерушілігінс бардым, осы жұмыста тапжылмастан 21 жыл жасаппын. Осы жылдарды да Қожексөмсөн жиі көздессіп кабинетінс барып солемдессіп, отбасылық жағдайда да арас-құралас болып тұрдык.

Қожексөн табигатынан үстаз еді. Ол оның ісінен, сөзінен корініп тұратын. Бір күні әңгімс арыз жайлы болды. Сонда Қожекен арызды кімғе тексерту жөнс қалай тексеру керектігінс токтала келіп, ертедес грек философы Биант: “Екі досынның арасындағы талас мәселесін шешкенінен, екі дүшпанның арасындағы мәселені шешкен жақсы, ойткіні досынның бірі жауына айналады, ал жауынның бірі досына айналады” десен сөз. Осындай жай омірде көздесс берсіді дегені бар. Осы мысалдың растығына талай рет козім жетті.

Қожексөнің козі тірісінде біз оны әрдайым үстаз тұттық.

**Әйладір Нәрікұлы,
зейнеткер**

ҚАМҚОР АҒА

Совет Одағының Батыры, ардақты азамат, асыл аға Қожабай Жазықовпен бірнеше жылдар бірге қызметтес болды. Мен 1955 жылы институтты бітіріп келгенінен кейін Жаркамыс орта мектебінде математика пәнінің мүгалімі болып орналастым. Қожекен 1956 жылы осы мектепке директор болып тағайындалды. Бір жылдан кейін мені өзінс жәрдемші, яғни оқу ісі жөніндегі орынбасары етіп, қалап алды. Содан 1960 жылдың қыркүйегіне дейін аудан орталығындағы ең

үлкен, талай үрпактар, слідін белгілі азаматтары (ғалым, ақын, жазушы, қоғам қайраткері) болған адамдар оқып, дәріс алғып, торбисленген білім ордасының ыстығы мен сұығына, абырой-атағына бірдей ортақ болдық.

Мен Қожекеңді жан-жақты, өтс жетс білдім деп айта алмаймын. Ол қарапайым да кішіпейіл, аса ұстамды, байсалды, асып-саспайтын, мақтанып тасымайтын, коп сырлы тұлға еді. Сондықтан да ол кісінің сырын, жан дүниссін, қабілесті мен қасиестін толық біліп, түсіндім деп айту кімге де болса артық болар еді. Дегенмен Қожекең ағамызбен бірге жүріп, қызметтес болған жылдардағы естс қалған кезеңдерді, озімнің ағага деген шынайы созімімді естелік кітапқа ұсынуды жон көрдім.

Менің 1957 жылы 22 жасымда мектепте оқу ісінің менгеруші болып тағайындалуыма Қожекеңнің қарсы болмай, күптағанын білсемін. Бір жылдай гана қызметтес болған мерзім ішіндес ағамыз кімнің кім екенін тани білген гой деймін. Мен бұл жерде озімді дарын едім деп мақтанудан өсті аулақпын. Айтайын дегенім - Қожекеңнің жаман менен жақсылы, ақ пенен қараны ажырата білстін, шолақ кесіп-пішпейтін, әр нәрсеге де терсің үңілстін, жастарға шын мәнінде қамкоршы, ақылшы, сыншы болғандығы.

Мектептің сан қылышы, үшан-теніз оқу-тәрбис жұмысына байланысты мосслелердің бәрін Қожекең маган сеніп тапсыратын. Мен де оны дұрыс түсініп, корсетілген сенімді үлкен жауапкершілікпен, тындырымды актауга бар қүшім мен білімімді аямадым.

Қожекеңе кобіне мектептің шаруашылық жұмыстарымен айналысуға тұра келді. Ойткені - отызыншы жылдарда салынған мектеп таршылық етс бастады. Қосымша класс бөлмелерін, еңбек сабактарын откізстін шеберханалар салу қажеттілігі туды. Оған ақша-қаражат табу керек болды. Ол

кездे дс орталықтан коп қаржы берілс қоймайтын. Қожекен аудан басшыларымен, колхоз басқармаларымен сойлессіп, тіл табысып, ақша табу мәсслесін шешті. Сойтіп, бір-скі жыл ішінде бастауыш кластар оқитын болмелер, балалар жатақханасының үйі, шеберханалар салынып, оларға құралжабдықтар алынды. Бұл онай смес, қыруар сибек болатын. Қожекен срінбей-жалақпай, соңынан қалмай, жас оспірім үрпактың сапалы білім, саналы тәрбис алуына жағдай тузызуга белсендегі кызмет етіп, бітірді.

Үкімет басына Н.С.Хрущев тұрган жылдары жан басына шаққанда ет пен сүт ондіру жонінде Американы қуып жетіп, озып шығу деген үран тасталды. Осыған байланысты мектептерге дс бірқатар істерді атқару жүктелді. Оқушыларды тез осстін үй қоянын осіруге жұмылдыру жоспарланды. Ал оны іс жүзінде асыру үшін тағы да қаражат табу қажет болды.

Қожекен ағамыз мұның да рстін тапты. Алғашында қоян осіру жатақхананың ескі үйінде қолға алынды. Оның сідсін жер болатын. Үй қояндары ін қазып алғып, тағы болып кетуге айналды. Барсаң, інгс кіріп, шықпай қояды. Олардың жер астындағы іні ішінде не күй кешіп жүргенін, қожектеп жатыр ма, жоқ па, саны қанша болды білс алмай, басымыз дал болды. Эрі карай бұл қалпында қалдыруға болмайтын сіді. Жаз шыға Қожекен “Ақжар” колхозының басқармасы К.Жұмагалиевтің қоян үстайтын үй салуга көркесті қаражатты сұрап алды. Тез арада шағын құрылым аяқталып, едені цементтесліп, өр қоянга болек үйшік жасалынды. Енді қояндар ін қаза алмайтын болды. Барсаң, бұрынғыдан қаша жонелмейді, сол жерде қожектейді. Бәрі коз алдында. Бір қиын болғаны, таршылық уақыт қой, отын тапшы, пеш салынбаған болатын. Қыстың аязды құндарі жана туған қожектер тоңып, қатып қалып жатқан кездері дс болып тұрды.

Тагы естс қалған жәйт мынау. Жогарыда айтылғандай, Қожекен жастарды баулып, жон сілтеп отыратын. Ол кездес жогары класс оқушылары жазғы демалыс кезіндеги колхоз-совхоздарға ондірістік практика деген атпен жазғы маусымдық жұмыстарға жіберілестін-ди. Оқу жылшының аяғына та-ман 1959 жылдың май айының ішіндегі аудандық мәдениет үйіндегі совпартактигің жиналысы отті. Онда шаруашылық басшылары, партия үйымдарының жетекшілері түгел жиналды. Осы үлкен жиынды пайдаланып, оқушылардың ондірістік практикасын оз мәніндегі, талапқа сай үйымдастыру, оларға тұрмыстық жағдай туғызу туралы айту көрек болды. Бұл міндетті Қожекенниң маган жүктегені бар смес пе. Шынымды айтсам, абыржыңқырап қалдым. Жас жігітке мұндай ауқымды топ алдында, елдің ығайы мен сығайы жиналған активде сойлеу оңай болып па? Күмәнімді, жүрексінестінімді және ойдағы бар мақсатты жеткізе аламын ба деген күдігімді айтпай қалғаным жоқ. Қожекен болса, маган жігер беріп, қайрай түсті. “Ел азаматтары саған жас бала смес, басшы кадрлардың бірі деп қарайды. Аудан активтерімен, сл омірімен араласып, озінді де көрсете білуің көрек” – деген ақыл-кесесін білдірді. Ойлап қарасам, ол ағаның ініге деген шынайы қамкорлығы, болашақты ойлағаны скен. Конуге тұра келді. Үлкен жауапкершілік жүктелгенін сезінгенім сондай, көп ойланып, айттар пікіріммен ойымды жинақтап, бір жүйесе келтіргеншіс маза таппадым. Эйтсуір, абырой болғанда, бәрі де оз мәніндегі, жақсы шықты деп баға берілді. Қатты қуандым.

Қожекен мінезі кең, алды ашық, асқан сабырлы, шамалыға апшып, қаймыға қоймайтын жан сді. Оған бір мысал 1958 жылдың қыс айының біріндегі ата-аналар жиналысы шақырылды. Әдестіншіс, мектептегі оқу-тәрбис жұмысының жай-күйі, ата-аналардың міндеттері туралы сөз болмақшы.

Мұндай жынындарда баяндаманы мектеп директоры жасайтын. Бірақ сол күні Қожекен тығыз шаруасы килігіп, жиналыс откізуді маған жүктеп, кетіп қалған еді. Мен керекті материалдарды жинақтап, мықтап дайындалып-ақ алғанмын. Ойткени ата-аналар ішінде әртүрлі мінезді, түсініктері өр қылышадардың болатыны маған жақсы мәлім.

Корсстілген мерзімде, кешкі сағат 7.00-ге ата-аналар жинала бастады. Сол күні мектепте гана смес, бүкіл аудан орталығында жарық болмай қалғаны. Ол кезде электр жарығын қарангы түскенмен түнгі 12.00-1.00-ге дейін шағын дизель электростанциясы берстін. Соған сеніп кеткенбіз ғой, керосин шамдар дайындалмай қалыпты. Қырыққанда, мектептің шаруашылық жоніндегі менгерушісі де табыла қоймады. Амал жоқ, ата-аналарды таратуға тұра келді. Катты қысылдым, үят болды, сліді жинап, әлсек еттік. Онымен коса, сол күні жиналысқа ата-ана ретінде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Абатовтың кесе қалғаны бар смес пе. Ертесіне болған жағдайды Қожекенсөз айтып жатырмын. Маған дейін аудандық оқу болімінің менгерушісі А.Сойталин телефон соғып үлгерген екен. Эрине, оған Н. Абатовтың айтқаны көміл.

Қожекен менің қысылып тұрганымды сезіп: “Әйладір, сен саспа, бұл жерде сенің кінән жоқ. Элсектр жарығымен қамтамасыз етпей отырған аудан басшыларының өзі кінәлі. Мен оларға солай жауап бердім” – деді.

Қожекенің сксуіміз оңаша отырғанда шын нистімен ақыл ретінде маған айтқан мына бір создері үміттылмай, сенімде қалды. “Әйладір, - деді, - үйленіп, үй болу керек, “бас скес болмай мал скес болмайды” деген қазактың ұлагатты қарттарынан қалған соз бар. Жар таңдауда жаңылыспа, озіңе тең, білімі бар, маман адамға үйленесең, бұралан-бұлтарысы болмай тұрмайтын тұрмыс жолдарында түсінікпен, сыйластықпен омір сұруге болады”.

Ат жалын тартып мініп, жұмыс істеген бес жыл ішінде (үйлесгенге дейінгі) талай адамдар үйлесу туралы көңес берді гой. Бірақ солардың ішінде Қожексінің жоғарыда келтірілген ақыл-көңесі коніліме үялап қалыпты.

1965 жылы Байганин ауданы қайтадан қалпына келтіргенмен кейін, Қожексімен аудандық партия комитетінің аппаратында бірге жұмыс жасастық. Мен үйымдастыру болімінің менгерушісі болып сайланым да ол кісінің көзінің көлісімі бойынша аудандағы партия комиссиясы председателінің міндестін атқаруды жүктеп қойдық. Бұл аса жауапты, адам тағдыры шешілетін жұмыс болғандықтан, омірден коргені мен тоқығаны мол, тәжірибелі, білікті адам растінде Қожексінен сенім корсетілді. Қандай бір шисленіскен, қыын да даулы мәсслелерді шешуде Қожексін аса байсалдылық пен білгірлік корсеттін.

Бір мысал. Абай атындағы совхоздың партком секретары А. Жаналиннің үстінен облыстық партия комитетінің атына арыз түскен екен. Совхоздан ішіп-жеп қойды, үйтті де бүйтті деген фактілерге толы. Арызды тұксеруге Қожексін сксуміз бардық. Ондағы ойымыз-арыз жазушы сол слідің адамы. Ондағылар Қожексінің жерлестері, ағайын-тума, жекшілдіктери болып келеді. Ел азаматтарының ара-жіғін, туыстығын, мінсіз-құлқын Қожексінен артық білетін адамды табу қыын. Ауылдық жерде мұны ескермессе, ынғайсыз жағдайға кезігіп қалуын қыын смес.

Жаз айы болатын. Арызда коп адамдар аты аталған: малшылар, механизаторлар, ауыл активтері. Олар әр жерде, мал жайылымдарында, дала қостарындағы жұмыс басында. Сондықтан да комиссия құрып, бір жағын озім, бір жағын Қожексін басқарып, совхоздың партком мүшелерімнен бірге тұксеруге аттандық.

Кожекен кімнің кім екенін, кімге кім жақын, кім шындығын айтады, кім кімді жақтаиды т.б. бөрін де алаканға жайғандай айтып берді. Бұл арызды жан-жакты тексеруге, дүрыс, объективті қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Тексерудің нәтижесімен аудандық партия комитетінің бюро мәжілісі откізілді, тиісті шаралар алынды. Ал арыз иссі болса, біздің тексеру қорытындымызға різа болмай, Орталық партия комитетінше шагым жолданты. Сол бойынша облыстық партия комитетінен жаупты қызметкер келіп, қайта тексеру жүргізіп, біздің жасаган қортындымызды толығынан қуаттап кетті. Онысымен түрмай, ол әдсі арызшының үйінс барып, қонақ болып, бір қойын шығындарып кетті.

Біз Кожекенмен Байганин ауданы тарап, Темір территориалық ауыл шаруашылығы ондірістік басқармасы құрылған кездес 1963-1964 жылдары Темір қаласында бір үйде корші түрдүк. Бір қазаннан ас ішіп дегендей, отбасымыз, балаларымыз араласып, тату-тәтті қүй кештік. Кожекенің үйіндегі Қаншайым жеңгеміз ашық, ақ жарқын, адам жатырқамайтын, копишил адам болатын. Кожекенің жастай қайтыс болған Оладан деген інісінің жалғыз баласы Серік пен оның өжессін қанаттарының астына алып, бағып, тәрбислеп, оз қолы оз аузына жеткенше қамкорлық жасап, жесе үй қылып шығарғанын бүкіл жүрттың бәрі біледі.

Біз әр уақытта Кожекенмен сол Темірге кошіп келген ауылдың 2-3 үлкен агаларын шақырып, қонақ еткеніміздс, ол кісі: “Шырактарым, біздерді үнемі шақыра бергеншс, сл басқарып отырған агаларынды да үмытпаған жон,” - дейтін. Біздің жастығымыз шыгар, бастық шыгару - жағымпаздық белгісі деп ойлайтынбыз. Қамкор ағаның бұл да бізді сл, адам, орта танысын деген тілсігінен тұган ойы екен гой.

Кожекенің асылдың сынығы, тұлпардың тұяғындағы балаларын коргеніндс, сонау алыста қалған жылдары, тату-тәтті

бірге откізген күндері, асыл ағаның бейнесін сәмізге ала-
мыз.

Халқының мақтанышы болған ардақты азамат, ұзак жыл-
дар бойы үстаздық стксн, партия, совет қызметінде мінсіз
сібеск сіңірген Қожексенің ұмытылmas кслбеті халқына, еліне
қызмет стстін азаматтардың талайына үлгі, өнсеге болмак.

Мұхамбет Молдағазин,
дербес зейнеткер

НАҒАШЫ ЖҮРТЫ – БАРАҚ БАТЫР

Кожабай ағамыз біздің әuletке туыстық жағынан жиен
болады. Біздің тегіміз аталарымыз Табын руы Сатыбалдыұ-
лы Барап батырдан тарайды.

Кожабай ағамыздың анасы Сарыалтын біздің апамыз бо-
лады. Әкем Молдагазы айтып отыратын, біздің аталары-
мыздың жақсы қасиеттері апаларымыз, қыздарымыз арқы-
лы жиендерімізгс дарыған десп.

Кожабай ағамыздың анасы Сарыалтын апамыз бізді өлген-
ше төркін қылып жақын тұтты. Апамыз оте сабырлы ақыл-
ды адам еді. Әксем Молдагазы Қожабай ағамыз соғыстан
келгесін “Данқ” орденінің толық кавалері Ешбаев Сәрсен-
ғали ексуіне оғіз соыйип, ат шаптырып той жасады. (Ешбасев
Сәрсенғали да бізгс жиен еді.)

Кожабай ағамыз біздің семьямызды үлкен қамқорлыққа
алып, материалдық жәрдем беріп отырды. Қожекен Жарқа-
мыс орта мектебінде үстаз, мектеп директоры болғанда сол
мектепте оқыдым. Кейіннен партия, совет органдарында
жоғарғы басшылық жұмыстарға ауысты.

Қожексен ағамыз оте кішіпейіл, сабырлы адам еді. Мол
қабілеті, білімі бола тұрса да жоғарғы мансапқа ұмтылмай-

тын еді. Созді коп тыңдал, аз сойлейтін. “Алтай” совхозында, кейіндес жаңадан үйымдастыран “Дияр” совхозына директор болып жұмыс жасап жүргенімде жұмыс бабымен ауылға, үйге жиі келіп тұрды. Бар ақылын аямай, сабырмен түсіндіріп отыратын.

Кожекенің бірден-бір жақын нағашысы ретінде біздің өулестті Қаншайым женгеміз де қатты сыйлайтын.

Еліңс, туған жеріңс қалтықсыз қызмет етіп, артына жақсы соз қалдырыған Қожекен ескес түскенде “Топырағы торқа болсын, пейіштес нұрын шалқысын”, дсп іштей дуга оқимын.

Бозша Әділов,
соғыс және еңбек ардагері

БАЛА КЕЗДЕН БІРГЕ ӨСТІК

1934-35 жылдары сксуіміз бір класта оқыдық. Тату-тәтті қатынаста болып, қимас дос-жолдас атандық. Бізбен бірге Мұқашев Жанабай, Нұрмаганбетов Алпысбай, Аманжолов Әжібай, Оразалин Ермекбай, тагы басқа азаматтар оқыды. 7-класты бітіргенін кейін өркім әр жаққа білім, мамандық алу мақсатында аттанып кете барды.

Қожекен мектептес алдыңғы қатарлы озат окушы атанды. Тәртіпті, қатар құрбыларына сыйлы, беделді болды. Онша коп сойлемейтін, орынсыз ешкімге тиіспейтін, мінезі салмақты еді. Мен 1938-39 оку жылында Актобе қаласындағы орыс-қазақ педагогикалық училищесін түсіп, оны 1941 жылы бітіріп шықтым. Мен Қожекен бір жыл кейін Ж.Мұқашев екеуі Ақтөбедегі 2 жылдық оқытушылар институтының тарих факультетіне түсті.

Ұлы Отан Соғысы басталған күннің сртесінс барлық оку

орындарының тулектері мен студенттерін облыстық ескери

комиссариатқа шақырып алғып өртүрлі өскери оқуларға жіберіп жатты. Сонда Қожабай досымды көздестірдім. Содан кейін одан коз жазып қалдым.

1946 жылдың мамыр айында соғыстан елге аман оралысымен-ақ бірге оқыған жолдастарымды, оның ішінде Қожекенің іздестірдім. Керсмет жаңалыққа кенелдім. Ол Совет Одағының Батыры атағын алышты. Озі бітіре алмай кеткен институттың тарих факультетінде оқуын жалғастырып жүр екен. Кейін оны бітіріп, ауданда жетекшілік қызмет жасады. Онымен озара байланысымыз үзілген жоқ. Бас қосқан соттердес откен-кеткендерді айтып, қызық өнгімедүкен құруши сдік.

Озық ойлы, байсалды, омірді терең түсіністін Қожекенмен кейінгі өміріміз ортақ болды деуіме негіз бар. Қыз беріп, туган құда болдық.

Кептілеу Бөлтеев,
соғыс және еңбек ардагері

БАТЫРЫМЫЗ БАР БАҚЫТТЫ ЕЛМІЗ

Әлі есімде, 1938 жылы Табын ауданына қаасты (біздің аудан 1940 жылғы дейін осылай аталған) Жем орталау мектебінің 7-класын бітіріп, күзде Тсмір қаласындағы педагогикалық техникумга оқуға түстім. Осы техникумның студенттерінің қатарынан біздің ауданымыздың бірқатар жігіттері мен қыздары да болды. Атап айтқанда Жазықов Қожабай, Ізмаганбетова Дәметкен, Мырзагұлова Інкәш, Қенбасы Мүқаш, Жарасбаев Тасым, тағы басқалары.

Техникум мұғалімдері әртүрлі пәндерден мол дайындығы бар дені жас кадрлар болды. Қожекенмен бұрын бірге оқып, бірге болмагандықтан тес Қызылбұлақ ауылынан скендігін

сырттай білетінмін. Десенмен оның ауылдастарының ішінде Жамантаев Қолғанатпен, Марат Берқалинмен, Жапақпен, О. Сармановтармен Жсм орталau мектебіндс бірге оқыған едік. Мен 1940 жылы денсаулығыма байланысты техникумның II-курсынан ауылға қайтып кеттім.

Қожабай техникумды бітіріп, ауданға келіп Оймаут жағында оқытушылық қызмет атқарды. Ол Ұлы Отан соғысы басталысымен қан майданға аттанып кетті. Мен ауданға келіп партия комитетіне алдымен техникалық қызметкер, кейіннен партия қатарына откеннен кейін жауапты қызметкер болып жұмыс жасадым. 1942 жылы мен дс оз жерлестеріммен бірге соғысқа аттанып кеттім.

Торт жылға созылған соғыс біздің жснсімізбен аяқталғаннан кейін Батыс Украинада жүрген жерімнен 1945 жылдың қараша айында десмалыс алып елге оралдым. Аудан орталығында Республикамызың 20 жылдық мерекесі атальп жатқан үлкен мерекеге тап болдым. Менін соғыстан аман-ссен келген күрміме ағайын-тыстарым шукіршлік стіп, ірі мал сойып той жасады. Шешем, жснгем, інім Естілсүдің қуаныштарында шек жоқ, шайқастардан аман-сая қайтқаныма тәубө стіп, қуаныш құшағында жүрді.

Аудан орталығында откен жиында совет жауынгері, жерлесіміз Қожабай Жазықовтың Совет Одағының Батыры атағына ие болғандығы жонінде қуанышты хабар сстідім. Оның өзі де осында екен. Копшілік арасынан тауып алып амандасып, жоғары мәртебелі атаққа ис болуымен күттыхадым. Ексуіміз құшақтасып корісіп, қанды майдан жайында едәуір әңгімелестік. Қожексенің үстіндс сары шинслі бар екен, айналасына айрықша корініс берстіндей онді киімі озінс жарасып-ақ түр. Үстамды, байсалды жігіт, мәнмендігі жоқ, ашылып та, асырып та сойлемсейді. Үш-торт күн бірге жүріп мекемслерде, жеке үйлердің шақыруында бірге болып конғы көтердік.

Содан мен офицер ретінде әскери қатарда қалыңқырап, слғс 1947 жылы оралдым да аудандық партия комитетінс қызметкес орналастым. Қожексөң дс партия комитетінің болім бастығы болды, бірге қызмет атқарыстық. Аудандарды біріктіру көзінде мәденист саласын басқарды. Ал 1965 жылы аудан қайта құрылғанда ауданның партия, совет органдарында жауапты қызмет атқарды. Содан омірінің соңғы кездерінде дейін ауатком төрағасының орынбасары болып қызмет жасады.

Қожексөң ашық мінезді, ақ коніл адамдармен қарым-қатынаска құшағы ашық азamat еді. Жауапты қызметте қанша жыл қызмет жасағанда мінс з корсетіп, жонсіз талап қойды дегенді оз басым естіген смесспін. 1948 жылы Қожексөндің үйлесу тойында жан жары Қашшайымды ауылына алыш бағруға катысқаным да күні кешегідей сәмідс. Сонда шешсессі, агасы Молдагул, тағы басқа туыстары Қызылшоқыда ат шаптырып, үлкен той жасаған еді.

Батыры бар ел-бақытты сл. Оның рухы, шапағаты ксійінгі үрпақтарға дари берсін.

Атағұлла Жаналин,
еңбек ардагері, дербес зейнеткер

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Қарапайым қазактың жанұясынан шыққан қаһарман Қожабай Жазықов артына ошпестей із қалдырган дара тұлға дер едім. Ол бүкіл аудан, облысымыздың, сліміздің мақтานышы. Оның соғыстағы срлік жолдары болашақ жастарға үлгі-онсеге.

Оны сонау жылдары Родников ауданында қызмет жасаған көзімнен жақсы білсемін. Жақсы қатынаста болып,

ксійінен жеке жат болып кеттік. Ешқандай мәнмәндігі жок, асыра сойлуді білмейтін, салмақты азamat еді. Ол ісінс үлкен жауапкершілікпен қарайтын. Бірсуді корс алмау, сыртынан жамандау, кокіректе кес сактау сияқты коріністерге жаны қас еді. Сыйласып оттік, әңгімелері әсерлі еді.

1965 жылдан бастап партия, Совет органдарында бірге қызмет жасастық. Оны бәрі дс құрметтеп үлгі тұтатын. Ешкімғе қиянаты жоқ, ақ пәйіл азamatпен жолығып сойлесуге бәріміз де құмар болдық. Оның жарқын бейнесі құні көшегідей коз алдында тұр. Туган слінің, халқының, үрпақтардың жадында мәнгі сақталып, жарқырай түсстіндігіне шеш күмән жоқ.

Қалдыбай Төлебаев,
соғыс және еңбек ардагері

ПЕЙІЛІ КЕҢ ҚАЗАҚТЫҢ ДАЛАСЫНДАЙ

Озім жасының үлкендігін еске алғаным ба, әлде бір-бірімізді қадірлей сыйлайтындығымыз ба, әйтсеүр оның есімін толық атамай ылғи да Кожекен дейтінмін.

Менің қадірлі Кожексінім жонінде кезінде баспасоз бетінде талай хабарлар берілді. Олардың бәріндес дс оның оз Отаның қорғаудағы срліктері, ата жаумен шайқастағы батылдығы мен ожеттігі, олімнен қорықпай, оған қасқайып қарсы тұратын батырлығы туралы накты деректер айтылып, оның срлігі бүкіл слімізге паш етілді. Кожекен Совет Одағының Батыры атанды. Демек, Кожекен халқымыздың мақтанышына лайық, ардакты ұлы бола алды. Сондықтан да аудан жүртшлиғы озінің осы батыр ұлын сш уақытта есінен шығармай, құрметтейтінінс мен көміл сенемін.

Кожекенді мен ертсектес сонау согыстан бұрын Жарқа-

мыс мектебінде оқып жүрген балғын балалық көзінсін білемін. Ол кездे біздер осы Байганин топырағында бірге сибек еттік, бірге қызмет істедік. Тіпті омірінің соңғы сәттерінде жан жары-Қаншайым женгей, баласы Балғалимсін бірге актық демі біткеншіс мен де қасында болды.

Ардақты ағамыздың омірі тұтас тарих. Оның бәрін баяндау мүмкін емес. Мен оның соғыстағы ерліктері емес, озім білстін, адамдар гибрат аларлық адамгершілік, азаматтық ксійір жаксы қасиеттерін соз етпеклін. Қожекен қазагымның кең даласында пейілі де кең, менмендігі жоқ, кішіпейіл азамат еді. Ол осы қасиеттің коп жыл бойы жауапты жұмыс участкелерін басқарған кездес корсете білді. Қанша жыл бойы қатар қызметтес болғанда оның дауыс котеріп керіксенін, не адам намысына тиистін қатты соз айтқанын сстігенім жоқ. Қашан да оның кабинстінде кірген адам одан ризалық ксійіппен, жайдары қалыппен шығатын еді. Мен ол туралы оны жамандаған, не оны гайбаттарап осектеген созді де ешкімнен естіген емесспін. Ол озінің қарауындагыларға бағыныштылармен ешқашан да дауыс котеріп, кейіп, ашу шақырып сойлесспейтін. Жай созбен-ақ оның кемшілігін айттып, жұмысты қалай жаксартуга болатынын түсіндіріп отыратын.

Ол жұмысты берілс істейтін еді. Басқаны айтпағанның озіндес оған қайтыс болар қарсаңында бір кездескенде мен:

- Қожекен сырқаттанып жүрсіз гой, жүдеп кестіпсіз. Демалыс алмайсыз ба, си болмаса биуллестень алып, күтініп, дем алу керек қой. Ен дұрысы жақсы білстін дәрігерлерге корініп, смделу қажст қой, - дегенімде ол:

- Ой, жас үлгайған соң организм әлсірейді гой. Бұрында остип шамалы ауырып, кейін сауығып кетіп жүрестінмін. Не қылар дейсін. Әлі-ақ тәуірленіп кестермін, - десп еді.

Осы кездескенсін кейін коп үзамай-ақ қайтыс болды. Сойтіп, соңғы демі біткеншіс, жұмыстан қол үзбеді гой жарықтық.

Кожекен дүниесе, ақшага қызықпайтын еді. Оған мысал, 1981 жылдың басы еді. Ағамыз ол кездे аудандық Советі атқару комитеті председателінің орынбасары болатын. Ал, мен аудандық өлсүмстік қамсыздандыру болімінің менгерушісі едім. Жұмысымыз тығыз байланысты. Бірде жұмыспен кірдім. Басқа адам жоқ екен. Біраң өнгімслессіп отырдық. Соз арасында мен оған:

- Қожексе, Сіз Отан соғысының ардагерісіз. Оларға байланысты шыгарылған бір окімет қаулысында соғыс мүгедектері 55 жаста пенсияга шыға алады. Одан кейін де жұмыс істей беруіне болады. Ондай болған күннің озіндес пенсиясын да, жалақысын да түгел алады, - деслінғен. Сіз 60-тан асып барасыз. Неге осы жснілдікпен артықшылықты пайдаланбайсыз,- дегенімде:

- Азға береке берсін, сксуін бірдей қармап қалайын деп жүрмін бс, өзірғе жұмыс істеп жүрмін гой. Жолдасым сксуіміздің айлығымыз озімізге жетсі, - дей салды. Қожексен үлгілі шаңырактың үлкен басшысы еді. Педагог мамандығы бар ағамыз інілері мен балаларының лайықты тәрбисшісі бола білді. Оларға үнемі ақылын айтып, бағыт-бағдар бсріп отыратын. Сондықтан да болар Қожексенің інілері мен балаларының бәрі жоғарғы оқу орындарын бітірді. Лаурасы медицина институтын қызыл дипломмен бітірс, Тамарасы мен Мақпалы жоғарғы білімді педагог мамандығы бойынша алып шықты. Ұлдары Балғали мен Теміргали да жоғарғы білімді маман. Үш қызын да озі барында құтты үяларына қондырып, экслік борышын отседі. Екі ұлы да озі барында үйленді. Казір бұлардың бәрі дс үлгілі отбасы башшылары. Олардан тараған Қожексенің немереслері осіп-оніп келеді.

Қожексен еліміздің сыйлысы еді. Оны Абай атындағы совхоздағы алғашында озі дөріс алған орта мектепкес Батырдың есімі берілген салтанатта кордім. Сонда жерлестері мен

туыстары жөне балалары Қожекең жоніндеңі жан тәбірлесрлік естеліктер айтып, мектептен Жазықов Қожабайға мұражай болмессін жабдықтады.

Соз сонында айтарым: бойына адамшылық қасиеттер мол дарыған, сл мактандыши болуга лайық Қожекең батырдай перзенттер Байганин жеріндс түа берссе скен деймін.

Мәжит Тәжіғұлов,
“Бейбітшілік және келісім
кеңесі” қоғамдық бірлестігі
Ақтөбе облыстық филиалының
президиумының төрағасы

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ АҒА

1978 жылдың күздіндс мәні Байганин ауданына қызметкес ауыстырды. Мұнда әуслі аудандық Қенес атқару комитетінің төрағасы, екі-үш жылдан кийін аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет жасады. Осында келген соң менің алғашқы жақсы танысқан адамым, уақыт отс келе ағалы-інілдесін сырлас болған кісім – Қенес Одағының Батыры Қожабай Жазықов еді. Сол кезде ол аудандық Қенес атқару комитеті төрағасының орынбасары болатын. Бізді жақындастыра түскен тағы бір жағдай: скуіміз үй арасында үй жоқ корші тұрдық.

Қожекең өтс парасатты, жайсаң жанды, жұмсақ мінсзді кісі еді. Солай дессек те, жұмыс бабында тортіп пен жауапкершілікті қатаң талап еттін. Ол озі басқаратын мәденист, ағарту, денсаулық сактау мәсслелерінс жіті назар аударып, бұл салалардың жәй-күйін жетік біlestін.

Атқару комитетінің мәжілістеріндегі пікір таласы түа қалса, Қожекең озінін анық білстін жағдайларынғана соын еттін жәнс айтқан үсыныс-пікірінен айнымайтын. Қожекенің ағалық ақыл-қенесі менің аудан жүргішілігымен жақын арасында, сл мен жерді бір кісідсін танып білуіме ықпал

стті. Кожскеңмсң қатар қызметтес, жақын досы болғанымды мен әрдайым мақтаныш стстінмін.

Кожекенің зайыбы Қаншайым женгеміз де алаштың озық ойлы, үлгілі қыздарының бірі сіді. Екі жақсы адамның отбасынан өрбіген үрпақтары бұғіндес сл таныған азаматтар болып отыр.

Ара-тұра Байганин ауданына сапарлай қалсам, үзақ жыл қызмет жасаған ортам маган ерекше ыстық корінеді. Ескі достармсң сағынысып табысамыз. Солардың арасында абзал ага Кожабайдың болмауы конілғс қаяу. Озім тұрган үйді барып коргенімдс, қасында Кожекенің мекені де тұрады. Кожекен үйден жайлап басып шығып, жаныма күлімсірей келіп, жанға жылы әзіл айтатындаи болып козімс слестейді. Кожекенің туганына 75 жылдығын аудан орталығында атап оту тойын откізді.

Кожекен ағамыз Қаншайым женгеміз сксуі жақсы үлмен қыз тәрбиелеп осірді.

Кожекен ағамыз бен Қаншайым женгейдің қамқорлығын еш уақытта ұмытпаймыз.

Келешекте біздің тәуелсіз Қазақстанда Кожекендей үлдар коп бола берсе, иншалла, ешкімнен кем болмасымыз анық.

**Нұрдәulet Ермеков,
зейнеткер**

АҒАНЫҢ АЯЛЫ АЛАҚАНЫ

1945 жылдың қоңыр күзі еді. Мәденист колхозының “Оймақшы” деңеген қыстауында тұратынбыз. Үлкен әкем Ұбырашқа сәлем беруге барғанда, қуанышты сөтке тап болдым. “Қызылбұлақ” колхозынан Кожекенің ағасы Молдагүл бастаған бір топ адамдар келе жатыр скен. Ішінде Кожабай, Есен, Әлден агаларымыз бар болып шықты. Ата-

мыз осы хабарды сстіп үйде отыра алмай, бұқіл ауылға жар салып жатты. 9-10 жасар балалар не істерге білмей аңтарылып тұрганда, атамыз “Барындар, алдарыннан шыбып қарсы алындар! Пәншістерді жсніп, елге аман-есен қайтып келс жатқан ағаларынды көріндер,” - дсп біздергс жол сілтеді.

Сол кездегі колхоздың торағасы Жармаганбетов Сәрсеннің үйымдастыруымен қонақтарға құрмет корсетіліп, кішігірім той болды. Жаумен талай шайқасқан ағалардың, әсіресс Қожекеннің әңгімелерін тыңдал ұлксн әсерге бөлснгснім әлі есімде.

Кейіннен Қожабай ағамыз мектеп директоры болды, аудандық ортүрлі мекемелерде қызмет стті. Батырға лайық байсалды, салмақты, бауырмал, кішіпсійл адам еді. Ел ағасы болды, оның ақыл-кенесстерін коп коріп, талай қамқорлығына болсндім.

Біздің туган-туыстарымыз 1937 жылдың нәубестінің талай зардаптарын шекті. Соғысқа кеткен 4 ағамыздың бірсүі гана қайтып оралды. Біз жоқшылықты, жетімдікті бастан кешіп остик. Сондай қамкоңіл көздерде қол үшын беріп қатарымыздан кем болмауга, білім алуға, тұрмыс құруға қамқорлық жасаған Қожабай ағамыз еді. Ағаның аялы алақанының табын сезініп оскен үрпақпыз!

Эра Канафина,
Ақтөбе облыстық баспасөзде құпиялықты сақтау басқармасының бұрынғы бастығы, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ...

“Жақсының аты олмайді” деген соз бар.

Ұлы Отан соғысының Батыры Қожабай Жазықов пен бұрынғы облыстық атқару комитеті торағасының орынбасары Физзат Ибатовтың бақильтық болғанына да коп жылдар откенимен, олардың есімі әлі де ел аузында, коп конілінен ошкен жок. Екеуі қызметтес, сыйлас болған жандар еді.

Қожексң омірден откенде Физзат Ибатұлы оның отбасымен жиі хабарласып, зайыбы Қаншайымның, балаларының амандығын біліп әрі қолынан келген жәрдемін корсетіп түрді.

Қай кездес дс жиын ортасында Қожекенді үнемі есіне алып: “Жұмыстағы іскерлік қабілестімнен козға түскен косым, қалың жүрттың алдында сойлесіндегі шешен жоңс тума-туыс, дос-жаран, жолдастарының арасында беделді болған мінезге бай азаматтың бейнесі мәнгілік ұмытылмайды гой деп айтадын.

Батырга белгі орнату жонінде Қаншайыммен жәнс мүсіншімнен сойлессіп, ескерткіштің қандай болуы, қай жерде орнатылуы көректігі турасында көңес береді. Ал мүсінші бұрынғы Қазақстан орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шаяхметовтың баласы болатын.

Қазір Физексң озі де ортада жок. Бірақ сол бір ескерткіштің корген сайын, кейде бір онашада асыл азаматтардың бейнелері қатар еске түседі.

“Жақсы адамның скінші омірі сл аузында жасайды” дейді. Тағы “Халық айтса, қалт айтпайды” деген смес пе? Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жаумен шайқаста Кеңестер Одағының Батыры атағына ие болған Жазықов Қожабайды “дүниес түрганда ешқашан ұмытылмайтын адам” дер едім.

Марқұм Қожекен дс, Қаншайым да омірден сртерек озды. Бірақ, “орнында бар, оналар” дегендегі, олардың балалары ардақты әкс-шешсінің жоғын білдірмей, орнын жоқтатпай, жақсы істерін жалғастыруда. Қенже қызы Мақпал – Ақтөбедегі Қ.Жұбанов атындағы университетте жас үрпақты оқытып-тәрбиелсейтін ага оқытушы. Ортаныш қызы Лaura – адам оміріне араша түсстін абзал дәрігер. Ұлы Балғали мен келіні Мәрия – оқытушы. Батырдың осіп-онген үрпағы отбасының тағылымды онегесімен үлкендей сыйлап, кішіні ізет тұтады.

Менің аналық әрі апалық тілегім: осылар аман-есен журіп, сәбекте абырайлы бола берсе екен деймін.

ΥΡΙΑΚΤΑΡ ΥΗΙ

Балғали Жазықов

“АЛДЫМДА АСҚАР ТАУ БОП СЕН ТҮРАСЫН”

Тарих үлкен таразы. Жылдар жылжып, уақыт откен сайын бүгінгі үрпақ оқслер даңқын, адам бақыты үшін бақыл болғандардың срлігі мен орлігі жайында қанша шежірс, қаншама дастан жазса да артықтық стпссі анық. Мен үшін әкемнің асыл бейнесі коз алдымнан кетпейді. Мен кешегі “ат ауыздықпен су ішкен, ср стікпен су кешкен” шакта әкемнің қас жаумен айқасқан көздерінен, озі айтып кеткен омір жолдарынан сімде қалган эпизодтарын айтқалы отырымын. Аласа бойлы, арықша келген жас жігіт, асып-тасыған күші де жоқ. Бірінші рет 1942 жылы желтоқсанда онтүстік Батыс майданында ұрысқа кіріпті. Айтуынша “ұрыс дала-сында тыныштық сәл орнаган сияқты, анда-санда бір-екі жау самолеттері үстімізден ерсілі-қарсылы ұшып отіп жүр, бір кезде күн батар жағымыздан коп самолеттер корінеді деген старшинамыздың даусын естідім дс, трашсяға түсіп, орнымды ыңғайластыра бастаған едім, тобсмізден бомбалар жауа бастады. Коп ұзамай жау солдаттары біздің бескінісімізге лап қойды. Олар 100-150 метр жергес жақындағанда оқ ата бастады. Майдандас жолдастарым Сергеев, Кузнецов, Ивановтар “ал Коля мықты бол” – деп жауға қарсы оқтарын боратты, мен дс кірісіп кеттім. Бір кездес сол жақ қанаттағылар, Мария Михайлова сан-инструктор шыгар дейім ұмыт-

пасам. “Коля, сен тірімісің, неге қозғалмастан жатып алдың?” деген даусын естідім, бірақ сойлеуге “қорықтым ба?” өлдес шынымен жарақаттымын ба? Еш жауап қатпастан шалқамнан жатырмын. Арада бір-екі сағат отті ме, өлдес одан да кобірек пе, дәл білмеймін козімді ашсам далалық госпитальда жатырмын. Бұл менің бірінші үрысқа қатынасуым еді жоне қол мен аяғынан женіл жарақат алдым. 1943 жылы қай ай екенін есімде жоқ, біздін полк және дивизия Днепр озенінің жағасына жеттік. Бөрімізді де ойландырған бір-ак мәссле. Қалай Днепрден отеміз деп отырғанымызыда офицерлерді дивизия командирі шақырып жатыр деген хабар да келді. Эр полктен жиналғандардың арасында мен де бармын. “Барлығынды жинағаным – деді, дивизия командирі Пресманов: Отанымыз бізге зор құрмет еснім артып отыр, Днепрден бірінші болып біздін дивизия өтуі керек. Ол үшін Радуль деген жерден откел жасауымыз керек, бізге дейін де бұл жерде басқа дивизия жауынгерлері болған екен, бірақ олар ештеңе шығара алмады, себебі жау үнсемі қатер тондіріп отырған”. Мен взводыммен 4-5 күн барлау жұмыстарын жүргіздім, тұн жамыла балықшылар қайығыма мініп 30-40 адам келесі жағаға бет алдық. Днепрдің қакортасынан аса бергенімізде немістер траншеясында оқ борратты. Жағаға 15-20 адам жеттік. Үн-тұнсіз алға жылжып клеміз, бір кездे жау батареясын байқадық та күзетшісін жойып жертолеге кіріп келіп үйықтап жатқан он шақты неміс артиллеристерін түткындадық, арасында бір унтер офицер бар. Оларды озіміздің жаққа апару үшін Сидоров, Кузнецовтарға бүйрық бердім де, екінші шепкес жеттім. Осы кезде біздің жақтан “Катюшалар” іске кірісті. Амал не құдайымызыга бір сиынып алып, бослешімізден балшық аралас суга етпестімізден жата қалдық. Катюшаның концерті аяқталды-ау деген кездес жақын жердегі траншея ішімн блиндажға

кіріп келдім, келсек немістер әлі естерін жинай алмай, сасқақтарап не істерін білмей, “Орыс гуд, Орыс гуд! Гитлер капут” дегенмен басқа сштене айтпай қолдарын көтеріп түр. Мінс, осы операция үшін маған “Қызыл ту” ордені берілді, жолдастарым “Медаль за отвагу” орденімен наградталды.

Ұмытпасам 1945 жылдың жаз айы, ол кездес Байганин аудандық партия комитетіндес нұсқаушы болып жұмыс істеймін. Кабинетке Мұқашев Жанабай “Известия” әлдес “Правда” ма газеті қолында “Сүйінші, Сізге Отанымыздың ең жоғарғы наградасы беріліпті!” — деп кіріп келді. Арада коп уақыт отпей-ақ Мәскеусуге де шақыртты. Мінс, Мәскеу қаласы. Кремль, маршалдар, генералдар, офицерлер мен сијакты азаматша киінгендер бірінен кейін бірі барып мінбесден наградаларын алыш келіп жатыр. Бір есімде қалғаны Н.Шверник қолымды қатты қысып, А.Горкиннің омырауына Алтын жұлдыз таққаны.

- Әкес, осы сіз “Отан” деген создің мағынасын қалай түсінессіз деп сұрағанымда ол — Балам, туып-оскен, бала-лық шағымды өткізген Жем бойы, озім омір сүріп, жұмыс істеп жүрген ортам, бала-шагам орген Ақтобе облысының жері мен үшін Отан. Осы жерден Отаным басталады. Бірақ, Отан дегеннің шегі, шті жоқ.

Тағы бірде әкесін анама: “Қаншайым мен осы бақыттымын-ау деймін. Ойткені от-жалынға оранған сұрапты согыстан аман-есен слғе келіп, қой үстінс бозторғай жұмыртқалаган осы заманды да кордім. Тек тәнірім біз корген қасіретті балаларым, немерелерім кормессін деп тілсеймін. Еліміз бен үлтұмыздың болашағы солар гой. Солар тыныш күнде оз Отанына, халқына қызмет стіп, аға үрпактың ізгі дәстүрін жалғастырса екен, бабалар рухына сай азамат болып өссе екен деп ойлаймын”, - дегенін естіген сідім.

Міне ерлік дастаны осылайша үрпактан-үрпаққа жетіп келседі.

Омір көшінің керусні қанша алға жылжыса да, менің көз алдымнан әкемнің асыл бейнесі кетпейді. Базарлы оміріздің жарқын күні - Женіс күнін жақындаған әке данқы, халқының ұлы бола алған азамат данқы елінің ішінс тарап отыр. Әкес данқы ғасырдан-ғасырға кетері хақ. Соның бөрінде алдымда аскар тау боп сенің бейнсң тұрады.

Тамара Жазықова

ӘКЕ МЕЙІРІМІ

Әкем Кеңес Одағының Батыры Жазықов Қожабайдың майдандагы срліктері туралы аз жазылып жүрген жоқ. Жерлес жазушымыз М. Құрманалиннің “Ерлік жолы” деректі повесіндег әкемнің соғыс алдында қарапайым мүғалім болып жүрген кезінс бастап, майдандагы ерліктері толық суреттелген. Ал әкеміздің бейбіт өмірдегі сәбекінің озі бір бөлек әңгімс... Еңбектес жолдастарының, қатар құрбыларының сстеңліктерінен әкеміздің жайсан мінезді, кішіпейіл жан екенін көреміз.

Балалық шақты еске алсам, алдымен әке мен бала арасындағы маhabbatқа толы шуақты қундердің жылышының әлі күнге сезінгендей боламын. Әсірессе, жоғарғы сыныптарда оқып жүргендег әкем менен болашақта қандай мамандық алуға талпынып жүргенімді сүрай отырып, озінше жол сілтегені әлі есімде. Әрқашан мектепте, институтта болып жататын қызықты кештер, пікір-таластар туралы айта отырып, әкемнің пікірін кобірек тындауға тырысатынын. Сол кездес әкем тек тындаушығана смес, ақылшы да бола білді. Мұның өзі әкемнің отбасына деген үлкен құрметі, балала-

рына деген ерекше мейірімі скен гой. Отбасындағы әртүрлі проблемаларды шешуде де балалардың ұлксандерін қатыстырып, біздің жәнс анамыздың пікірімен әрқашан санасып отыратын. Ал анам Қаншайым ексуінің арасындағы сыйластық озім де ана болып, бала сүйіп отырган маган үнемі үлгі. Мен балалық, жастық шағымда ата-анам берген тәрбисеге сүйенс отырып, балаларымды мейірімділік, адамгершілік, отансүйгіштік қасиеттерге баулуга тырысамын. Оларға әрқашан ата рухы жар болсын деймін.

Лаура Жазықова

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Абзal әкеміз Қожабай Жазықов 1920 жылғы қыркүйксте қазіргі Ақтобе облысы, Байганин ауданындағы Коктүбек ауылында қарапайым шаруа Жазық пен Сарыалтынның отбасында екінші үл болып дүниеге келіпті. Арғы тегі - Қалмақтың ханы Контажыны жекле-жекте олтіріп, данқы бүкіл кіші жүзгө тарапған Бұжыр бабамыз. Әкем сол жарықтының сегізінші үрпағы.

Атам Жазық кенжессі жасқа жетпестен дүниес салады да, екі ұлын әжем Сарыалтын тума-туысқандарының ортасында өзі осіріп, ер жеткізеді.

Папам балалық шағын терең толғаныспен сске алып отыруши еді. Ол кісі дүниеге келерде ауылына үш қожа ксліп, қонақтап жатады. Соның құрметіне есімін әкесі Қожабай деп атапты.

Еліміз ашаршылықтан күйэслеген шақтарында да балаларының оқу оқып, азамат болғанын коксепті. Әкемнің жақын інілерінің бірі, әлі козі тірі, соғыс ардагері Қалимагамбетов Нұран атамыз балалық кездерін былай дсп есіне ала-

ды: “Әлі есімде, аштықтан аман қалған қырық шақты бала оку іздеп, арып-ашып, біздің ауылдан 140 шақырым жердегі Конжар балалар үйіне он күн жаяу жүріп, өрсөн жеттік. Жаны жаннатта болғыр Қожекен жолшыбай әбден әлсіреген бізді анда-санда арқалап алып, аяғымызды сұтып отырушы еді. Сол балалар үйінде оқып, тәлім-тәрбие алдық”. (Байганин аудандық “Жем-Сағыз” газеті, №26, 25.10.95 ж. 2-ші бет.)

Мектеп бітіргесін, Темірдегі педучилищеде оқып, содан соң бастауыш сыныпқа мұгалім болып қызметке орналасады.

1941 жылдың маусымында сұрапыл соғыс басталып, қару үстaugа жараган ср-азаматтар майданга аттанады. Кокем Молдағұл (папамның ағасы) денсаулығы жарамай елде қалады да, әкем 1942 жылдың қантарында әскерге аттанады.

Кішкене бойлы, арықша келген, қарапайым қазактың қара баласы намысты қолдан бермей, ата-бабаларының ауағы қолдап, үш жарым жыл қан кешкен майданнан халқы алдындағы борышынabyroyымен орындалған БАТЫР болып оралады.

Бүкіл Байганин онірі, туысқандары, ауданнан шыққан жалғыз Советтер Одағының Батырын мақтанышпен құшак жая қуанып қарсы алады.

1948 жылы үстаздар институтында оқып жүріп, Оралдың Жымпіты ауданынан келіп, оқып жүрген, біздің болашақ анамыз, 21 жасар Қаншайымга үйленеді. Қалындығын елге әкеліп, Қызылшоқыда ат шаптырылып, дүбірлі той жасалады.

Екеуі отыз бес жыл қосақтасып, сыйластықта, мағыналы, тату-тәтті өмір сүріп, 5 бала тәрбиелеп өсірді. Әкем коп жылдар бойы партия, Совет, атқару комитеттерінде адал қызмет жасап, халқының құрметін ақтады.

Анам айтқандай “... бармын деп таспады, жоқпын деп саспады...”

Бірге қызметтес, жолдас болған замандастарының барлығы да бір ауыздан әкемнің ақжарқын ашық мінезін, ақ көнілін, парасаттылығын, инсін жасуындаі да пендешілігі-күншілдігі жок, ары таза азамат скендігін айтып “жаны жайсан, пейілі қазақтың кең даласындаі еді” деп отырады.

Артында ошпестей із қалдырыған дара тұлға әкеміз 1982 жылдың қыркүйегінде дүниесден отті.

Абзal анамыз 1995 жылы козі жұмылғанша үстаздық етіп, шәкірттеріне, балаларына, нәмерслеріне қастерлі қасиетті мол әке омірінің әр белестерін үздіксіз түсіндіріп, оларды халқына сыйлы азамат болуга баулыды. “Орны бар – оналар” дегендей тұлғасы бәйтеректей әкенін жапырағы жайқалып, ксійінгі үрпактары срек сіңбесін ұмытпай, атын қастерлеп келеді. Өзі оқып, білім алған, қазіргі Байганин ауданының Абай атындағы қыншарының орта мектебі Кожабай Жазықов ссімінде. Байганин поселкісіндегі орталық көшелердің бірі, Ақтобе қаласындағы тағы бір коше Батыр әкеміздің атында. “Ер ссімі-ел есінде” деген осы емес пе?!

Тұған елі мен халқының құрмстіне бөлсөнген әкеміз Қожабайдың есімі кейінгі үрпактардың да жанында мәңгі сакталып, жарқырай түсетініне сенемін.

Мақпал Жазықова

РУХЫНА ТАҒЗЫМ ЕТЕМИН

Ұлы Отан соғысының Женіспен аяқталғанына да жартығасырдан асты. Бұл мерсекені бүкіл дүнис жүзі атап өтті. Сол қырғында талай боздақтарынан айырылған қазақ халқы

үшін бұл мерекенің орны ерекшес. Ата-әкелеріміздің ерсен ерлігіне тағым стіп, оны кейінгі үрпаққа жеткізу – бөріміздің қасиетті борышымыз.

Женіс күнін жақындату үшін күресіп, сол соғыста Кенес Одағының Батыры атанған әкемнің - Қожабай Жазықовтың омірі, майдандағы срлігі, жалпы жорық жолдары туралы озінің көзі тірісінде де, кейінгі кездері де өр жерде жазылып жүр. Шағын мақалалармен қатар белгілі акын-жазушылар Мұхтар Құрманалин, Сабит Баймөлдин агаларымызың коркем шығармалары да жарық көрді.

Біз әкеміздің көзі тірісінде одан майдан эпизодтары, жорық жолдары туралы коп сұрамаппымыз. Озі де соғыс туралы коп айта қоймайтын. Кейін анамызың қолында сарғайған құжаттар мен фотосуреттерді қарай отырып, әкеміздің жорық жолдары, қарулас жолдастары туралы мағлұмат алғандаймыз.

Жем бойында туып-өскен қарапайым шаруда баласы Темірдегі педагогикалық училищені бітіріп, ауылда үстаздық етіп жүрген кезінде Ұлы Отан соғысы басталып, майданға алынды. Барлаушылар взводының командирі болып, қын тапсырмаларды бұлжытпай орындалап, козге түсті. Воронежді, Украинаны, Венгрияны азат етуғе қатысып, осы жолдағы ерліктері ескеріліп, жалындаған 25 жасында батыр атанды. Сұрапыл соғыстан аман келіп, үзак жыл жас жсткіншектерді өқытып-тәрбиелесу жолында аянбай енбек етті. Омірінің соңғы күндерінс дейін еңбектен қол үзген жоқ. Байганин ауданында партия-совет қызметінде болды. Қай жерде жүрссе де, қандай салада еңбек стсе де, озінің қарапайымдылығымен, мейірбандылығымен халық арасында сыйлы болды. Әкеммен әр жылдары қызметтес, үзенгілес болған үлкен кіслердің қай-қайсысымен сойлессіп, әңгімелессен де, оның істеген жақсылығын, қамқорлығын

естіп, мәртебен өсс түседі. Әкемнің жақын жолдастарының арасында малшы, механизаторлар сияқты қарапайым сұбек адамдарымен қатар ірі ғылым қайраткерлері, әр жылдарда басшы қызметте болған азаматтар бар еді. Әкс өмірінің эпизодтарын зерттеп жүрген көзімде қазіргі үлкен ғалым-лингвист, академик апамыз Рабига Сыздықованың әкеммен бірге бір педучилищеде оқып, білім алған дерсгінс жолықтым. Осының озін зор мақтаныш стемін. Елімізге танымал басқа да көптеген азаматтар әкеммен қызметтес, жолдас, дос-жаран болған.

Олардың ішінде аттары облыс, Республика колемінс кең танымал О.Козыбасев, Ф.Ибатов, А.Әкімжанов, С.Еламанова сияқты аға-апалардың орны срекшे.

Қазіргі кезде Жазықовтар үрпағы Ақтобе топырағында халық шаруашылығының әртүрлі салаларында сұбек етіп жүрміз. Балғали мен Тамара – мектептес үстаз. Мен Мақпал – жоғарғы оқу орнында оқытушымын, Теміргали тәсіржол инженері, ал Лаура – облысқа бслігілі дәрігер, қалалық мәслихатының депутаты. Осы үл мен қыздарынан тараган 12 нesmeressінің ортасында, қара шаңырағында отырып анамыз Қаншайым 1995 жылы өмірден отті. Абзал анамыз да коп жыл бойы Байғанин ауданының мектептерінде жемісті сұбек еткен ардакты үстаз еді.

Өмірден откесніңс бірталай уақыт болғанымен, әкемізді туған слі ұмытпапты. Әкеміздің есімімен мектеп, коше аттары аталады. Мұның барлығы оның үрпактары, біздерге үлкен жауапкершілік жүктейді. Тек атасының ұлы ғана болып қоймай, слінің ұлы бола білген бәйтеректей әкеміздің рухына тағзыым ете отырып, ол кісінің атына сшқашан кір келтірмейміз деп сендіремін.

ЕСІМІН МАҚТАН ТУТАМЫН

Мен қан күйлы соғыста ерсөн ерлігімен срекшеленіп, халқының алдындағы борышын абыраймен атқарып, жалындаған 25 жасында Кснестер Одағының Батыры атанған үлкен тұлғаның үрпағы болғанымды мақтан тұтып, өзімді бақыттымын дсп санаймын.


Әксем Жазықов Қожабай мен абзал анам Нұрманова Қаншайымның кенжесі - қарашаңырактың иссімін. Өзім бала болып, ес білгелі көргенім - әкем байсалды, мсйірімді, айналасында болып жатқан оқиғаларды сараптап, ой слегінен откізіп отыратын ақылды кісі еді.

Ойлап отырсаң әкемнің - шыр стіп жерге түскеннен, көзін жұмғанша кешкен омірі оз алдына бір шежіре екен. Ол аумалы-төкпелі заманда дүниесе келіп, анасы мен жалғыз ағасының тәрбиесіндес ер жетіп, озінің жігерлілігімен оку оқып, мамандық алып, озі сұранып майданға аттанып, соғыста фашизммен шайқаста 4 рет жаракат алып, өмірдің сондай бір тозагынан тірі қалып, абыраймен сліне оралып, омірінің ақырғы күндеріне дейін халқына қалтықсыз қызмет стіп кетті.

Мен бала кезімде әкемнен аданы-мынаны сұрап жиі ма-засын алатынмын. Сонда ол кісі асықпай отырып соғыска қалай кіргенін, соғысты қай жерден бастап, қай жерде аяқтағанын, жаумен қоян-қолтық шайқасқан тұстарын, алған наградаларының қандай ерліктерінс берілгенін срекше толғаныстармен айтып беруші еді.

Әкелік өнегесінің срекшелігінің бірі - оның бауырларына, оке-шешссінс, ата-бабаларына деген сүйіспеншілігі еді. Оның: “Балам, әр адамның оз тарихы бар. Шыққан тсгін,

ата-бабанды үмітпа, қазақта “жеті атасын білмеген жетсесіз” – деген сөз бар, соны білуің керек, оны үрпактан-үрпаққа жеткізіп отыру біздің әкелік парызымыз” - дегені есімде. Өзінің көзінің тірісінде жазып алған шежірем бар еді. Соның бір түсі былай:



Жақында I-і класта оқитын балам Абзал “Ата дәстүр” сабагында 26 баланың ішінде озінің ғана 7 атасын атап бергенін айтып келгенде, әкемнің берген тәліміне тағы бір бас игендей болдым.

Тағы бір есімде қалғаны үлкен ағам балалы болып, немересі Мсійірбектің фамилиясын әкемнің атына жаздырымыз келгенде, ол: “Бір атасын балаларының, одан тараған үрпактың қолдан келсе бір фамилиядан тарағаны дұрыс,

мысалы: Романовтар өулсті 300 жыл бойы Россияны билеген, ал Черчель 5-ші атасының сағатын мұра қылып үстаған екен”, - деп өз ойын айттып еді. Қарап отырсаң бұл да ататекке деген құрметті іспетті.

Әкем өз сезіміне көп бөрс бермейтін үстамды, жауапкершілігі басым кісі болды. Сонда да кейде жұмыс барысымен, нс қызырып елге - қазіргі Абай атындағы кеңшарға, Жем бойына барғанда кең даланың торінде атқа мініп жылғенді, құс атып, аң аулағанды үнататын. Ол бізге озінің ағасы Молдағұлмен соғысқа дейінгі жылдарды тазы салып /тазының аты “Васька” болған екен/ қасқыр аулағандарын, коян, тұлқі атқандарын, сондағы өзінің жақсы мергендігін әсерлі айттып беруші еді. Маган да мылтық атуды әкем Сатыз бойына балық аулауга барған бір сәтіндес өз қолымен үйретіп еді. “Әкесге қарап үл оссер, анаға қарап қыз өссер” - дейді қазақ. Сол айтқан осиеттерін өз балаларымызға, үрпактарымызға жеткізіп отырсақ, сшқашан да үмытылмақ емес.

Осы естелікті жаза отырып, онегелі өке омірінің кейір сәттерін, ерекше қасиеттерін атап откім келді.

Артында ошпес срлігі, орнын басар үрпағы қалған Батырды халқы, слі үмытпайды десп сенсеміз!



Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 30 жыл.
Майдандас достар арасында.



Жазықов Қожабай, Сабырқұлов Әбен, Ешбаев
Сәрсенғали. 1975 ж.



Москва. Ерлік жолын еске алған сәт.



Улагатты устаздар қауымы.

МАЗМУНЫ

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ОЛМЕЙДІ

Түрікпенбай Айжарыков

Киелі топырак нерзенті.....3

Мұхтар Құрманалин

“ЕРЛІК ЖОЛЫ” деректі хикая.....17

ЗАМАНДАСТАРЫ ШЕРТКЕН СЫР

Алтынбек Әкімжанов

Зиялды замандасымның бірі еді.....88

Канишайым Шұрманова

Батырын елі құрметтейді.....94

Ақберген Атагулов

Қаһарман жерлесім Қожабай.....99

Нұран Қалымаганбетов

Балалық шақтан бір слес.....103

Нистжан Берікұлы

Жұлдызды гүмір.....109

Сматолға Беркімбасов

Есімі монгі ошпейтін азамат.....115

Орынбасар Мұнайтбасов

Кожекен - табигатында үстаз.....119

Әйлағүр Нәрікұлы

Қамкор аға.....124

Мұхамбет Молдагазин

Нагашы жұрты – Барақ батыр.....131

Бозша Әділов

Бала кезден бірге остік

132

Коңғылеу Болғеев

Батырымызы бар бакытты елміз.....133

Атагұлға Жанағаш

Халқымыздың мақтапынышы.....135

Қалыбай Толебаев

Пейілі кен казактың даласындаі.....136

Мәжит Тәжігулов

Жаны жайсаң аға.....139

Нұрдаулет Ермеков

Ағаның аялы алақаны.....140

Эра Канафина

Жақсының жақсылығын айт.....141

ҮРПАҚТАР ҮНІ

Балтати Жазыков

“Алдында аскар тау боп сен тұрасың”.....144

Тамара Жазыкова

Әке мейірімі.....147

Лаура Жазыкова

Онегелі омір етемін

148

Макнад Жазыкова

Рухына тағым.....150

Темірғали Жазыков

Есімін мақтан тұтамын.....153

Сборник документальных рассказов
Кожабай Жазыков
ПОДВИГА НЕГАСИМЫЙ СВЕТ
(на казахском языке)

Редакторы *Б. Беделханұлы*
Технические редакторы *С. Бейсенова*
Корректоры *Т. Хасенова*

ИБ № 24

Теруге 15.05.2000 ж. жіберілді. Басуға 18.07.2000 ж. кол койылды.
Пішімі 70x108 1/32. Қағазы офсеттік. Басылымы офсеттік. Шартты
баспа табағы 7. Есептік баспа табағы 6,83. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 2905.

Казакстан Республикасының Мәдениет, акпарат және қоғамдық
келісім министрлігі¹
“Елорда” баспасы, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.
“Ақмола полиграфия” жабық акционерлік қоғамы,
473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.